

ISSN 2410-6690

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

3/2015 НАУРЫЗ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Тиімді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Тотия МҰҚАШЕВА.	Білім беруде Кембридж тәсілдерін қолданудың тиімділігі.....3
Гүлназ ТҰРСЫНОВА.	Оқушыларды сын тұрғысынан оқыту тәсілдері.....11
Есенбике КАКИМОВА.	Қазақ тілі сабағында дифференциалды оқыту әдістерінің үлгілері.....15
<i>В мире педагогики</i>	
Бибинур КИСИКОВА.	Антропоцентрический подход в изучении имен собственных во фразеологии.....19
<i>Мұғалім мінбесі</i>	
Күләш РАХЫМБАЕВА.	Менің педагогикалық ұстанымым.....26
Нұргүл БЕКЕТОВА.	Бағалаудың түрлері.....29
<i>Нәрлі уыз – Наурыз</i>	
Венера НҰРМҰХАНОВА.	Наурыз гүлін сыйлау.....32
Бану БҰРШАҚБАЕВА.	Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....37
Күләш ӘБДІРОВА.	Наурыз мейрамы.....43
Клара ДӘУЛЕТБЕКОВА.	Наурыз – жыл басы.....45
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Жанар ШАРИПОВА.	Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңі.....48
Күлайн КЕМПЕРБАЕВА.	Батыр бабалардың ұрпақтарымыз.....55
<i>Бір тақырыпқа – екі мақала</i>	
Алтынай ҚАНАТОВА.	Менің ойыншықтарым.....58
Айнұр МАҚСОТОВА.	Менің ойыншықтарым.....60
Гүлзат НАЙМАНОВА.	Әдептілік – әр адамның бет-бейнесі.....64
Сайлаугүл СПАНОВА.	Әдептілік – әр адамның бет-бейнесі.....68
Миргүл РАКИШЕВА.	Астана – әсем қала.....72
Гүлнұр ЖАНБАБАЕВА.	Астана – әсем қала.....74
<i>Білім негізі – бастауышта</i>	
Гүлжанат АБАКАШЕВА.	Қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталау.....77
Дария ҚӨПШІЛБАЕВА.	Мен не білемін?.....81
Лиза БЕКБАЕВА.	Жолда жүру ережесі.....85
Орынша ИСКАКОВА.	Кәмен Оразалин. «Абай шаңырағы».....88
Жұлдыз КИКИМОВА.	Жақсылық жасай білейік.....91
Мәншүк АХМЕТОВА.	Ертегілер әлемінде.....94
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Рысты БАЙНАЗАРОВА.	Қысқы демалыс.....98
Майра ЕЛІКБАЕВА.	Менің досым.....103
Айсұлу НАЛИЕВА.	Қазақстанның астаналары.....106
Анар ШУМБАЛОВА.	«Менің отбасым» модулі бойынша орта мерзімді жоспар.....110
Гүлжанар КАМЕШОВА.	Қазақ отбасы.....115
Үмітсұл СЕРДЕНБАЕВА.	Менің ойыншықтарым.....118
Забира ДӘУРЕНБЕКОВА.	Көне түркі ескерткіштері.....124
Гүлзағира ДҮЙСЕНОВА.	Қазақстан телеарналары.....127
Гүлмира ГАБДУЛЛИНА.	Сөзжасам.....129
Айгүл СҰРАҒАНҚЫЗЫ.	Қазақстан қалалары.....132
Нұргүл ҚАЙДАРОВА.	Асхана.....135
<i>Әдеби кеш</i>	
Жарқынай ЕРМАХАНОВА.	Мәңгілік сағыныш.....138
<i>Білім сынағында</i>	
Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА.	Деңгейлік тапсырмалар.....141

Тиімді әдіс – баршаға ортақ

Тотия МҰҚАШЕВА,
А.С.Макаренко атындағы
№6 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

БІЛІМ БЕРУДЕ КЕМБРИДЖ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі таңда заманауи сабақ қандай болу керектігі жөнінде көптеген пікірлер бар. П.Ф.Кептеревтің пікірінше, өте қызықты құрылған, ойлауға және еркін отырып орындауға арналған тапсырмаларға толы сабақты заманауи сабақ деп есептейді. Бұндай нәтижеге жету үшін мен өз сабағымда оқытудың көптеген әдіс – тәсілдерін қолдануға тырысамын. Нәтижені де байқағандай болдым, дегенмен, төмен деңгейлі оқушыларға қатысты сұрақтар да орын алды. Бірнеше рет өз бетіммен бұл сұрақтардың жауабын іздедім. Алайда, бәрінің де өз уақыты бар екенін түсіндім. Курсқа келдім. Бұл курстың ерекшелігі – теорияны алдымен өзіміз машық кезінде қолданып көреміз. Осылайша, іс жүзінде оқушының жұмыс жасау барысында не сезетінін түсінеміз. Әр модульдің мәнін ашқан сайын, олардың, яғни, жеті модульдің бір-бірімен тығыз байланыстылығын көрдім. Сабақта диалогты оқытуды қолданып, басқа модульдер мүлдем іске асырылмайды деуге болмайды. Модульдердің тығыз байланыстылығы сонша, қолданылатын әдіс-тәсілдерді модуль бойынша бөліп тастау мүмкін емес.

Рефлексивті есепті жазу барысында оқыту бағдарламасының мақсатын бұдан да толығырақ түсіне бастадым. Жаңа технология бойынша оқытуға көшудің мен үшін бірнеше себептері болды. Солардың ішінде: шығармашылық қабілетті, ауызша және жазбаша тілді дамыту, сонымен қатар оқушылардың танымдық қызметтерінің төмендігі, оқу әрекетінің төмен мотивациясы. Осыған байланысты оқытудың әдіс-тәсілдерін қайта қарауыма тура келді. Осы жаңа тәсілдерді қолдануда «диалогтік оқытудың маңызы» және «қалай оқу керектігін үйретуді» басшылыққа алдым. Оқыту мен оқудағы оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыс диалог арқылы болары сөзсіз. Осы диалогтік оқыту сабақ барысында тиімді қолданылғанда оқушылар өз ойларын, көзқарастарын білдіріп, еркін сөйлеуіне, дамуына көмектеседі. Ал «қалай оқу керектігін үйретуде» оқушыға алған білімін есте сақтап, өз бетімен ізденуге және жауапкершілікке үйретеміз. Қалай оқу керектігін үйрету – оқушының «өзін-өзі реттеуі» болып табылатыны анық. Бұл үдерісте оқушылар түсінеді, бақылайды, өздерін қадағалап, қабілеттерін шыңдайды.

Шанк пен Циммерман (1994) балалардың өз оқуын бақылау мен мониторингі үдерісінде дербестігін қалыптастыруға баса назар аударады. Өз бетінше жұмыс істеу және даму ниетін авторлар метатанудың маңызды аспектісі ретінде таниды. Оқудың табысты болуы ынталандыру, әлеуметтік және эмоциялық себептер арасындағы күрделі әрекеттік пен метакогнитивті білімге байланысты. («Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2012ж. III басылым, 45-бет). Оқушылардың өзін-өзі реттеу үшін топтық жұмыстың орны ерекше болды. Себебі топ мүшелері бірге жұмыс жасауға тырысты, топта ынтымақтастық атмосферасын құра отырып, жаңа тақырыпты өз бетінше меңгеруге мүмкіндік туды.

Әр ұстаз сабағында міндетті түрде сұрақ-жауап әдісін қолданатыны сөзсіз. Сол арқылы оқушының сабақты қаншалықты меңгергенін біліп отырамыз деуге болады. Сұрақ қоюдың төмен және жоғары дәрежелі болып бөлінетін

екі түрі бар. Машық барысында байқағаным, бұрын жүргізген сұрауларымды қазір жүргізе алмаймын, өйткені ол сұрақтар төмен тәртіпті болғандықтан, оқушының мүмкіндігін жан – жақты аша алмайды. Төмен дәрежелі сұрақтар «ашық» немесе «дұрыс емес» деп бөлінеді. Ол жаттап алуға бағытталып бағаланып отырады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтарда оқушы жан-жақты ойланып, іздене отырып жауап беруге тырысады. Сонымен бірге оқушыға сұрақтар қойғанда тақырыпқа байланысты түрткі, сынама, бағыттау сұрақтар арқылы білімдерін бекітуге болады. Ал оқушының берген жауабы қате болған жағдайда, оларды бірден тоқтатып, қате деуге болмайды. Жіберген қатесі арқылы ойланып түзетуге мүмкіндік беруіміз керек. Сол қатесінен сабақ алуы керек. Немесе оларды тақырыпқа қарай бағыттап сұрақ қоя отырып дұрыс жолға түсуіне көмектесуіміз қажет. Егер қате жауабын бас изеп қабылдай берсек оқушы «мен білемінге» салынып, тақырыпты меңгермей қалуы да мүмкін. Білім берудің диалогтік тәсілдерін дамытуда мен сабақтарымда сұрақ қою арқылы оқушының: сындарлы сөйлеуіне ынталандыруға, білімге құштарлығын оятуға, сыни тұрғыда ойлауға ықпал етемін, бір-бірін үйретіп, үйренуге, пікір бөлісіп, оны құрметтей білуге, өздерін және өзгені бағалай білуге, бірімен бірі диалогтік қатынасқа түсуге, ойын жинақтап, талдауға үйренетіндігін, кез келген жағдайды шешуде мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы және өзгелер арасында серіктестік құру арқылы ой бөлісетіндігін дамыта алдым. Білім алуда пікірлесу, сұрақ қою барысында сыныптастарының айтқандары елеулі орын алады деп білемін. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу, сұраққа жауап беру – оқушылардың білім алуының ажырамас бөлігі. Оқушылардың білім алуда сұраққа жауап беруі, ізденуі, тыңдауы мен сөйлеуі арасында байланыс анағұрлым нәтижелі болатынына көзім жетті. Оқушылар шағын топтарда жұмыс жасай отырып, бір-бірімен пікір алмасып, идеяларын ортаға салып, баға бере біледі.

Бірінші кезеңде теорияны оқып-білгеннен кейін, біртіндеп сабағымды жаңа құрылым бойынша жоспарлай бастадым, содан соң мен үш айлық курс бағдарламасының идеясының өзім үшін тиімділігін анықтадым. Алғашқы күні мектеп басшыларымен, әріптестермен, оқушылармен кеңесу мақсатында отырыс өткіздім. Маған қолдау көрсеткен оқушыларым болды. Маған қарағанда олар жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуден қорықпады, керісінше, менің ұсынғанымды қуанышпен қабылдады. Балалар табиғатынан білімқұмар болып келеді. Олар әлемді танығысы келеді, өзекті мәселелерді талқылап, өздерінің идеяларын алға тартқанды ұнатады. Сабақты мұғалім мен оқушының диалогынан бастаймын, оқушының көңіл-күйін анықтаймын. Әрі қарай сабақтың тақырыбын тұжырымдауға көшуге, оқушылардың қызығушылықтарын оятатын, олардың мақсатты ойлап, өз ойларын өз сөздерімен жеткізуге мүмкіндік беретін келтіруші диалогты қолданамын. Диалог барысында мен оқушыларға олардың білім деңгейлерін білу үшін және олардың ойлау қабілеттерін дамыту үшін сұрақтар қоямын. Диалог ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Диалог арқылы біртіндеп өтіп жатқан материалды пайымдау сәтіне келеміз. Мен оқушылардың осыншама тапсырманы орындайтындықтарына күмәндандым. Алайда, сабақ тақырыбы қызығушылықты оятып, проблемалық сұрақтар дұрыс қойылғандықтан оқушылар сабаққа бей-жай қарай алмады. Соның ішінде жақсы оқитын оқушылар белсенділік танытты. Дәстүрлі сабақтар жоғары мотивациялы оқушылардың әлеуетін толық аша алмайды. Ал, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері олардың жан-жақты қырларын ашуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың қызығушылықтары оянғаны сондай, тіпті төмен деңгейлі оқушылар да олардан қалғылары келмей, тақырыпты талқылауға атсалысты.

Оқушы қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін шындайды. Өзімнің қазақ тілі сабағымда оқушыларға түрлі деңгейдегі сұрақтар қойдым. Қойылған сұраққа оқушылар

жауап бере отырып, дәлелдеуге тырысты. Өтілген әр тақырыпқа байланысты оқушыларға түрткі, сынама сұрақтар қоя отырып, білгендерін ортаға салуға бағыттадым. «Мектеп асханасы» тақырыбы бойынша «Біздің мектептің асханасы қандай?» деген сұраққа Диляра деген оқушы асханамыз үлкен, таза, ас мәзірінде түрлі тағамдар бар деп жауап берсе, «Тағамның қандай түрлері бар?» деген сұраққа Диана бірінші, екінші тағамдар, десерттер бар екендігін айта келе, асханаға барғанда алатын өзінің сүйікті тағамына тоқталды. Ал «Достарыммен асханада тамақ ішу» тақырыбына байланысты «Достарыңмен асханаға барғанда қандай тағамдарды аласыңдар?» деген сұраққа әр топтан бірнеше оқушы «палау», «сорпа» деп жауап берді. Сабақтың тұсаукесер бөлімінде ой толғауда бейнетүсірілім көрсетіп, «Бұл қай жер?», «Ненің асханасы?», «Асхана қандай?», «Қандай жемістерді байқадыңдар?» деген сұрақтар арқылы оқушылардың ұқыптылығын, сабаққа деген ынтасын байқауға болады. Мектептегі тәжірибеде бұрынғы дәстүрлі сабақтарда қойылатын сұрақтарды қоймауға тырысып, олардың сыни тұрғыда ойланып жауап айтуларын талап етіп, дамыттым. Ал дәстүрлі сабақтарда қойылған сұрақтар бала ойының дамуына кедергі болатынын және ойын тежейтініне көзім жетті. Оқушы жауабын дәлелдей алмай, құр айта салатынын түсіндім. Сондықтан оқушының айтылған жауаптарынан кейін «неге?» сұрағын қою арқылы дәлелдеуге үйреттім. Сол кезде оқушы ойын жинақтап, тез шешім қабылдап, сұраққа жауап айта алды. Ғылыми тәжірибенің өзінде диалогтің маңызды рөл атқаратыны анық. Мерсер мен Литттон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнитивті дамуына әсер ететіндігі айтылған. Выготскийдің оқыту модулі «оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады» деп жорамалдайды. («Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2012 ж. III басылым). Сондықтан,

оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Оқушылардың жақсы білетін басқа адамдармен, әрине, бұл рөлдерде сыныптастары мен мұғалімдері болуы мүмкін, диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оқыту жеңіл болмақ. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болмағанымен, «жақын арадағы даму аймағы» аясында қарастырылғандықтан оқыту табысты болмақ. Жоғарыда айтылған зерттеушілердің сөзіне толықтай қосыламын. Қай оқуды алсам да әңгімелесу арқылы жүзеге асатыны белгілі. Әңгімелесу оқушының өзін-өзі реттеуге, білімін толықтыруға мүмкіндік туғызады. Сондықтан мұғалім оқудың түрлі тәсілдерін дұрыс, тиімді қолдана білуі керек. Оқушы жан-жақты ойланып жұмыс жасай алатын болады. Олар оқытудың мынадай тәсілдерімен жүзеге асады: оқушылардың іс-әрекетін арттыру үшін мүмкіндік тудырады. Іс-әрекет танымдылығы мектептегі оқу үдерісіне білім, білік, дағдыларымен қатар нақты оқыту пәнімен қалыптасады. Себебі мен сабақтарымды диалог құру арқылы жүргіздім. Оқушыда сабаққа деген қызығушылық пайда болды. Талдау барысында тақырып төңірегінен шыға алды. Өз ойын, пікірін айтып атсалысты. Ол – оқушының ойын ұштаудағы, тиімді білім берудегі және құзыретті тұлға қалыптастырудағы тиімді тәсіл. Себебі диалог мынадай қарым-қатынасты негіздейді: «мұғалім мен оқушы» және «оқушы мен оқушы». Бұл үрдіс менің бұрынғы сабақтарымда да орын алған. Алайда өткізген дәстүрлі сабақтарымда үстіртін ғана сұрақ-жауап ретінде жүріп отырғанына көзім жетті. Өйткені оқушылар «иә» немесе «жоқ» деген жауаптар арқылы қысқа жауап беріп отырды. Себебі диалогті былай қолдану оқушының терең ойлауына, алған білімін талдап, сараптауына мүмкіндік бермегенін түсіндім. Егер оқушы ортада өз пікірін еркін жеткізе алмаса, ол білімін толықтырып, жетілдіре алмайды. Сондықтан диалогтік қарым-қатынас жоғары деңгейде болу керек. Осы мақсатта диалогті жаңаша қырынан қарап, алғашқы бетпе-бетте алған білімімді жинақтап, талдай отырып, түрлендіре отырып, сабақтарымда

қолдануға тырыстым. Мұғалімдерге арналған нұсқаулықта айтылғандай Александр (2004) оқытудағы әңгімелесу – қарым- қатынас жасаудың бір сарынды үдерісі емес, керісінше идеялар екі жақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды деп тұжырымдайды. Диалог барысында оқушылар және мұғалімдер нәтижеге жету үшін күш-жігер жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, ол бірлескен зерттеу барысында анықталады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес әңгімелесу – оқушының оқуының ажырамас бөлігі болып табылады. Сол әңгімелесудің бірнеше түрі бар. Олар: әңгіме-дебат, зерттеушілік әңгіме, топтық әңгіме. Топтық әңгіме оқушыларға топтық тапсырма беру барысында жүзеге асты. Топтағы оқушылар берілген тапсырманы ақылдаса отырып талқылап, ортақ шешімге келді. Мысалы, берілген қатарға ас мәзірінде не болу керектігін тізіп жазу кестесін толтыруда, «Бірінші, екінші, салқын тағамдардан қандайы?», «сусындар мен ыстық сусындар нелер?», «Тұздықтарға нелер жатады?», «Салаттар мен десерттердің айырмашылығы» деген сұрақтарды талқылап отырып кестені толтырды. Бұл тәсіл сыныптағы баяу, енжар оқушының сабаққа қатысуына жол ашты. Себебі ол достарымен бір топта жұмыс істеп, сұхбаттасты. Тапсырмаларды орындап, белсенділік танытты. Топ жұмысына үлес қосып, бір қырынан көрінді. Зерттеушілік әңгімеде оқушыларға сыни тұрғыда ойлауға тапсырма берілгенде де топтық жұмыс арқылы жүзеге асырылды. Сабақ барысында тақырыпқа байланысты пікір айтып, талқылай алды. Оқушылар осы әдіс арқылы сабаққа қызығушылықпен қатысатын болды. Оқытудың қай технологиясымен жұмыс жүргізсем де диалогтік тапсырмаларды қамтуға тырыстым. Жұптық және топтық жұмыстарды міндетті түрде жүргізіп отырдым. Мысалы: «Лицей асханасы» тақырыбы бойынша сабағымда ДЖИКСО әдісін қолдану арқылы оқушылардың арасында

диалог өрбіді. Мәтінді түсіндіру барысында сыни тұрғыда ойлаудың ДЖИКСО әдісін қолдандым. Бұл әдістің тиімділігі – оқушы өзі оқып, өзгеге де түсіндіре білуінде. Бұл әдісте оқушының тілі дамиды, сөздік қоры молаяды және қорытынды тұжырымды ой айта алады. ДЖИКСО әдісін қолданғанда оқушыда қызығушылық пайда болды. Сол әдістегі бөлінген қызмет түрлеріне қызығып, мәтінді өздері оқып түсінгендерін білмей де қалды. Мәтіннің мазмұнын түсінбей қалды деген оқушы болмады, бірақ сабақ барысында топтағы енжар, баяу оқушылардың өзі соңғы бақылаушының айтқанынан түсінгенін айтып жатты. Оқушылардың барлығы мәтінді түсінгеннен кейін тақырыпты бекіту үшін сол түсінгендері бойынша әр оқушыға 3 сұрақтан құрып, бір – біріне қоюды талап еттім. Айдан деген оқушы топтық жұмыс кезінде сабаққа қатыспай отырғанының салдарынан түсінбегенін байқатты. Бірақ соңғы бақылаушының айтқандарынан ұққанын айтып, сұрақтарға жауап беруге белсене қатысып отырды. Жалпы алғанда сыни тұрғыда ойлау жаңа әдіс-тәсілдермен тығыз байланыста. Ал сыни ойлау мен диалогтік оқу әдістерін қатар қолданғанда оқушының сабақтағы белсенділігі артады. Себебі диалог барысында сабақтарда сыни ойлауға бағыттайтын сұрақтарды пайдалану арқылы оқушы пікірін білдіріп, сұрақ қойып диалогқа түсуге ұмтылады.

Диалогтік оқытудың тиімді жақтары:

- Сабақ барысында уақытты тиімді пайдалануға тырыстым;
- Оқушылар бір-бірін тыңдай білуге үйренді; Сұраққа жауап бере алмаған оқушы басқаларды мұқият тыңдайды.
- Оқушыларға сыни ойлауға көмектеседі, пікір алмасады;
- Оқушы бір-бірін оқытады.

Сабақ барысында мынадай қиындықтар да болды:

- Сөздік қоры аз болғандығы, тіл тосқауылы;
- Сұрақтарды бір тақырып төңірегінде ғана қоя алды;
- Сабақтың тақырыбынан аса алмағандығында;

Менің басты мақсатым – осы бағдарлама арқылы оқушыларды қалай оқыту керектігін үйреніп, нәтижесінде ойын еркін жеткізе алатын, сенімді, сыни ойлай алатын, таным белсенділігі жоғары тұлға қалыптастыру болып табылады. Әрине дәстүрлі сабақтарды да жоққа шығаруға болмайды. Оның да алар орны бар. Бірақ жаңа әдіс-тәсілдер арқылы баланы өмірге бейімдеп дайындаймыз десем артық айтқандық болмас. Мұғалімдік тәжірибемдегі ендігі мақсат – заман талабына сай күзиретті тұлға қалыптастыруда осы жеті модульді жүйелі қолдана отырып, өз тәжірибемді толықтыру, жетілдіру болмақ. Педагогикалық қызметімде теориялық білімді тәжірибеммен байланыстыра отырып, мүмкіндіктерді ашуға, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің теориялық негізін енгізген «біліктілікті арттыру курсының» маңызы зор. Бұл курста оқыту жүйесіне жаңа көзқараспен қарайтын болдым. Келешекте оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы одан да артатынына сенемін. Әлі де болса, кемшіл тұстарды жетілдіріп, сындарлы сабақ беруде аянбай еңбек етемін деген ойдамын.



Гүлназ ТҰРСЫНОВА,
Алматы қаласындағы
№90 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚУШЫЛАРДЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

(Әдістемелік бірлестікте өткізілген коучинг)

Мақсаты: мұғалімдерді «сын тұрғысынан оқыту» деп аталатын оқытудағы жаңа технологиясымен таныстыру, сабақта қолдануға болатын тиімді әдіс-тәсілдерімен таныстыру.

I. Психологиялық ахуалын жақсарту.

«Қызықты майлықтар» деп аталатын ойын арқылы әр мұғалім қалауы бойынша майлық таңдап, өзі туралы мәлімет айтады.

II. Мұғалімнің баяндамасы:

Сыни тұрғыдан ойлау – «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талдау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік.

Сыни тұрғыдан ойлау-бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдер қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Негізгі деңгейде сыни тұрғыдан ойлау үдерісі:

* релеванттық ақпараттар жинауды;

* дәлелдерді сыни тұрғыдан талдау мен бағалауды;

* кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар;

* ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды.

Оқыту мен оқуды сыни тұрғыдан ойлау сияқты күрделі міндеттермен қатар, қарастырылмаған болжамдар мен құндылықтарды, мәселелерді мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, басымдықтарды бекітудің маңыздылығы мен міндеттерді шешудегі артықшылығын түсінуді қарастырады.

Сыни тұрғыдан ойлауды, әдетте, білім берудің кейінгі кезеңдерімен – орта мектептің жоғары сыныптары мен жоғары

оқу орындарындағы оқушылармен байланыстырады. Алайда сыни тұрғыдан ойлаудың негіздерін кішкентай балалармен жұмыс барысында, қажетті дағдыларды дамыту мақсатында білім берудің ерте кезеңінен дамытуға болады. Бұл жолдағы ең оңтайлы тәсіл – балалардың жеке басының тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру.

Сыни тұрғыдан ойлаудың бұл дағдылары төмендегідей сипатталады:

- бақылау;
- талдау;
- қорытынды;
- интерпретация.

Сын тұрғысынан оқытуға керекті әдіс-тәсілдер:


1. «Автобус аялдамасы» тәсілі.

Сабақтың рефлексия кезеңінде оқушылар жеке параққа сабақ бойынша қарастырылмаған сұрақтар топтамасын жазады. Ол парақтарын тақтаға іледі. Бұл тәсіл келесі сабақпен байланыстырылады. Сұрақтарды құрау мақсатында оқушылар сын тұрғысынан ойланады, ол үшін мұғалім «қалай?», «неге?», «не себептен?» «қалай ойлайсындар?» деген сұрақтарды пайдаланады.



2. «Кластер құрау» тәсілі.

Кез келген ауқымды тақырыпты өткеннен кейін, оқушылар тірек-сызба құрастыру арқылы тақырыптың мәнін ашады. Тірек-сызбаларын «кластер» деп атайды. Кластер арқылы негізгі ұғымдар мен түсініктерге мән береді. Мысалы:



3. «БББ» тәсілі (білеміз-білгіміз келеді-білдік).

Бұл тәсілді Донна Огл ойлап тапқан. Бұл тәсіл оқушылар өз бетінше жұмыс жасауда тиімді. Бұл жұмысты кесте үлгісінде пайдалануға болады.

Мысалы:

Білеміз (біз не білеміз?)	Білгіміз келеді (біз не білгіміз келеді?)	Білдік (біз не білдік және білуге не қалды?)

4. «ИНСЕРТ» кестесі. Бұл тәсіл мәтінмен танысқанда өте тиімді. Мәтіннің мазмұнын ашуда, мұқият оқып шығып, керекті белгілерді қойып шығу керек. Мысалы: «V» - біліп тұрмын. «+» - жаңа. «-» - басқаша ойладым. «?» - түсініксіз.

Бұл тәсілмен жұмыс жасауда, қарындашпен мәтіннің әр бөлігінде немесе әр сөйлемнің жанында белгілерді қойып, басқа оқушылармен талқылайды. Бұл тәсіл арқылы оқушылар мәтінді оқып шығып, анализ жасайды.

5. «Фишбон» тәсілі.

«Фишбон» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «балықтың қаңқасы» деген мағынаны береді. Бұл тәсілді пайдалану үшін оқушыларға мәселе тұғызу керек. Оқушылар балықтың басына сол мәселені, қабырғаларына сұрақтар мен жауаптарын, ал құйрығына қорытынды идеяны жазып, пысықтайды. Мысалы:



II. Практикалық бөлім:

1. Әрбір мұғалімге жеке параққа жазылған мәліметтерді таратады, әр мұғалім оқып шығып, сын тұрғысынан ойланып, жоғарыда берілген тәсілдерін пайдаланып, жұмыс жасайды.

III. Бекіту: 1. Таныстырылыммен танысу; 2. Бейнефильмді көру.

Рефлексия. «ПИМ» кестесі бойынша жұмыс

+	-	?

Есенбике КАКИМОВА,
Халықаралық үздіксіз білім беру
колледжінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА **ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ ОҚЫТУ** **ӘДІСТЕРІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ**

Дифференциалды оқыту – мұғалімнің сабақ үстінде топтық, жалпылау, жеке жұмыстарын үйлестіруі. Әрбір мұғалім өз жұмысында дифференциалды оқытудың әр түрлі әдістерін қолданады. Мысалы, сабақ үстінде нашар оқитын оқушының қасына барып оған көмек көрсетеді немесе мықты оқитын оқушыларға күрделі тапсырма, ал әлсіз оқушыларға жеке перфокарталарды береді.

Мен өзімнің жұмысымда дифференциалды оқытудың әр түрлі әдістерін пайдалануға тырысамын. Мысалы, сегізінші сыныпта «Табиғат – екінші үйің» атты шығарма жазар алдында оқушылармен тақырып бойынша негізгі мәселелерді анықтап, кластер құрамыз. Бұл жұмыс барысында негізгі тезистер анықталады: 1) адам табиғатпен өмір бойы тығыз байланыста; 2) табиғатта көптеген мәселелер болады; 3) табиғатты қорғау керек, т.б. Бұдан соң оқушыларға тапсырма беріледі: шығарма жазу үшін сөздік құру. Әрбір топқа сөздіктегі сөздердің саны анықталады, мысалы: 1-топқа – 10-15 сөз, 2-топқа – 20-25 сөз, 3-топқа – 30-35 сөз. Оқушылар сөздерді оқығанда олармен сөз тіркестерін, сөйлемдерін құрастыруға міндетті. Бұл туралы оларға алдын ала айтылады. Осындай жұмыс оқушылардың тапсырмаға қызығушылықтарын арттырады, олар алдағы шығармашылық жұмысты айқын елестетеді.

Әрине, оқушыларға әсер ету үшін оқу материалы айтарлықтай күрделі, таным үдерістерін жандандыратын болу керек, мұғалімнің сабақта қолданылатын көрнекілігі қызықты болу керек.

Ұй тапсырмасын да саралап бергенде оқушыларға тапсырмалар қызықты болып көрінеді, олар бар ынтасын салып дайындалып келеді. Мысалы, 5-сыныпта «Ұлттық тағамдар» тақырыбын өткенде оқушыларға презентация дайындауға болады деп айтылады, ал «Мен шыршаны безендіремін» тақырыбын өткенде, оларға бейнематериал(видеоролик) дайындап келуге болады деп айтылды. «Біздің белгілі спортшылар» тақырыбы бойынша әрбір оқушы өзінің деңгейіне сәйкес презентацияны, шағын шығарма немесе екі оқушы бірлесіп диалог дайындап келді.

Саралап оқыту тәсілі оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмек жасайды.

Тақырыбы: Кім болғым келеді?

Мақсаты: білімділік – мамандықтар туралы алған білімдерін тереңдетіп, олар туралы айтуға дағдыландыру, қалау райдың жасалуын түсіндіру, практикалық жолмен меңгерту; дамытушылық – оқушылардың сөздік қорларын молайту, ой-өрісін кеңейту, ауызекі сөйлеу, мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту; тәрбиелік – әр мамандықтардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп, мамандықтардың басты мақсаты – елге қызмет көрсету екенін түсіндіру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Топпен жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Тілді құрметтеуге, сүюге тәрбиелеу. Түрі: аралас сабақ. Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, рөлдік ойын, өлеңді мәнерлеп оқу, ойландыру, іздену, әңгімелеу. Пәнаралық байланыс: орыс тілі, бейнелеу өнері, технология. Көрнекіліктер: интерактивті тақта, суреттер, слайдтар; дәрігердің, тігіншінің жұмыс құралдары.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Міндеттері: сабақта жұмыс жүргізу үшін қалыпты сыртқы жағдайды қамтамасыз ету; оқушыларды қарым-қатынасқа

психологиялық дайындау; оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру; оқушылардың көңілін сабаққа аударуды ұйымдастыру.

Ұй тапсырмасын тексеру кезеңі. Міндеттері: а) үй тапсырмасының орындалу деңгейі мен сапасын тексеру; ә) кемшіліктер мен қателерді анықтау; б) қатемен жұмыс.

Ұйге берілген тапсырма: А.Сопыбековтың өлеңін мәнерлеп оқу, өз ата - аналарының мамандығы туралы айту.

Рөлдік ойын. Ал, енді, ойын түрінде көрейік: дәрігерлер, аспазшылар, мұғалімдер, тігіншілер не істейді? Кім қай мамандықты қалайды, сол топқа барады. Тапсырмаларың үстелдің үстінде жатыр, дайындалуға 3-5 минут беріледі.

Дәрігерлер: диалог құрастырады. /керекті сөздер үстелде/.

Тігіншілер: мәтіндегі көп нүктелердің орнына керекті сөздер жазады.

Аспазшылар: қазақ халқының бір ұлттық тағамын даярлау тәсілін айтады.

Мұғалімдер: сабақтың үзіндісін көрсетеді.

Бүгінгі сабақтың тақырыбы: Кім болғым келеді? Сабақта өзімізге ұнайтын мамандық туралы айтуға үйренеміз.

Жаңа сабақ. Жаңа сабақты түсіну үшін грамматиканы қайталауымыз керек.

- Етістік нені білдіреді?

- Етістік қандай сұрақтарға жауап береді?

- Сөйлемде қандай мүше болады?

- Оның неше шағы бар?

Етістіктің райы да бар /наклонение/. Орыс тілінде қандай райлар бар?

Орыс тілінде желательное наклонение деген жоқ, ал қазақ тілінде бар. Ол қалау рай деп аталады.

Топтық жұмыс: қазір сендер тірек сызбаны түсініп, қалау рай не арқылы жасалатынын айтасындар. Топтық жұмыс.

/ Бір оқушы тақтаға шығып түсіндіреді: Қалау рай -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнақтары, тәуелдік жалғауы, одан кейін кел етістігі тіркесу арқылы жасалады./

АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКИЙ ПОДХОД В ИЗУЧЕНИИ ИМЕН СОБСТВЕННЫХ ВО ФРАЗЕОЛОГИИ

(на материале английского и русского языков)

В начале XXI века в лингвистической науке произошли значительные изменения, связанные с ее переходом к антропоцентрической парадигме. Язык начал изучаться в тесной связи с человеком, его сознанием, мышлением и духовно-практической деятельностью, что привело к быстрому развитию тех областей гуманитарных исследований, в основе которых лежит триединство «человек – язык – культура», - этнолингвистики и социоллингвистики, лингвострановедения и лингвокультурологии [6].

Антропоцентричность, присущая языку, определяется тем, что «человек запечатлел в языке свой физический облик, свои внутренние состояния, свои эмоции, свой интеллект, свое отношение к предметному миру, природе..., свои отношения к коллективу людей и другому человеку» [1, с.3].

Антропоцентрическая парадигма – это переключение интересов исследования с объектов познания на субъект, т.е. анализируется человек в языке и язык в человеке [2, с.6].

Посредством языка происходит усвоение культурных норм и освоение социальных ролей, без которых жизнь человека в

Оқушы «тілші болғым келеді» сөз тіркесін жіктейді.
Менің ... болғым келеді
Сенің ... болғың келеді
Сіздің ... болғыңыз келеді
Оның ... болғысы келеді
«Кім біледі?» ойыны: слайдтарға қарап кім қай маманның иесі екенін анықтау.

Өздік жұмыс. Тапсырма: жазылған сөйлемдерді аяқтау.

Өмірде мамандықтың ... / ... / көп.

Менің келеді.

Жақсы маман болу үшін ... / ... / керек.

Мен болашақта жақсы ... /.../ боламын.

Сұхбат құру. Балалар, бізге «Ұстаз» газетінен тілші келіп тұр (жоғары сынып оқушысы), ол сендермен мамандықтар туралы сұхбаттасады. (Сенің атың кім? Сенің кім болғың келеді? Жақсы маман болу үшін не істеу керек? Жақсы маман болу үшін қазақ тілін үйрену керек пе?)

Сергіту сәті.

Тіл дамыту. Ақын Әдібай Табылдиевтің «Атамның батасы» деген өлеңін тыңдаймыз. /Электрондық кітап/.

Өлеңмен жұмыс: 1) жаңа сөздерді оқып жазу; 2) әрбір оқушы жаңа сөздерді өз қатарласына оқып аударды; 3) бір оқушы өлеңді оқып аударды; 4) оқушылар жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастырады; 5) 3-4 оқушы өлеңді мәнерлеп оқиды.

Үйге тапсырма: осы өлеңді, жаңа сөздерді жаттайсындар, болашақта кім болғыларың келетінін айтасындар.

Қорытындылау кезеңі, бағалау.

Рефлексия кезеңі. - Балалар, аспаннан жұлдыз аққанда, адамдар ішінен өздерінің құпия тілегін айтады, ол орындалады деп сенеді. Сендердің парталарыңда жұлдыздар жатыр. Қазір сендер бір жағына кім болғыларың келетінін жазыңдар, екінші жағына фамилияларыңды жазыңдар. Келешекте жақсы маман боласындар деген ниетпен осы суреттерді тақтаға іліп қоямыз.

обществе становится невозможной. Благодаря языку в обществе достигается гармония и стабильность. С его помощью от одного человека к другому передаются верования, идеи, чувства, ценностные установки. Язык – факт культуры, составная часть культуры – форма сознания, отображающие мировоззрение человека.

В словарном составе языка имеются фразеологизмы с именем собственным, которые, благодаря присущей им экспрессии, эмоциональной окрашенности и особенностям строения, обладают возможностью конкретизировать и уточнить общее понятие, зафиксированное в слове “a man”.

Так, например, если рассматривать существительное “a man” с точки зрения выражаемого им понятия, то необходимо будет отметить, что понятие, выражаемое данным словом, отличается очень широким объемом: оно включает в себя все разновидности человека с различными типами характера, внешними характеристиками, общественным положением, вкусами, привычками, особенностями.

Рассмотрим далее имена собственные в составе английских и русских фразеологизмов в рамках антропоцентрического подхода.

I. В первой группе выделены английские фразеологизмы с компонентом - именем собственным.

A Beau Brummel – щеголь, денди, по имени Р.Бруммеля, лондонского модельера первой половины XIXв., носившего прозвище «Красавчик Брумель».

Billy Bunter – прожорливый, толстый, неуклюжий подросток, по имени школьника из рассказов Фр.Ричардса, который славился прожорливостью, тучностью и неловкостью.

Jack Horner – Джек Хорнер, персонаж детского четырехстишия, известного с XVIIIв., пай-мальчик, любящий полакомиться и прихвастнуть.

Peck's bad boy – вредный мальчишка Пека, маленький шалун и негодник, который изводит своих родителей, знакомых и вообще всех окружающих; плод фантазии юмориста начала XX в. Дж.У.Пека. Употребляется в значении «возмутитель спокойствия, человек, нарушающий все приличия, человек ставящий других в неловкое положение своей простодушной бестактностью» (по названию книги Peck's Bad Boy and His Pa” Дж.У.Пека (G.W.Peck, 1840-1916)).

The vicar of Bray – священник из Брея, ренегат, приспособленец. По имени приходского священника городка Брей, графство Брекшир, который в 17 лет четыре раза менял веру: два раза переходил из католиков в протестанты и обратно.

A son of Belial – нечестивец, негодяй (Велиал – дьявол, сатана; дух зла, падший ангел).

Например: Flown with insolence and gin, this very recently adopted son of Belial pulled George almost roughly towards him and began kissing her and fumbling with her person.

Rip Van Winkle - Рип Ван Винкль, отсталый, косный человек, ретроград. По имени проспавшего двадцать лет героя одноименного рассказа В.Ирвинга.

The Arab of the gutter – уличный мальчишка, дитя улицы, беспризорник.

Teddy boy – стилига, пижон (в 50-е). Teddy – уменьшительное от Edward, часть молодежи подражала моде эпохи короля Эдуарда VII, который правил 1901 по 1910гг.

Cheap Jack – бродячий торговец, разносчик (торгующий дешевыми товарами), коробейник.

Artful Dodger – прохвост, ловкач, пройдоха. Прозвище карманника Джона Докинса в романе Ч.Диккенса «Оливер Твист».

Lady Bountiful – дама-благотворительница, дама-патронесса. По имени действующего лица из пьесы Фаркера (G.Farquhart, 1678-1707) «Beaux Stratagem»

Например: I recalled her as an energetic, autocratic personality... with a fondness for opening bazaars and playing the Lady Bountiful.

She felt that these independent citizens, who had been taught that they be longed to a democracy, would resent her trying to play Lady Bountiful.

Johnny on the spot – человек, который всегда готов действовать, всегда на месте; человек, на которого можно рассчитывать, палочка-выручалочка.

Например: He looked through the hall door and saw the empty hall. Johnny on the spot all right. Two hours early he guessed.

I was Johnny-on-the-spot – the man of experience and integrity, the urbane negotiator who never let his temper get the better of his judgment.

Tom o'Bedlam – Том из Бедлама, сумасшедший, безумный, прозвище сумасшедших, которых отпускали из Бедлама, лондонского дома умалишенных, просить милостыню.

Например: Edmund: ...Pat! –he comes like the catastrophe of the old comedy: my cue is villainous melancholy, with a sigh like Tom o'Bedlam.

Bull of Bashan – васанский бык, здоровый, сильный человек с громовым голосом; ≈ труба иерихонская.

Например: He assured me that I had burst upon those gentry roaring ...like the Bull of Bashan.

How came it that all of a sudden Mrs. Bingley began to raise her voice and bellow like a Bull of Bashan?

Для фразеологизмов данного типа характерно выражение понятий узкого объема. Это можно объяснить тем, что большинство эквивалентов имени существительного выражает определенные значения в экспрессивной, эмоциональной, зачастую образной форме, что дает им возможность отображать мельчайшие разновидности отдельных явлений и предметов реальной действительности.

II. Во второй группе выделены русские фразеологизмы с компонентом – именем собственным.

Труба иерихонская – здоровый сильный человек с громовым голосом (из Библии; в Ветхом Завете рассказывается об осаде евреями, возвращавшимися из египетского плена в Палестину, города Иерихона, который стоял у них на пути. Они осаждали его шесть дней. На седьмой день священники евреев стали обходить стены города, трубя в трубы, от звука которых стены неожиданно рухнули).

Фома неверный (неверующий) – человек, которого трудно заставить поверить чему-либо, скептик (восходит к евангельскому тексту о том, как апостол Фома не сразу поверил в воскресение Христа).

Например: Одобрительный ропот ... мужчин мог бы убедить самого Фому неверного, что твоя кузина –очень недурна.

Акакий Акакиевич (Башмачкин) – кроткий, безобидный человек (выражение связано с повестью Н.В. Гоголя «Шинель»).

Например: Событие сие не остается незамеченным, все хвалят шинель и требуют от Акакия Акакиевича по такому случаю задать вечер, и только вмешательство некоего чиновника (как нарочно именинника), позвавшего всех на чай, спасает смущенного Акакия Акакиевича.

Алеха сельский – глупый, невежественный человек, безнадёжный дурак.

Алеша бесконвойный – о неуравновешенном человеке с причудами, странностями.

Например: Его звали-то не Алеша, он был Костя Валиков, но все в деревне не звали его Алешей Бесконвойным. А звали его так вот за что: за редкую в наши дни безответственность, неуправляемость[7].

Аника-воин – человек, который лишь хвастается своей храбростью, но при реальной опасности всегда трусит. По имени героя русской народной сказки, в которой он утверждает, что не испытывает никакого страха перед смертью. Но когда горбатая предстает перед ним, умоляет ее пощадить и простить за свою самоуверенность.

Например: Дедушка видел мои синяки, но никогда не ругался, только кричал и мычал: «Опять с медалями? Ты у меня, Аника-воин, не смей на улицу бегать, слышишь!» [2].

Арина бесподенная – бестолковая, глупая, странная женщина.

Иван-дурак – скромный человек (Мифологизированный персонаж русских волшебных сказок, который в своих действиях ищет решения, в конечном счете приносящие успех; сказочный герой, выразитель народного христианского идеала скромности).

Илья Муромец – воплощение народного идеала героя-воина (по имени богатыря, одного из главных героев русских былин, возникших в XII-XIII вв).

Иудушка Головлева – лицемер и ханжа, прикрывающий жестокие и подлые поступки маской добродетели (по имени главного героя романа М.Е. Салтыкова – Щедрина «Господа Головлевы»).

Каждая из вышеперечисленных фразеологических единиц фиксирует определенное понятие, которое также является общим понятием, в свою очередь способным конкретизироваться и уточняться, однако оно гораздо уже общего понятия, выраженного в слове «человек».

В результате проведенного анализа было выявлено, что в английском и русском языках преобладают фразеологизмы с компонентом – именем собственным, характеризующие человека с отрицательной стороны. Они указывают на негативные и странные черты характера, такие как: глупость, хвастливость, высокомерие, лицемерие, любопытство. Это объясняется тем, что отклонения от ценностей и норм поведения, принятых в английской и русской национально - культурной среде, порицаются.

Использованные литературы:

1. Н.Д.Арутюнова. Логический анализ языка: Образ человека в культуре и языке. М.: Индрик, 1999. 422-с.
2. Н.С.Ашукин, М.Г.Ашукина. Крылатые слова. М.: Правда, 1986. 768-с.
3. Н.В.Гоголь. Собрание сочинений в 8-и томах. Том 3. Повести. Статьи из сборника «Арабески». М.: Терра-Книжный клуб, 1999. 384-с.
4. В.А.Маслова. Лингвокультурология. М.: Академия, 2012. 208-с.
5. М.Е.Салтыков-Щедрин. Господа Головлевы. М., 1995.
6. С.С.Хидекель, Р.З.Гинзбург, Г.Ю.Князева, А.А.Санкин. Английская лексикология в выдержках и извлечениях. Л.: Просвещение, 2010. 238-с.
7. В.М.Шукшин. Рассказы / Составление и комментарии В.Горна. Барнаул: Алт.кн.изд-во, 1989. 592-с.

**Күләш РАХЫМБАЕВА,
Шоқан Уәлиханов атындағы
№2 гимназия «мектепке
дейінгі шағын орталығымен»
мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қапшағай қаласы.**

МЕҢІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМЫМ

Менің түсінігімдегі мұғалім – рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жаңашылдықтың бастаушысы, жүрегі – жылы, көңілі – дарқан адам.

Мен ұстаздық мамандықты өз жүрегімнің қалауымен таңдадым. Негізгі ұстанымым: баланы тұлға деп тану, оның пікірімен санасу, оқушының кішкентай қуанышын, табысын бағалай білу. Мен дәріс беретін 2, 3, 4-орыс сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында кез келген тапсырманы ойын түрінде ұсынамын. Ойынға қызыққан бала деңгейіне қарай тапсырманы берген жағдайда оны орындауға тырысады.

Сынып оқушылары осы нәтижеге жету үшін көп еңбектенді. Мен әр оқушымның жүрегіне жол таба білуге, екінші ана, ақылшы, бағыттаушы болуға тырысамын. Бүгінгі шәкірт өзін байқағанын жақсы көреді. Кейде оқушы – қыздарым менен түсінбеген сұрақтарын сұрайын дегенде байқамай «апай» деп қалады. Мен сол сәтте өзімді сондай бақытты сезінемін. Түсінгенім – ұстаз білгенін үйретуші ғана емес,

тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық пенденің бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі. Ұстаздық қызмет ету барысында күнделікті қызметтестерім мен шәкірттер арасындағы қарым-қатынасына ізгі ниеттілік, кішіпейілділік және мәдениеттілік ұстаным болса, ұжым арасында шынайы құрмет пен беделге ие ететініне көзім жетті.

Ұстаз екенінді, әсіресе, ұстаздар мерекесі күні мақтан етесің. Себебі, 1-сабақтан саған деген тілегін түрлі тілектермен білдіруі – еңбегімнің жемісі деп қабылдаймын. Сондай кезде ерекше сезімге бөленемін. Айғайлап, менің балаларым «осындай» деп айтқым келеді. Бірақ бұл қылығымды дұрыс түсінсе жақсы, ал түсінбесе ше? Осындай сұрақтар мазалағанда еріксіз, езуіме жымыс орын алып, керемет сезімге бөленемін.

«Бала – Алланың сыйы»,- деген екен белгілі педагог Амонашвили. Ендеше, сый бар жерде, түсінушілік бар, түсінік бар жерде, жетістіктің де қасынан табылатыны белгілі.

Ұстаз мамандығы ең жоғарғы еңбек ақы төленетін және үздік оқушылар таңдайтын мамандыққа айналса деп армандаймын. Өйткені жаңа ғасырда ғылымның, техниканың, өндірістің қарқындап өсуі – білім берудің барлық жүйесін дамытудың жаңа мүмкіндіктерін дүниеге келтірді және білім беру саласына іргелі өзгерістер енгізді.

Осындай жаңа даму үрдісі оқу орындары мен мұғалімдер алдына жаңа талаптар қойып отыр. Кең жүректі болу - бұл ата-анамнан алған үлгі, өнегем. Кейде ұстаздықтың қиындап кеткені жайлы әңгіме қылатынымыз рас. Бірақ оқушымның бірауыз алғысы лезде ұмыттырып жіберетінін қайтерсің!

Елбасы Н.Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан, ұстазға жүктелетін міндет ауыр»,- деген еді. Шынында да, қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі ғана болуы емес, педагогикалық-психологиялық білімділік, саяси-экономикалық

сауатты көзқарас талап етеді. Ол талапқа сай болу үшін көп ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеу қажет. Осындай бағытта оқушыны тәрбиелеуге тырысамын. Менің негізгі мақсатым – өзге ұлт оқушыларына мемлекеттік тілді үйрету, қазақ халқының мәдениетін, тарихын, әдебиетін құрметтеуге тәрбиелеу. Бала болған соң қателіктер жіберетіні хақ. Сондықтан өз іс-тәжірибемде әңгімені арыдан бастағанды ұнатамын. Ол үшін бірінші қасындағы достарының ой-пікірлерін басты назарға аламын. Қазіргі бала өзінің қатарластары алдында айтылған сынды дұрыс қабылдай алмайды. Әңгімені өте жай мысалдар арқылы жеткізуді жөн көремін. Бүгінгі ата-ананың көпшілігі жұмысбасты, көбірек табыс тапқанды ұнатады. Ал балалардың қызығушылығын білсеңіз, қиындық туғызбайтынына мен сенімдімін. Бүгінгі ұрпақ өзімен тең дәрежеде сөйлескенді ұнатады. Менің оқушыларым – қазақ, ингуш, кәріс, шешен, беларус ұлттарынан. Соған қарамастан өте тату. Шәкірттерім өздерін өте еркін ұстайды. Мен өз тарапымнан олардың қуанышын, өкпе-назын жақын адамы сияқты бөлісетініне ризалықпен қараймын, интеллектуалдық ойын өткізсем, балаларым жанын салады. Жұмыстың басын бастап беріп, аяқтап келуді тапсырсам, оған өз көзқарасын қосатынына мен қуанамын. Тіл мерекесіне арналған тәрбие сағатында Снегирев Тимур: «Біздің қуанышымыз бірге. Қазақ тілі – менің достарымның тілі, менің де ана тілім», - деген сөзі мені қатты тебірентті.

Қазақ тілі – ұлы тіл, Абайдың тілі. Менің тілім. Оқушымының осы шын жүректен айтқан сөзінен өзіме жасаған тұжырымым – менің бағытым дұрыс жолда екен ғой- деген ой болды. Кейде оқушылардың сондай жылы лебізбен айтқан сөздері – шаршағанымды ұмыттырады, жігерлендіреді. Сондай сәттерде менен бақытты жан жоқ. Мен өз мамандығымды мақтанш етемін.

Нүргүл БЕКЕТОВА,
Үшқоңыр ауылындағы
орта мектептің мұғалімі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

БАҒАЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Кез келген дәстүрлі сабақтардағы бағалау – оқушы өтілген тақырыпты өзі түсінгені бойынша айтып беру немесе жариялау. Ал ХХІ ғасыр мектебіндегі бағалау мақсаты кең көлемді және әр түрлі болып келеді:

- оқушы қажеттілігін бағалау;
- оқушылардың жеке және бірлесіп жұмыс жасауын марапаттау;
- оқу барысын бақылау;
- қаншалықты түсінгенін тексеру және тақырып мазмұнын қаншалықты мағыналы түсінгеніне қарай марапаттау (тек теориялық түрде ғана түсінгені жеткіліксіз);
- түсінгенін жариялау (түсінгенін тәжірибеде қолдана білу);
- Оқушылардың оқу жетістігінің нәтижесін көру, білім деңгейін анықтай алу, пәнге деген ынтасын, күш-жігерін қалыптастыру, өзіне деген сенімділігін арттыру.

Бағалау әдістері:

- оқу тапсырмалары арқылы бағалау (пікірталастар, күнделіктер, оқытуды дамыту үшін қолданылатын барлық материалдар);
- топта, жұпта, сыныпта талқылау;
- өзін-өзі және бірін-бірі бағалау;
- оқушы портфолиосы (оқушы жинаған бағалар, марапаттар, жетістіктер, т.б.)

Сабақ қызық болғанда ғана оқушыға барлығы түсінікті болады. Демек, сабақ оқушы үшін қызық болуы тиіс. И.Герберттің айтуы бойынша «қызығушылық» оқу уәжінің синонимі екенін есте сақтау керек. Барлық оқытуды тізбектесек: «қалаймын- орындаймын- қызығушылықпен орындаймын- жекелеп-әрқайсымызға маңызды» (И.С.Якиманская), осы құрылымның ортасында және қызығушылық тұрғанын байқаймыз. Осы түсінікті оқушыларда қалыптастыру үшін, оқушының белсенділігін арттыруымыз, өз бетінше жұмыс жасауын қамтамасыз етуіміз керек; қосымша мәліметтерді сабақта да, үйде де жігерлене іздеу; мәселелік жағдаят туғызу; оқыту әдісінің әр түрлілігі; сабақ үстіндегі атмосфералық ортаны қалыптастыруымыз керек. Қазіргі кезде елімізде сабақтың сапасын арттыру негізгі мәселеге айналды. Сабақтың сапасын арттыру мақсатында мен әр сабақта бағалаудың келесі түрлерін тиімді деп алып, оқу жылы барысында 8-сыныпқа қолдандым: бірін-бірі бағалау; өзін-өзі бағалау; топтардың бірін-бірі бағалауы; стикерлер арқылы бағалау; бағалау өлшемдерін оқушылармен бірге құру және солар арқылы топбасшысы топ мүшелерінің ұпайларын кестеге қойып отырады және оны бағаға айналдырады; тестер; сұрақтар (жіңішке, жуан). Осы оқу жылындағы таңдап алған тақырыбым: «Диалогтік оқыту арқылы физика сабағында оқушылардың белсенділігін арттыру» болғандықтан, сабақ жоспарларым көбіне осы тақырыпқа негізделіп құрылған еді. Сол себепті жұптық жұмыста тек қана жұптық жұмыс орындамай, бірін-бірі бағалауды қолдандым.

Бірін-бірі бағалауда келесі шарттар орындалуы керек еді:

1) менің көршім тақырыпты меңгеруде маған жақсы көмектесті (үйреніп жатқан тақырып бойынша ортақ сұрақтарға көмектесті, мысалдар келтіріп, тақырыптың мағынасын толық түсіндіре білді – 3 ұпай;

2) менің көршім ортақ сұрақтардың бір бөлігіне жауап берді, тапсырмаларды шешуде аздаған түсініктеме де бере алды – 2 ұпай;

3) менің көршім тақырып мазмұнын шешуде аздап ғана көмектесе алды – 1 ұпай;

4) менің көршім маған көмектесе алмады – 0 ұпай деген бағаларды қойып, көршісін немесе серігін бағалап отырады.

0 ұпай – «2», 1 ұпай – «3», 2 ұпай – «4», 3 ұпай – «5». Өзін-өзі бағалауда оқушы әрбір дұрыс орындаған тапсырмасын 1 ұпайдан қойып отырады; бұрыс орындалған тапсырмаға – 0 ұпайдан қояды. Бұл тәсілді көбіне мен үй тапсырмасын қорытуда қолдандым. Топтардың бірін-бірі бағалауында топтар бір-бірінің орындаған топтық жобаларын қаншалықты мазмұны мен мағынасының ашылуына байланысты стикерлермен баға қояды және қысқа түсініктеме береді. Бағалау өлшемдері бойынша бағалауында көбінесе толық сабақ тапсырмаларына байланысты мұғалім мен оқушылар бірге бағалау өлшемдерін жасап шығады және әр тапсырмаға 1 ұпайдан қойып отырады, әрбір тапсырмадан кейін топбасшы қай оқушы қаншалықты өз үлесін қосты және қанша ұпай алғанын жариялап отырады. Сонда әр оқушы сабақтағы әр тапсырманы орындаудағы белсенділік дәрежесін біліп отырады және одан әрі не істеу керектігін ойланады екен.

Сабақтың рефлексия кезеңінде: «Мен бүгін не үйрендім?», ББҮ кестесін толтырғыздым; сабақты қорытындылау кезеңінде смайликтер арқылы, білім ағашына бүгінгі сабақ туралы ой-пікірлерін жазып жабыстырады, бұл кері байланыс еді. Сабақ соңында осы смайликтердің кейбірінде: «Бүгінгі сабақ кешегіден де қызық болды, рахмет!», «Маған бүгін мынандай тапсырма немесе сұраққа жауап беру қиын болды!», «Маған бүгін сабақтың мына жері ұнамады!» деген сияқты өз ойларын еркін жазатын еді. Смайликтердегі ұсыныстарды оқып болғаннан кейін келесі сабақ құрылысына өзгертулер енгізген кездерім де болды.

Венера НҰРМҰХАНОВА,
Батыс Қазақстан облысының
Орал қаласындағы
А.С.Макаренко атындағы
№6 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

НАУРЫЗ ГҮЛІН СЫЙЛАУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Наурыз мейрамы» модулі бойынша оқушылардың білімдерін тиянақтау; **дамытушылық** – оқушылардың дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын байыту, ойын жүйелі түрде айтуға, сауатты оқуға, жазуға дағдылан-дыру; **тәрбиелік** – наурыз мейрамының ерекшеліктерін айта отырып, ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: нәтиже сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, тест жұмысы, тіл дамыту, т.б. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, тақырыпты суреттер, т.б.

Сабақтың өту барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Амандасу.

2. Оқушылар назарын сабаққа аудару.

Өткен сабаққа шолу:

- Балалар, бір жылда неше мезгіл бар?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?

- Көктемде қандай мерекелер бар?

Сабақ интерактивті тақта арқылы жүргізіледі.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Соңғы модуліміз «Көктем мезгілі» деген тақырып бойынша жұмыстандық. Осы модульде Адамдардың көктемгі киімі.

Көктемгі жұмыс.

Наурыз мерекесі туралы мағлұмат алдық және етістікпен таныстық. Бүгінгі сабақта осы модуль бойынша алған білімдерімізді жинақтап бекітеміз. Сабағымыз «Наурыз гүлін» сыйлау атты ойын – сайыс түрінде өтеді.

Гүліміз 7 түрлі-түсті жапырақтардан тұрады.

1-жапырақ – «Қызыл түс».

2-жапырақ – «Көк түс».

3-жапырақ – «Көгілдір».

4-жапырақ – «Қоңыр түс».

5-жапырақ – «Қызғылт түс».

6-жапырақ – «Қызыл сары түс».

7-жапырақ – «Сары түс».

Әрбір жапырақта түрлі тапсырмалар берілген, «Наурыз гүлін» бір-біріңізге сыйлау үшін тапсырмаларды орындау қажет.

Сабағымызды бастаймыз.

1-жапырақ – «Қызыл түс».

1-тапсырма: Көп нүктенің орнына қимылды білдіретін сөздерді қойындар.

Көктем Көктемде қар Құстар туған жерге
.... . Адамдар Наурыз келді деп Күн мен түн Наурыз көже Адамдар «Ақ мол болсың !», «Ұлыс оң болсың!» деп бірін-бірі

2-тапсырма: Берілген сөздерді сәйкестіру және аудару.

Ұлттық	мейрамы
Көктем	сыйлау
Наурыз	құттықтау
Гүл	келді
Бірін –бірі	ойындар

2-жапырақ – «Көк түс». 1-тапсырма: 7 санына байланысты қандай ұғымдар білесіңдер?

Жеті ата. Жеті қазына. Жеті күн. Жеті түрлі ас. Жеті шелпек.
2-тапсырма: Сұрақтарға жауап беру.

1. Наурыз қандай мереке?
2. Наурыз көже деген не?
3. «Көкпар» деген не?
4. Наурыз, сәуір, мамыр деген не?
5. Наурыз айында қандай мерекелер бар?
6. Наурыз мейрамына жайылған дастарқанда айтылатын тілек?
7. Домбыра деген не?
8. Қыркүйек, қазан, қараша деген не?
9. «Досы жоқпен сырлас, Досы көппен сыйлас» деген не?
10. -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер деген қандай жұрнақтар?

3-жапырақ – «Көгілдір».

1-тапсырма: мақал-мәтелдерді толықтырып, етістікті табу.

1. Отанды сүю отбасынан басталады.
2. Досы көпті жау алмайды.
3. Тәрбие тілден басталады.

2-тапсырма: Жұмбақ шешу.

1. Бір ағашта он екі ұя,
Өр ұяда отыз жұмыртқа.
2. Түнде бармын, күндіз жоқпын.

4-жапырақ – «Қоңыр түс».

1-тапсырма: «Наурыз» тақырыбына тірек-сызба құрастырамыз.

Наурыз мейрамы қандай күн? Наурыз тойын тойлаудың өз дәстүрі бар ма? Наурыз күні не пісіріледі? Наурыз мейрамында адамдар қалай көңіл көтереді? Наурыз күні адамдар бір - біріне қандай тілек айтады? Наурыз қандай мейрам?



2-тапсырма: Сөйлемдердің дұрыс-бұрысын анықтаңдар.

1. Наурыз-жаңа жыл басы. (дұрыс)
2. Наурыз күні адамдар қуанбайды. (бұрыс)
3. Наурыз көжені жеті түрлі дәмнен дайындайды. (дұрыс)
4. 1-қаңтар күні Наурыз мейрамын тойлайды. (бұрыс)

5. Наурызда мал төлдеп, күн жылынады. (дұрыс)

6. Наурыз мейрамы күні адамдар жұмыс істейді.

5-жапырақ – «Қызғылт түс».

1-тапсырма: Сөздерді тиісті орнына қойып, сөйлемдер құраңдар.

1. Анама, сыйлаймын, гүл, мен.

2. Әпкеме, сатып, алып, бердім, бұйымдар, зергерлік.

3. Кітап, сыйладым, қарындасыма.

2-тапсырма: Сурет бойынша әңгіме құрау.

6-жапырақ – «Қызыл сары түс».

1-тапсырма: Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазу.

1. Наурыз – жыл басы, күн мен теңелген. (түн)

2. Бұл күнді барлық халық ... қарсы алған. (қуанышпен)

3. «Наурыз» деген сөз сөзі. (парсы)

4. Наурыз діни мейрам емес, ... мейрам. (халықтық)

5. Наурыз тойына арналған ... дайындалады. (наурыз көже)

2-тапсырма: Қалташаны таңдап, берілген тапсырманы орындау.

1. Жатқа бата айту.

2. «Ә» әрпінен басталатын 10 сөз айту.

3. Сөздерді аудару: *праздник, победа, весна, благословение, равноденствие.*

4. Көктемгі мейрамдарды атап беру.

7-жапырақ – «Сары түс». Тест.

1. Ата деген кім?

а) әкенің шешесі;

ә) әкенің әкесі.

2. «Бесікке салу» деген не?

а) ұлттық ойын;

ә) дәстүр.

3. Тасымалданатын сөздерді көрсет:

а) бала, қаласы, Дана;

ә) ант, өрт, ерт.

4. Етістіктің райларын көрсетіңіз:

а) Ашық, бұйрық, қалау, шартты;

ә) жіктеу, өздік, белгісіз.

4. 22-наурыз қандай мейрам?

а) діни; ә) халықтық.

5. «Ерекше» сөзінің аудармасы:

а) великий; ә) особый.

6. Тұйық етістікті көрсетіңіз:

а) алу; ә) айтылады.

7. Бір жылда неше мезгіл бар?

а) 5; ә) 4.

8. Қимылды, іс-әрекетті, жай-күйді білдіретін сөз табы

– Қандай сөз табы?

а) етістік; ә) зат есім.

9. Наурыз сөзін парсы сөзінен аударғанда нені білдіреді?

а) жаңа түн; ә) жаңа күн.

10. Наурыз мейрамында адамдар бір-бірін қалай құттықтайды?

а) «Ақ мол болсын!», «Ұлыс құтты болсын!»


ә) «Айт қабыл болсын!», «Балалар бақытты болсын!»

Оқушыларды бағалау.

8-жапырақ. Сөзжұмбақ шешу.

1. Число. 2. Мама. 3. Воздух.

4. Май. 5. Посуда. 6. Девочка.



Қорытындылау.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Мақсаты: қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру. Тілді үйренуге, оны білуге, салт-дәстүрлерін құрметтеуге, сыйлауға шақыру. Шешендік өнерді дамыту. Оқушылардың шығармашылық қабілетін, ой-санасын ояту.

Ұйымдастыру:

1. Сабағымыз сыныпта өтеді. Сыныбымыз әдемі безендірілген (түрлі-түсті шарлар, салт-дәстүрлер туралы стенділер, газеттер, суреттер, мақал-мәтелдер).

2. Сабаққа қатысатын 6 «Б» сынып оқушылары сабақтан тыс уақытта шақырылып қойған.

3. Сабақты жүргізетін оқушылар – Мадияр мен Аня.

4. Қолданылатын техникалық құралдар: теледидар, бейнетаспа.

Мұғалім: - Қош келдіңіздер, құрметті ұстаздар мен қонақтар! «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» атты сыныптан тыс сабағына қош келдіңіздер! Бүгінгі сабағымыздың жүргізушілеріне сөз кезегін берейін.

Аня: - Қош келдіңіздер, құрметті ұстаздар мен қонақтар! Бүгінгі «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» атты сыныптан тыс сабағымызды «ашық» деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Мадияр: - Әнұраным – жан ұраным,
Айтар әнім, сөйлер сөзім.
Туған жерім – сағынарым,
Жүрсем егер дүние кезіп.

Аня: - Бақыт, бірлік күн талабы,
Тоқтамайды дабыр әні,
Мәңгі бақи шырқалады,
Республикам әнұраны.

(ҚР Әнұраны айтылады)

Мадияр: - Қазақ халқының салт-дәстүрлері өте көп. Олар – ерте заманнан ғасырдан ғасырға, атадан балаға жалғасып келе жатқан мұра.

Аня: - Қазір біз солардың бірнешеуін сіздерге көрсетеміз, назарларыңызды экранға аударыңыздар (слайдтар көрсетіледі).

Мадияр: - Ал, балалар, осы суреттерден сендер қандай салт-дәстүрлерді көрдіңдер? Сендер білетін салт-дәстүрлер бар ма?

Жандос: - Иә, бар. Шілдехана тойы. Бұл той жаңа туған нәрестеге арнайы жасалынады. Күндіз туған-туысқандар, көршілер, жора-жолдастар «Құтты болсын!» айтып, кешке жиналғандар ән айтып, би билеп, домбыра шертіп көңіл көтереді.

Ерасыл: - Бесік тойы Бұл дәстүрде жаңа туған нәрестені бесікке салады. Бесікке салу да – халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке салу жолы үлкен немесе елдің тәрбиелі, өнегелі әжелеріне тапсырылады. Бесікті отпен аластап, тыштырма жасап, баланы бесікке бөлейді. Бесік үстіне 7 түрлі қадірлі, таза заттар қойылады.

Бегайым: - Тұсаукесер тойы. Тұсаукесер тойы сәби тәй-тәйлап жүре бастағанда өткізіледі. Сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Сол жіппен баланың аяғын тұсап, оны аяғын жылдам басатын әйелге қидырады. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап, тез жүгіртеді. Артынан шашу шашады.

Аян: - Сүндет тойы. Ұл баланы тақ, яғни, 3, 5, 7 жасында сүндетке отырғызады. Сүндеттеудің денсаулыққа, тазалыққа да пайдасы зор. Баланы сүндеттеу – үлкен рәсім. Ол – ата-ананың борышы. Бұл рәсімнен кейін «Сүндет тойын» тойлау басталады.

Сұлтан: - Тілашар. Бала 7 жасқа толған соң, ата-анасы баланы медресе не мектепке оқуға апарған. Баланың оқуға баруы – үлкен қуаныш, сондықтан әке-шешесі «Тілашар» тойын жасаған. Тойға келген адамдар құттықтау айтып, шашу шашқан, бата берген.

Алдияр: - Жеті ата. Әр адамның өзінің жеті атасын білуі білімділігін, ата көрегендігін танытады. Ал, білмесе, «жеті атасын білмеген жетесіз», - деп сөккен. Жеті ата: бала, әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата.

Мунира: - Сүйінші. Қуанышты хабар жеткізуші адам «Сүйінші! Сүйінші!» деп келеді. Мұндайда қуанған үй иесі «қалағаныңды ал», - дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл – шын қуанудың, ризашылықтың белгісі.

Зарина: - Шашу – қуаныш айғағы ретінде жасалатын салтанатты дәстүр. Бала дүниеге келгенде, келін түскенде, құда келгенде, осындай қуанышты күндерде тәттілермен, күміс тиындармен әйелдер шашу шашады.

Аня: - Бәрекелді! Сендер де салт-дәстүрдің біразын біледі екенсіңдер.

Ерасыл: - Сүйінші! Сүйінші!

Мадияр: - Қалағаның сенікі, Ерасыл. Не болды? Айтсаңшы!

Ерасыл: - Бізге алыстан биші қонақтар келіпті!

Аня: - Гүл жайнаған көктемде,

Гүлден сыйлық көп менде.

Әне гүлдер келеді,

Ән сап, билеп береді (биші қонақтар би билейді).

Мадияр: - Қонақ демекші, қонақ келгенде қазақ салты бойынша қонақ асы беріледі. Біздің қыздар табақ тарту салтын біледі ме? Көрейік!

(Қыздар ортаға шығып көрсете бастайды)

Әмина: - Бас табаққа бас, жамбас және белдеме, омыртқа, қазы-қарта, сүбе, жал және жая тартылады. Бұл табақ ауыл үлкендеріне, ақсақалдарға, алыстан келген сыйлы қонақтарға тартылады.

Мунира: - Сый табаққа жамбас, асық жілік және белдеме, омыртқа, қазы-қарта, сүбе, жал және жая тартылады. Бұл табақ сыйлы қонақтарға, құдаларға ұсынылады.

Бегайым: - Орта табаққа асық жілік, ортан жілік салынуы керек. Бұған қоса – белдеме, омыртқа, қазы-қарта, сүбе, жал және жая тартылады. Бұл табақ орта жастағы қонақтарға, жора-жолдастарға ұсынылады.

Зарина: - Аяқ табак. Ауыл адамдары үшін еттің қалған мүшелерімен жасалады. Төс пен асық жілік – күйеу мен келіннің сыбағасы. Келінге – ұлтабар (ұл тапсын), қыз балаға – жүрек (ержүрек болсын), балаға – құлағың жақсыға үйір болсын деп бастан құлақты сыбағалап, әнші бол деп қыз балаға таңдайды ұсынады.

Аня: - Қазақ салты бойынша көп ойындар ойналады. Сол ойындардың біреуін ұлдар ойнап көрсетсін.

Ерасыл: - Ойынның аты – ханталапай. Бұл ойынды 4-5 бала ойнайды. Бізге керегі 10 асық және 11-асық «хан» болады.

Балалар кезектерін біліп, бірінші ойыншы асықтарды иіреді. Басқа балалар «ханға» қарайды.

«Хан» алшы түскенде, балалар ортадағы асықтарды ханталапай жасайды. «Хан» кімнің қолында кетсе, келесі болып асықты иіреді. «Ханмен» бірге қолына түскен асықтардың санына байланысты ұпай саналады.

«Хан» алшы түспесе, иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-бірімен соғады. Соғылған асықтардың біреуін алып, ұпай жинайды. Бір-біріне тимей, басқа асыққа соғылса немесе қозғап кетсе, онда кезек басқа ойыншыға беріледі. Кім көп ұпай жинаса, сол ұтады (ұлдар ойын ойнайды).

Мадияр: - Біздің салтымыз, дәстүріміз көп. Мысалы, Наурыз мерекесінде де көп салтымызды көруге болады.

Аня: - Ал, Наурыз мерекесінде қандай тілектер айтылады?

Оқушылар: - Наурыз құтты болсын!

Ұлыс бақты болсын!

Ақ мол болсын!

Ұлыс береке берсін!

Төрт түлік ақты болсын!...- дейді.

Мадияр: - Наурыз мерекесін қарсы алу. «Келді Наурыз – жыл басы» өлеңі.

Әмина: - Ерітіп қарын даланың,

Жайнатып гүлін даланың.

Жетелеп жұмсақ самалын,

Келді Наурыз – жыл басы.

Кристина: - Күлімдеп қарап күміс күн,

Аспаның бүркен пүліш түн.

Ұлы күні ұлыстың,

Келді Наурыз – жыл басы.

Насиба: - Көгіме күнін өрлетіп,

Ешкі мен қойын төлдетіп.

Қаймақ пен сүтін селдетіп,

Келді Наурыз – жыл басы.

Евгения: - Армысындар, халайық!

Бармысындар, халайық!

Наурыз тойын жұп жазбай,

Биыл қарсы алайық.

Ерасыл: - Досқа құшақ ашайық,

Өлең-жырға басайық.

Қазақтың бір салты деп,

Тойға шашу шашайық! (шашу шашылады)

Аня: - Наурызды халқымыз,

Жыл басы санайды.

Үлгілі салтымыз,

Көп елге тарайды.

Мадияр: - Таң қуанып атады таудан асып,

Наурыз келді ортаға нұрын шашып.

Осы тойда тұсауын кескен кезде,

Жас сәбилер кетеді басып, - деп тұсаукесер рәсімін өткіземіз.

Мөлдір: - Әдетте сәби аяғын тәй-тәй басып жүре бастағанда оның тұсауын кеседі. Ата-әжелеріміз бұл ырымға қатты көңіл бөлген, өйткені баланың болашақтағы жолы, аяқ алысы жақсы, нық болуы осы тұсау кесуге байланысты деп шешкен. Баланың тұсауын 3 түрлі затпен кескен: біріншіден, адам болсын, адал болсын, ешкімнің ала жібін аттамасын деп ала жіппен кескен; екіншіден, көк көп болсын, ақ мол болсын, қайда жүрсе де жол болсын деп шөппен кескен; үшіншіден, қарны тоқ болсын, қайғы-мұңы жоқ болсын деп тоқ ішекпен кескен (кесу үстінде).

Жолың болсын деселік,

Жолыңа нұр төсейік.

Жарылқасын алдыңнан,

Тұсауыңды кесейік!

Тұсауыңды кесейік!

Күрмеуіңді шешейік.

Сәбидің тұсауы кесілген соң, сәбиді екі жағынан ұстап жүгіртіп, жүргізеді. Артынан шашу шашылады.

Қаз, қаз балам, қаз балам,

Қадам бассаң, мәз болам.

Тағы, тағы баса ғой,

Тақымыңды жаза ғой.

Қаз болса ғой қарағым,

Құтты болсын қадамың!

Қаз, қаз балам, қаз балам,

Қадам бассаң, мәз болам (тұсауын кеседі).

Мадияр: - «Қазақтың дастарқаны» әнін Назерке қызымыз орындап береді (ән айтылады).

Аня: - Жарқыраған жас нұрлы,

Жаса Наурыз, дәстүрлі! –

дей келе батаға кезек берейік (бата айтылады).

Аня: - Осымен бүгінгі сыныптан тыс сабағымызды аяқтаймыз. Қатысқандарыңыз үшін көп-көп рахмет (соңында музыка ойнайды, балалар бас иеді).

Күләш ӘБДІРОВА,
Павлодар қаласындағы
«Стикс» бейіндік бағыттағы мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

(4-сынып)

Мақсаты: білімділік – Наурыз мейрамы туралы білім алмасып, білімдерін кеңейту; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту, өз пікірлерін дәлелдеп айту дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – қазақ салт-дәстүрлеріне қызығушылықтарын арттыру, топта, жұпта жұмыс істеу тәртібін тәрбиелеу.

Негізгі түйіні: АКТ-ны қолдану.

Күтілетін нәтижелер: дағдыларын жетілдіру, білімдерін тәжірибеде пайдалану.

Сілтеме: Наурыз мейрамы туралы бейнематериал, бейнеклип.

Сабақтың барысы:

I. 1. Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал жасау.

Бірге айту: Мақсатымыз – білім алу,

Міндетіміз – еңбек ету.

Еңбек етіп ерінбей

Беске қолды жеткізу.

Оқушыларды 2 топқа бөлу. Суретті 4-ке бөліп, араластыру, партаға қою, бөлмек арқылы топқа бөліну.

3. Өткен тақырыпты қайталау. Топтық жұмыс. 2-3 минут.

3 сұрақ дайындап, бір-біріне жауап беру.

II. 4. Жаңа тақырыпқа шығу.

Бейнематериал арқылы (АКТ) Наурыз мейрамы туралы бейнеүзінді көрсету.

- Бұл не деп ойлайсындар?- ойларын қағазға жазып (қосылып жазады), тақтаға шығып қорғайды.

- Сонымен, сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсындар?

5. Сөздікпен жұмыс. Сөздерді жұппен бір-біріне айту.

6. Мәтінмен жұмыс. «Наурыз» мәтіні. 102-бет.

Топпен, жұппен жұмыс: бір-біріне оқиды, сұрақтарға жауап береді, келесі топқа өкіл жібереді.

Бейнеклип бойынша сергіту сәті.

III. Меңгерту.

7. Мәнерлеп өлең оқу. 103 бет. Бір-біріне оқиды, 1 оқушы тақтаға шығып оқиды.

8. Топпен жұмыс. «Наурыз мейрамы біздің мектепте». 10 минут.

Сөйлемдер құру, сурет салу, көрініс көрсету арқылы идеяларын қорғау.

III. 9. Кері байланыс. «Не білемін? Не білдім? Не білгім келеді?» Қандай әсер алдың? Қағазға жазу. Бір-біріне тілек жазу.

10. Бақылаушылар қорытынды жасайды, бағаларын айтады.

IV. Рефлексия. «Наурыз мейрамы» тақырыбына бес жол өлең құру.

V. Үй тапсырмасын беру:

1-деңгей. «Наурыз мейрамы менің үйімде». Эссе жазу.

2-деңгей. Өлеңді жаттау. 103-бет.

3-деңгей. 3-жаттығу. 103-бет.

Клара ДӘУЛЕТБЕКОВА,
Ақмола облысының
Шаңтөбе кентіндегі

В.Комаров атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

НАУРЫЗ – ЖЫЛ БАСЫ

(6-сынып)

Мақсаты: етістіктің шақтарын қайталау. **Міндеттері:** **білімділік** – жаңа сөздерді меңгерту, мәтінді оқып, өзара сөйлесу, Наурыз мейрамы туралы білімдерін жүйелеу; **тәрбиелік** – оқушыларды қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, іздену, әңгімелеу, аударма, сөйлесу, Синквейн кестесі, топтастыру, ой шақыру, ойын. **Түрі:** аралас. **Көрнекі құралдар:** интерактивті тақта, буклет, суреттер, кесте.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, кезекшімен сұхбаттасу.

II. Үй тапсырмасын тексеру: 138-б. Сөздер, 1-тапсырма: көктемгі мерекелердің атауларын білу.

III. Жаңа сабақ:

Сабақтың мақсатын, барысын айту.

Етістіктің шақтарын қайталау:

Сұрақтар: Етістіктің неше шағы бар? Етістіктің шақтарын атандар. Нақ осы шақтың неше түрі бар? Оның күрделі түрі қалай жасалады? Өткен шақ қалай жасалады? Келер шақ қалай жасалады?

- Балалар, бүгін біз сабақта Наурыз мейрамы туралы әңгімелесеміз.

Ой шақыру: - Балалар, «Наурыз мейрамы» дегенде көз алдарыңа не елестейді?

Сөздік жұмысы:

Ұлы – великий;

Балуан – борец;

Ерекше – особенный;

Теңелу – равноденствие;

Береке – благо.

Сөздерді жеке, хормен айту.

Сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрау.

Оқулықпен жұмыс:

141-б. 1-тапсырма: мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беру.

Сұрақтар: Көктемде қандай үлкен мереке болады? Наурыз қандай мереке? Наурызды адамдар қалай қарсы алады? Бұл күні не пісіріледі? Адамдар бір-біріне қандай тілектер айтады?

Интерактивті тақтадағы слайдтар бойынша жұмыс: оқушылар Наурыз мейрамы туралы өздері тапқан қосымша мәліметтерді айтады.

Наурыз мейрамының тарихы туралы.

«Наурыз» деген мағынасы туралы.

Ұлттық ойындар. (суреттер бойынша)

Ұлттық тағамдар туралы. (суреттер бойынша)

Наурыз тілектері.

Ой толғаныс: «мейрам» сөзімен «5 жол өлең» құрастыру:

1. Зат есім мейрам
2. Сын есім
3. Етістік
4. Сөйлем
5. Синоним

Тапсырманы орындау: етістіктердің шақтарын анықтаңдар.

1. Наурызда күн жылынады, қар ери бастай..... 2. Құстар жылы жақтан ұшып кел..... 3. Әжем ертең наурыз көже пісір..... 4. Адамдар Наурыз мейрамында ән айт....., күй тарт..... 5. Ертең ұлттық ойындар өткізіл.....

«Керекті сөзді тап» ойыны:

«Қ» әрпінен басталатын

1. Жыл мезгілі.

2. Ақын.

3. Көкөніс.

4. Құс.

«А» әрпінен басталатын

1. Айдың аты.


2. Қала.

3. Сан.

4. Бал беретін жәндік.

Жұптық жұмыс: 142-б. 3-тапсырма: мәтін бойынша сұрақтар құрап, өзара сөйлесу.

Бекіту: кластер құру.



Сөзжұмбақ шешу:

1. Қазақ халқының ұлттық тағамы.
2. Қазақ халқының Жаңа жылы.
3. Наурыз – бұл не?
4. Жерге не отырғызу керек?
5. Киіз үйдің төбесі?

Қорытындылау: Не білдік?

Бағалау. Үй тапсырмасы: сөздер 141-б., Наурыз мейрамы туралы әңгімелеу.

Жанар ШАРИПОВА,
№19 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қостанай облысы,
Қостанай қаласы.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ТҮРКІСТАН» ӨЛЕҢІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – М.Жұмабаевтың шығармашылығы жайлы алған теориялық білімдерін оқушы есінде қайта жаңғыртып, тереңдете түсу; **дамытушылық** – «Түркістан» өлеңі туралы алған білімдерін әр түрлі тапсырмалар арқылы жүйелеу, балаларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты айта білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – оқушының тіл байлығын жетілдіру, М.Жұмабаев секілді өз тілін, елін, жерін сүйе білуге тәрбиелеу.

Түрі: қалыпты, аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, жаңа технология элементтері арқылы түрлендіріп өткізу. **Көрнекілігі:** М.Жұмабаев шығармалар жинағы, өлеңдер жинағы, слайдтар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. - Балалар, біз өткен сабақта «Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында» деген тақырыпқа тоқталғанбыз. Бәріміз тақтаға назар аударайық.



Осы тақырыптар аясында өз ойымызды ортаға салсақ.

1) **Неліктен Мағжан өмірін оның поэзиясымен тоғыстырамыз?**

1-оқушы: - Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында. Ақын ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге белсене араласады. Соларға ақындық үн қосып, өз өлеңдері мен мақалаларын баспасөз беттерінде жиі жариялап отырады. Бірнеше өлең жинақтары жарық көреді. Мысалы, «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы Мағжан өлеңдері негізінен халқының, ел-жұртының тағдырына бағышталған. Ақынның еліне, халқына, бүкіл түркі нәсілдес, қандас халықтарға деген сүйіспеншілігі оның жырларынан анық көрінеді.

2) **Неге Мағжанды ұлы ақын дейміз?**

2-оқушы: - Мағжан – ұлы ақын. Қазақтың кеменгер жазушысы М.Әуезов: «Абайдан кейін Мағжанды сүйемін... Мағжан культурасы зор ақын...Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілігіне қарағанда бұл бар заманның шегінен асқандай ... бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі» деп, оның ақындығын да, әдебиет тарихындағы орнын да дөп басып айтқан.

3) **Мағжанның лирик, сыршыл ақын аталу себебі неде?**

3-оқушы: - Мағжан – лирик, сыршыл ақын. Оның поэзия – қомақты жағы – лирикалары. Олары романтикалық асқақ сезіммен өрілген. Жай тербетеді, адамды нәзік, сұлу сезімдерге бөлейді. Ақын лирикасының тақырыптары сан алуан: туған жер, атамекен, халық тағдыры, адамгершілік, шынайы махаббат.

Мағжан – сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін, үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шертеді, не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады.

Жаралдым топырағыңнан, сен – түбім,

Жалғаны жоқ бәрі сенен жан – тәнім.

Сенен басқа жерде мәңгі қараңғы

Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.

Өлеңге түсініктеме күнделігі бойынша талдау жасату.

4-оқушы: - Мағжан – эпик ақын. Оның қаламынан «Батыр Баян», «Қорқыт», «Жүсіпхан» сияқты поэмалар туған. «Батыр Баян» поэмасында өзінің халқына, Алашына деген перзенттік жүрегінің ыстық сезімін өлең өрнегіне шынайылықпен түсірген. Ақылгөй, далагөй ақын бабаларымыз бен аты шулы батырларымызды жыр арқауына енгізіп, асқан ілтипатпен бейнеленген.

Мұғалім: - Балалар, М.Жұмабаевтың ақындық өнері туралы өте тамаша баяндадыңдар. М.Жұмабаевтың ақындығы, суретшілігі туралы Ж.Аймауытов қандай пікір айтты? Қане, кім айтып жібереді?

5-оқушы: - «Мағжанның ақындық» күші, сөзге еркіндігі, суретшілігі «Баянда» толық көрінеді. Абай айтқан сөз патшасы «Баянда» бар. Адамдардың мінезін дұрыс келтіру, махаббатты, батырды, соғысты, өлімді суреттеуі өмірді түйе білгендігін көрсетеді. «Баян» - қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс.

Мұғалім: - Өте жақсы. Міне, балалар, ақындық өнердің қыр-сырын жан жүрегімен сезіне білген адамның пікірі осындай болмақ. Мағжан Жұмабаев туралы айтылған пікірлерге назар аударайық.

1. «Артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі» (М.Әуезов)

2. «М.Жұмабаев – Абай мен қазіргі қазақ поэзиясының арасындағы поэтикалық көпір» (Ғ.Ибрагимов)

3. «Мағжанның ақындығы да, кісілігі де ерекше бөлек еді. Ақындық өміріне, біліміне келсек, Алаштың екі күшті

адамының бірі, тіпті ең дарындысы, күштісі Мағжан болатын. Бірі – біздің осы күнгі М.Әуезов» (С.Мұқанов)

Халқымыздың осындай аптал азаматтарының пікірлеріне қарап, М.Жұмабаевтың жұлдызы қазақ өлеңінің аспанында ерекше нұрланып, жанып, жарқырағанын байқауымызға болады.

М.Жұмабаев өз өлеңдерінде туған жерге деген махаббат тақырыбын айрықша жыр арқауы еткен. Қане, «Туған жер», «Атамекен» тақырыбына арнаған қандай өлеңдерін білесіңдер?

6-оқушы: - «Сағындым», «Сүйемін», «Туған жер», «Туған жерім – Сасықкөл», «Көкшетау», «Орал тауы», «Жел», т.б.

М.Жұмабаев өлеңдерін саралап жазып көрсету.

Ақын өз өлеңдерінде туған жерге деген жүрек жарды жырын Сарыарқасына, дүниеге келген жері Сасықкөліне арнаған. Өлеңнің әрбір жолы перзенттік сүйіспеншілікке толы.

«Сағындым» өлеңі мен «Көкшетау» өлеңін мәнерлеп оқиды.

Мұғалім: - Міне, балалар, ақын поэзиясында оның мінезі барынша көрініс тапқан. Оның әр сөзінен, әр жолынан, әр шумағынан ақынның өз тынысын, тіршілігін, жан жылуын, жан арпалысын, ыза-кегін, адамға деген сүйіспеншілікке толы жүрек соғысын сезінеміз.

Мағжан бойындағы бүкіл қасиет – оның поэзиясында. Ендеше Еркеш Ибрагимнің мына өлең шумағы арқылы ойымызды түйіндейміз.

Ақын болу дегенің – теңіздейін тебірену,

Ақын болу дегенің – анадайын емірену.

Ақын болу дегенің – арыңа бір шық тұрмау,

Ақын болу дегенің – жүректерді тұтқындау.

Ақын айтқан осы қасиеттің бәрі Мағжан бойында бар екеніне көзіміз жетті.

III. Жаңа сабақ.

Абзал ақынның сырлы дүниесіне үңілу мақсатында бүгінгі «Түркістан» өлеңімен танысайық.

«Әлемдегі ел өмірі ақ қағаздай байқасаң,-

Депті бір қарт ақиқаттың құдіретіне бас иген,-

Сол қағазда нақыл сөз бен аты қалған жақсының,
Тауып айтқан сөздеріне адам түгіл тас иген», - деп
Шығыс жұлдызы Әбдірахман Жәми жырлағандай,
М.Жұмабаев өлеңдерінің құдіретіне табынбасқа болмайды.
Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың қай
өлеңін алсақ та, адамның сезімін селт еткізіп, ойлағаныңды дөп
басып айтады.

1. Ой қозғау.

«Түркістан» деген өлеңі – елім, жерім, ерім деп соққан ақын
жүрегінің қайнарынан төгілген отаншылдық жырдың шынайы
да шебер үлгісі.

Тұран – көне мәдениет бесігі, сәулет өнерінің кең сарай
көрінісі. Қазақ халқының өткендегі тарихы, тағдыры, мәдениеті
Тұранмен ұштасып жатыр.

М.Жұмабаев - өз тілін, ел дінін, мәдениетін, тарихын, жер –
суын жетік білетін ақын.

Тақтадан көне Түркістан суреттерін көрсету.

**«Түркістан» өлеңін мәнерлеп оқып беру, жекелеген
шумақтарына түсінік беру.**

Ақынның еліне, жеріне деген нағыз шынайы перзенттік
сезімін осы жолдардан байқауға болады. Түркістанға, Тұранға
оқушыны ынталандыру үшін дыбыстардан керемет өрнек,
сурет жасаған.

Ол Алашын алаламай, Түркістан, Тұран – тұтас түндік,
бәрі – түрік жері, қазақ жері деп есептеген. Мұнда мекендеген
халықтар бір кіндіктен жаралды деп таныған.

Өлеңге жоспар құру.

1. Қасиетті Түркістан – бабалар мекені.
2. Тұран жері – түркілер елі.
3. Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял ер түрік.
4. Тұран топырағындағы ұлы тұлғалар.
5. Туған жер – тұғырың.

Ақын тарих қойнауына терең үңіледі. Елім деп еміренген
ер азаматтарын, ел зиялыларын асқан сүйіспеншілікпен жыр
етеді. Осы жерде Алаштың абзал азаматтары Шыңғыс хан,

Ақсақ Темір, Ұлықбек, Ибн Сина Әбуғали, Әл – Фараби, Қасым
хан, Есім хан, Тәуке, Абылай секілді даналарын сүйсіне еске
алып, ұрпағына үлгі етеді.

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да,
Адамның жүрегіне жігер берер.

Бұл Тұран ежелден-ақ Алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны – Абылай ері.

Тұранның билері бар Тарағайдай,
Сол биден Темір туған от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарқ етіп өте шыққан нажағайдай.

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын?
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейтін.
(Суреттердің жанына жазып қою)
Оқыта отырып, түсінік беру.

Мағжан –халқының болашағына сенген, келешектен
зор үміт күткен. Кейінгі ұрпақ шуақты күн шапағатына
бөленетініне сенім білдірген. Мағжан – ұлтжанды ақын. Ол
бүкіл ақындық талантын ұлтына, Алашына бағыштаған.
Ол әрдайым халқының адал перзенті болған. Алаш жұртын
бөлмей, оған өз жүрек жылуын, жан лүпілін білдіре жырлайды.

Өлең жолдарындағы әсем сөз маржандары оқушыны сұлулық әлеміне ендіріп, сүйіспеншілік сезімге бөлейді. Ақынның бізге үлгі-өнеге еткен Түркістанның 1500 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланды. Той 2000 жылы 19 қазанда өтті. Осының өзінен-ақ Түркістан жерінің тарихи тамыры тереңде жатқанын байқауымызға болады.

«Түркістан» өлеңін 4 оқушыға мәнерлетіп оқыту, 1 шумақтың өлең құрылысына талдау жасау.

3 4 4

Шер батса// кім іздемес//туған елін,

3 4 4

Тұлпар да // көксемей ме // туған жерін?

3 4 4

Арқаның // ардагері – // қалың алаш,

3 4 4

Тұран да // біле білсең, // сенің жерің!

Өлеңде 1 шумақ, 4 тармақ, 12 бунақ бар. Өлең 11 буынды кара өлең ұйқасымен жазылған.

Өлеңнің көркемдік тіліне талдау жасау.

Эпитет: *Ер түрік, кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял.*

Метафора: *от болып туған, отқа ұқсап, Арқаның ардагері – қалың алаш, Алаштың арыстаны.*

IV. Сабақты бекіту.

Дұрыс, енді тақтаға назар аударайық. Осы өтілген тақырып бойынша сұрақтар шығады, сендер соған жауап бересіңдер.

1. «Түркістан» өлеңі қай тақырыпқа арналып жазылған? (туған жер, атамекен)

2. Бүкіл түрік елі Түркістанды киелі жер – екінші Мекке деп түсінеді. Себебі неде? («Бабаның басына барып қайту - үлкен сауап», - деп саналады)

3. «Ер Түрік» дегенде «ер» деген эпитеттің ақынның қолданысындағы мәні неде деп түсінесіңдер?

4. «Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,

Түріктен басқа от болып жан туып па?

Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта кара шаңырақ қалған жоқ па?!»

Өлеңнің осы шумағындағы ақынның айтайын деген ойын анықтаңдар.

5. Бұл өлең қандай лирикаға жатады?

Қорытынды: - Міне, балалар, ақын ағаларыңның туған жеріне деген жан толғанысы кез-келгенімізді бей-жай қалдырмайды деп ойлаймын.

Туған еліміздің жыр маржанын төккен асыл ұлдарын әрқашан ардақтап, жадымыздан шығармауымыз керек.

V. Балаларды бағалау.

VI. Үйге тапсырма: «Түркістан» өлеңін жаттау. «Жыр толғау». «Сыр толғау».



Күлайн КЕМПЕРБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№ 94 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БАТЫР БАБАЛАРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫМЫЗ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – мәтін бойынша суреттеу арқылы оқушылардың жеке ойын еркін жеткізе білу; **дамытушылық** – оқушылардың топпен жұмыс істеуін логикалық ойлау қабілеттерін, өзіндік жұмыс жасай білу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – Батыр бабаларымыздың ерлігін өнеге етіп көрсету, оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу

арқылы достық қарым-қатынасын нығайту, бір-бірлерінің пікірін тыңдауға, бағалай білуге тәрбиелеу.

Түрі: ұжымдық, топтық, жеке. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер, тірек-сызба, нақыл сөздер, мақалдар.

I. Сабақ барысы:

- Сәлемдесу, түгелдеу.
- Психологиялық тұрғыдан қарым-қатынас деңгейін тудыру.
- Үй жұмысына шолу жасау.
- Топқа бөлу.

1. «Шаттық шеңбері» ойыны арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту.

2. Мұғалімнің кіріспе сөзі. Батыр бабалар жайлы интерактивті тақтадан слайд көрсету арқылы оқушылардан сұрақ-жауап алу.

- Қазақтың қандай хандарын білесіңдер?
- Жоңғарларға қарсы соғысқан қандай батыр бабаларды білесіңдер?
- Қазақтың қандай шешен-билері болған?

3. Мәтінмен жұмыс.

- Мәтінді оқып беру.
- Мәтінді екі топқа тарату.
- Әр топ мүшесі мәтіндегі таныс емес сөздерді «глоссарий» әдісімен сурет арқылы жеткізу.

- Ол суреттерден: сөз, сөз тіркесі, сөйлем құру.

найза	күн нұры
ұрпақ	тамшы
субұрқақ	ойлану

4. Мәтінді екі бөлікке бөліп, екі топқа беру.

I топ – сұрақтар құрастырады.

II топ – жоспар құрады.

5. Мәтін ішінен грамматикалық тапсырмаларды орындату. Сын есімдерді теріп жаздырту, сұрақтар қойдыру, сөз тіркестерін, сөйлемдер құрату.

Сергіту сәті.

II. Мәтінді толық меңгеру кезеңі. Мәтін ішінен түйінді сөздерді дәптерлеріне жаздырып, сол сөздерден сурет арқылы флипчатқа түсіру.

Әр топ өздері салған сурет арқылы тақтаға шығып, мәтінді қысқаша әңгімелеп береді.

6. «Миға шабуыл» әдісі. Әр топқа бірнеше мақалдар беру. Сол мақалдарды екі топ бір-біріне сурет арқылы жасыруы тиіс.

Батыр туса – ел көгерер,

Жаңбыр жауса – жер көгерер.

Ерге лайық ат туар.

Ер жігіт ел үшін туады,

Ел үшін өледі

Туған жерге туың тік.

Ердің көркі – елімен

Отан көркі – жерімен.

III. Қорытынды: Ой толғаныс.

Тірек сөздер: батыр бабалар, күрескер, бостандық, тәуелсіз ел.

IV. Рефлексия кезеңі.

Бұл мәтіннің негізгі айтар ойы не деп ойлайсыңдар?

Оқушылардың жеке көңіл-күй жағдайын, іс-әрекетін, оқушы мен мұғалімнің өзара қатынас рефлексиясына жағдай жасау.

1. Менің сабақта түсінгенім.....

2. Сабақта маған бұрын білетінім көмектесті....

3. Маған қиын болғаны.....

Оқушы осы ойларын стикерге жазып қалдырып кетеді.

V. Үйге тапсырма: батыр бабалар жайлы реферат жазып келу.

Бағалау: өзін-өзі бағалау.

Алтынай ҚАНАТОВА,
Батыс Қазақстан облысының
Орал қаласындағы
№7 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МЕНИҢ ОЙЫНШЫҚТАРЫМ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту; ойын ойнау арқылы ойыншықтардың неден жасалатыны жайында ұғым беру, білімдерін толықтыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін, зейіндерін, тілдерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды ұқыптылыққа, кішіпейілділікке, достыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, баяндау, көрсету, ойын, сұрақ-жауап, ертегі көрсету, әңгімелеу. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, орыс тілі, бейнелеу, өзін-өзі тану. **Көрнекілік:** әр түрлі ойыншықтар, тақпақтар, суреттер, сөзжұмбақ, жұмбақтар.

Сабақтың өту барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі:

а) Оқушылармен амандасу;
ә) Оқушыларды түгелдеу;
б) Сабаққа ынталандыру: Ортаға шеңбер болып тұрып, бір-біріне жақсы тілектерін арнау.

- Еліміз тыныш болсын!
- Халқымыз аман болсын!
- Досымыз көп болсын!
- Отбасымыз аман болсын!

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

Сабақтың мақсаты – ойыншықтар туралы ұғымымызды кеңейту, олардың неден жасалатыны туралы білу, сұрақтарға жауап бере білу.

1-тапсырма (Суретке қарап, слайдтар арқылы ойыншықтарды атау)

Мынау не? сұрағына жауап беру.

Мынау – қонжық. Мынау – машина. Мынау – секіртпе. Мынау – қуыршақ.

Сергіту сәті: «Ойыншықтар» әні шырқалады.

«Сиқырлы қоржын» ойыны.

Қазір біз сиқырлы қоржынмен ойнаймыз. Бұл қоржында ойыншықтармен бірге кәмпитер де бар. «Бұл қандай ойыншық?» деген сұраққа жауап береміз.

Слайд арқылы қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталаймыз.

1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ата.

2. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту мақсатында жаттаған өлеңдерімізді айтайық:

Іші толған бөлменің,	Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Ойыншығым мол менің.	Үркек қоян, сақ қоян.
Босқа тізіп қоймайық,	Қаша берсең қалыңға,
Келе ғой, дос, ойнайық.	Қорқағым деп ат қоям.

Дәптермен жұмыс. Үш ойыншық атауын тақтаға жазып, қазақ тіліне тән дыбыстардың астын сызу. Мысалы: Секіртпе, қоян, қонжық.

Бейнеролик көру. «Ойыншықтар». Бейнеролик тамашалау арқылы ойыншықтар туралы білімдерін кеңейтті.

Жұмбақтар шешейік:

Үрлесен жеп-жеңіл, Доп-домалақ, іші қуыс пәле,
Елпідеп кетеді. Қайта-қайта семіруде әне. (доп)
Ұшырсаң тырылдап көкте инелік,
Көк теңбіл, инелік емес, үй делік. (тікұшак)

Бұлтқа да жетеді. (шар)

Сабақты қорытындылау.

Бағалау: смайликтер арқылы бағалау.

Айнұр МАҚСОТОВА,
Батыс Қазақстан облысының
Орал қаласындағы
№7 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Менің ойыншықтарым

Сабақтың мақсаты: оқушылардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. **Міндеттері:** білімділік – бөлме заттарының маңыздылығын түсіндіру; шығыс септігінің сұрағымен, жалғауларымен таныстыру; дамытушылық – қазақ тілінде ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту, сөздік қорын молайту; қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру; тәрбиелік – бөлме заттарын, ойыншықтарын ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** ой-қозғау, түсіндіру, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** ойыншықтар, кестелер, ТСО.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Оқушылармен амандасу.

Шаттық шеңбері

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз,

Баршаңызды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

- Сыныпта кезекші кім?

- Бүгін сабақта кім жоқ?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Күз айларын атаңдаршы?

- Бүгін ауа-райы қандай?

- Бүгін нешесі?


- Аптаның қай күні?

- Үйге қандай тапсырма берілді?

II. Үй тапсырмасы.

4-тапсырма. (әңгімелеу, диалог құрастыру)

Үй тапсырмасын пысықтау сұрақтары



орындықтың
үстінде

орындықтың
жанында

орындықтың
астында

Доп – ойыншық.

Бұл кімнің ойыншықтары?

Бұл менің ойыншықтарым.

Ендеше, оқушылар, біздің бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы – Менің ойыншықтарым. Шығыс септік.

III. Жаңа сабақ. Сөздікпен жұмыс:

Ойыншықтар – игрушки;

Кітаптар – книги;

Киімдер – одежды;

Кітап сәресі – книжная полка;

Қорап – коробка.

Сөз тіркестерін құрастыру.

Менің ойыншықтарым, қызықты кітап, жылы киім, үлкен кітап сәресі, кішкентай қорап.

Жаңа сөздерді қорытындылау.

Ягненок – құлыншақ,

Кукла –

Группа – топ,

Мяч –

Медвежонок – қонжық,

Игрушка –

Говори – сөйле,

Полка –

Варежки – қолғап,

Коробка –

Слайд: «Менің ойыншықтарым».

Оқушылар өздерінің сүйікті ойыншықтары туралы айтады.
 - Оқушылар, біздің бөлмемізде ойыншықтардан басқа тағы қандай заттар болады?

Кітаптар: қазақ тілі, орыс тілі, математика, жұмбақтар, ертегілер.

Киімдер: көйлек, шалбар, жейде, етік, қолғап.

Мәтінмен жұмыс.

5-тапсырма. Аудиомәтін тыңдау, тапсырманы кітаптан тізбектеп оқу.

Мынау – менің ойыншықтарым. Мынау – менің кітаптарым. Мынау – менің киімдерім. Менің ойыншықтарым қорапта. Менің кітаптарым сөреде. Менің киімдерім шкафта. Сенің заттарың қайда?

Сұрақтармен пысықтау:

1. Сенің киімдерің қайда тұрады?
2. Сенің кітаптарың қайда тұрады?
3. Сенің ойыншықтарың қайда тұрады?

4. Осы мәтіннен тәуелдік жалғауы бар сөздерді тауып көрейік?

5. *Қорапта, сөреде, шкафта* сөздері қай септікте тұр?

Жатыс септігі

- Ендеше, оқушылар, біз атау, ілік, барыс, табыс, жатыс септіктерімен танысқан болатынбыз, бүгін біз шығыс септігімен танысамыз.

Слайд көрсетіледі.

Шығыс септік жалғаулары іс-әрекеттің болған жерін және заттың жасалған материалын білдіреді.

Сұрағы: кімнен? неден? қайдан? қашаннан?

	-нан / -нен	-дан / -ден	-тан / -тен
Жалғаулары	м,н,ң	-а, -э, -е, -и, -у, -ы, -і, -ю, -я	қатаң -к, -қ, -п, -с, -т, -ш
		ұяң -ж, -з, үнді -й, -л, -р, -у	ұяң -б, -в, -г, -ғ, -д,

Мысалы: дүкеннен, мектептен, үйден, матадан.

Тақтамен жұмыс.

Сықырлы қоржыннан сөздер алып, шығыс септік жалғауларын жалғау.

Бөлмеден, шкафтан, қораптан, сөреден, сыныптан, ойыншықтан, оқушыдан, мұғалімнен, кітаптан.

Жұмбақтар шешу.

Аяғы бар жүрмейді,

Аузы бар күлмейді.

Айнымайды бөпемнен,

Тек сөйлеуді білмейді. (қуыршақ)

Суға салсаң батпайды,

Түскен жерде жаппайды. (доп)


Кезікті бір жануар,

Үстінде екі тауы бар. (түйе)

Ойыншықтар туралы тақпақтар айту.

IV. Сабақты бекіту.

Тақырыптық түйінді сөздер.



V. Үйге тапсырма беру.

Гүлзат НАЙМАНОВА,
Алматы қаласындағы
№117 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ӘДЕПТІЛІК – ӘР АДАМНЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: мәтінді түсініп оқып, сұрақтарға жауап беру. **Міндеттері:** **білімділік** – сөйлемдерді көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелерін табу және ережелерді қайталау; **дамытушылық** – сұрақтарға дұрыс жауап беруді, сауатты оқуды, жазуды, сөздік қорын байытуды, ауызекі тілде сөйлеуді дамыту; **тәрбиелік** – тақырып бойынша оқушыларды үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуін, «әдептілік, әдемілік» сөздерінің мағынасын аша отырып, парасаттылыққа, инабаттылыққа, әдептілікке, сыйласымдылыққа, тәртіпті, ізетті болуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Көрнекіліктер:** тақырып бойынша суреттер, қима қағаздар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Міндеттері:

Сабақта жұмыс жүргізу үшін қалыпты сыртқы жағдайды қамтамасыз ету;

Оқушыларды қарым-қатынасқа психологиялық дайындау;

Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру;

Оқушылардың көңілін сабаққа аударуды ұйымдастыру.

2. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.

3. Өткен сабақ пен жаңа сабақты сабақтастыру.

Міндеттері:

А) өткен сабаққа шолу; (сұрақ-жауап жасау);

Ә) өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыру;

Б) жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

4. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі.

Міндеттері: грамматикалық форманы, жаңа сөздерді, жаңа материалды таныстыру, меңгерту.

Жаңа сөздермен жұмыс жасау: үлгілі – образец, пример;

инабат(-ты) – галантность (-ный);

ізеттілік – почтение, воспитанность.

Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастыру.

Мысалы: Үлгілі отбасы, инабатты адам, ізеттілік көрсету, т.б.

Жаңа сөздермен сөйлем құрастыру.

Мысалы: Самат үлгілі отбасынан шыққан. Біздің жиында көп инабатты адамдар болды. Сыныбымызда ізетті балалар көп, т.б.

5. Жаңа материалды меңгеру дәрежесін тексеру кезеңі.

Міндеті: жаңа материалды оқушының қаншалықты меңгергенін тексеру.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар. Сұрақтарға дұрыс жауап беріндер.

«Әдепті дегенше, әдемі десейші». Үлкен-кіші болсын, әдеп сақтау – халықтық тәлім-тәрбиенің аса үлгілі, тәрбие ісіндегі қалыптасқан заңы, жолы бар ерекше қасиетті тәлімдік дәстүрі. Ұлтымыздың үлкеннің кіші алдындағы, еркектің әйел алдындағы, әйелдің еркек алдындағы әдеп сақтаудың тамаша үлгілері өте көп. Мысалы, үлкеннің жолын кеспей, бұрын сөйлемей, халық ортасындағы инабат, сәлем беру, сәлем алу жолы, тағы сол сияқты адамгершілік, сыйлау, сыйласу халқымыздың ертеден келе жатқан әдебі әрі ғұрпы. Бұлардың бәрі жасына қарамастан, тәртіп, тәрбие жолына үздіксіз әрі үзіліссіз қызмет етіп келеді. Әдептілік – әр адамның бет-бейнесі, өзін-өзі таныту жолындағы іс-үлгісі, ізеттілікке апаратын ең басты қасиеті. (С.Кенжеахметұлы)

Сұрақтар:

1. Әдеп сақтау қандай дәстүр? Әдеп сақтау – халықтық тәлім-тәрбиенің аса үлгілі, тәрбие ісіндегі қалыптасқан заңы, жолы бар ерекше қасиетті тәлімдік дәстүрі.

2. Әдепті адам қандай болады? Әдепті адамның келбеті де, киімі де, жан дүниесі де, ойы да әдемі болуға тиіс. (А.П.Чехов)

3. Үлкендердің алдында сендер қандай әдеп сақтайсыңдар? Үлкеннің жолын кеспеу, бұрын сөйлемеу, халық ортасындағы инабат, сәлем беру, сәлем алу жолы, тағы сол сияқты адамгершілік, сыйлау, сыйласу халқымыздың ертеден келе жатқан әдебін әрі ғұрпын сақтаймыз.

4. Әдептілік деген не? Әдептілік – әр адамның бет-бейнесі, өзін-өзі таныту жолындағы іс-үлгісі, ізеттілікке апаратын ең басты қасиеті.

6. Жаңа материалды бекіту кезеңі. Міндеті: жаңа материалды ауызекі және жазба тілде қолдана алу біліктілігін қалыптастыру.

2-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелерін табыңдар.

1. Қазақ халқында қарттарды құрметтеу, үлкендерді сыйлау, балаларға жанашырлық, жастарға қамқорлық ету, ата-ананы ардақтау, әйелдерді аялау ізгі дәстүрге айналған. (Н.Мыңжани)

2. Қазақ баласын үлкенді сыйлауға кішкентайынан үйретеді.

3. Қарттардың үлкен құрметке ие болатыны сонша – үй ішінде бір мәселе төңірегінде кеңес етсе, бәрі де қарттың сөзіне тоқтауға мәжбүр. (Э.Вульфсон)

7. Жаңа сабақты қорытындылау. Міндеттері: сабақтың тәрбиелік мақсатын ашу; жаңа материал бойынша ойын қорытып айта алуға дағдыландыру.

3-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мағынасын ашып, оларды аударыңдар.

1. Өзек қуа ағады,
Өзен судың саласы.
Алыстан сәлем береді,
Әдепті елдің баласы.

2. «Сіз» деген әдеп,

«Біз» деген көмек.

3. Ұлың өссе, ұлы үлгілімен ауылдас бол.
Қызың өссе, қызы үлгілімен ауылдас бол.
4. Әдепсіз бала ауыздықсыз атпен тең,
Ақылды қария жазып қойған хатпен тең.
5. Сыйластық екі жаққа бірдей.
6. Әдептің не екенін,
Әдепсіз адамды көргенде ұғарсың.
7. Жаста берген тәрбие – жас қайынды игендей.
8. Аға әдепті болса, іні әдепті.
Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.
9. Әдепті бала, ата-анасын мақтатар,
Әдепсіз бала, ата-анасын қақсатар.
10. Үлкенді сыйласаң – қадірлі боласың,
Кішіні сыйласаң – құрметті боласың.

8. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі.

Міндеттері: Оқушылардың материалды меңгеру сапасын анықтау; Өзін-өзі және өзара бақылаушылық мүмкіндігін дамыту.

Оқушылардың қосымша тапсырманы өз бетінше орындауын қадағалап, сабақты қалай меңгергенін тексеру.

4-тапсырма. Қима қағаздар арқылы топтық жұмыс жасау.

Берілген мәселелер бойынша пікірталас өткізіндер.

I топ – Адамды іс-әрекетіне қарап бағалау керек.

II топ – Әдептілік – әр адамның бет-бейнесі.

III топ – Баланы жастан тәрбиеле.

9.Үй тапсырмасы. Міндеті: оқушыларға үй тапсырмасының мақсатын, мазмұнын, орындау тәсілдерін түсіндіру.

1-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді теріп жазыңдар, олардың жасалу жолын анықтаңдар, 29-30 бет.

1)Жаңа сөздерді жаттап, бірнеше сөз тіркестерін, сөйлемдер құрап жазыңдар.

10. Сабақтың бағалау кезеңі. Міндеті: Өзара бақылау; жеке оқушының және сыныптың жұмысы мен қабілеттілігіне сапалы баға беру (ынталандыру, мадақтау, ескерту, т.б.)

Сабаққа атсалыса қатысып отырған балаларға тиісті бағаларын қойып, қосымша тапсырманы орындаған оқушыларға жауап бергеніне қарай бағалау жасап, кемшіліктері мен қателіктері болса айтып, түзетіп, қайталап түсіндіру.


11. Рефлексия кезеңі.

Міндеттері:

Оқушының көңіл-күйін, іс-әрекетін, оқушылар мен мұғалімнің өзара қатынас рефлексиясына жағдай жасау;

Оқушылардың өзін-өзі ұстай білуі және ынтымақтастық қағидаларын түсінуін қамтамасыз ету.

Сергіту сәті: «Әдептілік» сөзіне қатысты сөздерді табу.



Сайлаугүл СПАНОВА,
Алматы қаласындағы
№117 жалпы білім
беретін мектебінің қазақ тілі
пәнінің мұғалімі.

ӘДЕПТІЛІК – ӘР АДАМНЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ

(8-сынып)

Мақсаттары: білімділік – мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу, мәтіннің мазмұнын айтуға дағдыландыру. Жаңа сөздер мен

сөз тіркестерін меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу қабілеттерін дамыту, ой-өрісін, тілдік сезімдерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды әдептілікке, адамгершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Жалпы қабылданған әдеп нормаларын сақтау әдетін қалыптастыру.

Түрі: жаңа тақырыпты меңгеру. **Көрнекілігі:** компьютер, суреттер, грамматикалық кестелер, тірек-сызбалар, қима қағаздар, сандық.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

- оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.
- сабақтың тақырыбы, мақсаты.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

Өткенді қайталау. Алған білімімізді ортаға салайық, тексерейік: а) өткен тақырыптар бойынша оқушылар бір-біріне сұрақ қояды; ә) тест сұрақтарына жауап береді; б) мұғалімнің сұрағы:

- Балалар, сендер отбасы туралы, қыз бен ер баланың тәрбиесіне байланысты қазақтың қандай мақал-мәтелдерін білесіңдер?

3. Жаңа сабақ:

1. Кіріспе сөз: Әдеп – халықтың әдет – ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп. Бұған инабаттылық, ізеттілік, кішіпейілдік қасиеттері жатады. Әдептілік – адамдардың өзара жақсы қарым-қатынасының, жүріс-тұрысының ережесі.

1. Мәтінмен жұмыс. 1. Мәтінді тыңдау (компьютер).

2. Сөздік жұмысы.

Жаңа сөздер мен сөз тіркестері:

Үлгі, қалыптасқан заң, инабат, ізет, өзін-өзі тану, сыйлау.

Мәнерлеп оқу. Хормен оқу.

Изет, сыйлау сөздерінің синонимін тап.

Синонимдерді қатыстырып, алдымен сөз тіркестерін, содан соң сөйлем құрастыру.

А) Мәтінді тізбектеп оқу. Ә) Мәтінді сөздіктің көмегімен түсініп оқу. Б) Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, әңгімелесу. В) Мәтінге сүйеніп, әдептілікке байланысты ереже құрастырайық.

Әдепті болу үшін не істеу керек (оқушылар әдептілік туралы ережелер, ақыл – кеңестер жазады).

4. Грамматикалық тапсырмалар: 1. Мәтіннен сын есімдерді теріп жазыңдар 2. Сөйлем мүшелерін еске түсіру. Сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдап, тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін анықтаңдар. Әрқайсысына сұрақ құраңдар. Тақтаға жаздыру:

1. Қазақ халқы ерте заманнан өз балаларын әдептілікке тәрбиелеген.

2. Әдепті бала ата-анасын сыйлайды.

3. Ол өз Отанын қадірлейді.

4. Жеке жұмыс – үлестірмелі кима қағаздар.

1. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құраңдар: Қазақстан, туған, менің, жерім.

Жүзге, жуық, Қазақстанда, өмір, сүреді, ұлттар мен халықтар.

Мемлекеттік, қазақ тілі, елімізде, тіл.

II. «Әдептілік» сөзін септеңдер.

III. Төмендегі мақалды толықтырыңдар:

Әдепті бала – бала,

Әдепсіз бала – сорлы бала.

Жақсыдан –

Жаманнан – жирен.

..... белгісі.

Иіліп сәлем бергені.

..... деген – әдеп

Біз деген – көмек.

Керекті сөздер: арлы, әдептілік, үйрен, сіз.

5. Топтық жұмыс. Әдепті сөздер – «сиқырлы сөздер». Қай топ «сиқырлы сөздерді» көп біледі? Қандай «сиқырлы сөздерді»

білесіңдер? Берілген қағазға (жүрек суреті) «сиқырлы сөздерді» жазып, сандыққа салу керек.

- Өте жақсы, осы сөздерді біз жазып қана қоймай, әрдайым еске сақтап, бір-бірімізге жақсы, әдемі сөздер айтып, үлкендерді сыйлап жүрсек, қандай тамаша болар еді.

Әдептілік ережесін әрдайым сақтап, орындап жүр. Әдепті бол!


Әдепті бала қуантады.

6. Сабақтың қорытындысы.

№1 тапсырма. I қатардағылар әдептіліктің белгісін атайды.

№2 тапсырма. II қатар «Әдептілік» ұғымына сипаттама береді.

№3 тапсырма. III қатар «Әдептілік» сөзіне тірек-сызба құрастырады.



- Әдептілік деген не?

- Әдеп сақтау қандай дәстүр?

- Мәтін кімге арнап жазылған?

7. Рефлексия. – Балалар, бүгін біз сіздермен қандай тақырып өттік? Не туралы айттық?

Бүгін біз сабақта нені білдік?


8. Оқушыларды бағалау.

9. Үй тапсырмасы: оқулықтың 29-бетіндегі мәтінді мазмұндау, сөздікті жаттау.

Миргүл РАКИШЕВА,
Батыс Қазақстан облысының
Орал қаласындағы
А.С.Макаренко атындағы
№6 жалпы орта білім
беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АСТАНА – ӘСЕМ ҚАЛА

Сабақтың мақсаты:	
Білімділік:	Қазақстан Республикасының астанасы туралы жан-жақты мағлұмат беру, грамматикалық тақырыпты қайталау.
Дамытушылық:	Жаңа сөздер арқылы оқушылардың сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін, ойлау қабілеттерін, сауатты жазу дағдыларын дамыту.
Тәрбиелік:	Отанын, халқын, жерін сүйге, елін құрметтеуге баулу, патриотизмге тәрбиелеу.
Түрі:	Жаңа сабақ.
Әдісі:	Баяндау, ауызекі сөйлесу, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап...
Пәнаралық байланыс:	Тарих, орыс тілі.
Көрнекілігі:	Астана қаласының көріністері туралы бейнеролик, суреттер интерактивті тақта, кесте.
Сабақтың барысы:	
I. Ұйымдас-тыру кезеңі:	<p>1. Амандасу, түгелдеу, сабаққа дайындықтарын тексеру.</p> <p>2. Сабақтың психологиялық ахуалын қалыптастыру. «Шаттық шеңбері» ойыны. Оқушылар келген қонақтарға өздерін таныстырады, бір-біріне тілек айтады.</p> <p>3. Ауызекі сөйлесу. (өткен тақырыптар бойынша)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Күнгізбенің қандай түрлері бар? - Күнгізбе неше күннен тұрады? - Күнгізбеге нелер кіреді? - Бір аптада неше күн бар? - Аптаның қай күндері болады? - Бүгін аптаның қай күні?

II. Жаңа сабақ:	<p>1. Мұғалімнің кіріспе сөзі (жаңа сабақтың мақсатын хабарлау, тақырыпқа байланысты сұрақ қою)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Астана қай елдің астанасы? - Астана қандай қала? - Астанада нелер бар?
Сөздік жұмысы:	<p>2. Астана туралы бейнеролик.</p> <p>Тұрғын – житель; орталық – центр; ғимарат – здание; бой көтерді – выстроились; қасиетті – священный; танымастай – неузнаваемо; ұлт өкілдері – представители нации; болашақ – будущее; өзгерді – изменился; елбасы – глава государства; қонақ үй – гостиница; жастар сарайы – дворец молодежи; көп қабатты – многоэтажный; ескерткіш – памятник.</p>
	-Жаңа сөздерді мұғалім оқиды, оқушылар хормен оқиды, кезектесіп оқиды, жуан, жіңішке сөздерді бөліп оқиды, буын түрлерін ажыратады; -сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады.
III. Мәтінмен жұмыс:	<ul style="list-style-type: none"> - Мәтінді мұғалімнің оқуы. - Мәтінді оқушылар дауыстап оқиды (1 рет), тізбектеп оқиды.
Мәтін бойынша сұрақ-жауап:	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанның астанасы қай қала? - Астана қай өзеннің бойында орналасқан? - Есіл өзенінің бойында қандай ғимараттар бой көтерді? - Парламент үйінің алдында кімдердің ескерткіштері қойылған? - Астанада қанша ұлт өкілдері тұрады? - Қала тұрғындарының саны қанша?
IV. Граммати-калық тақырып:	Топпен жұмыс (берілген сөздерді тәуелдеу, әр қатардан тақтаға бір оқушы шығып тәуелдейді) 1-қатар – Астана. 2-қатар – қала. 3-қатар – туған жер.
Тапсырма:	3 – тапсырма, 72-бет (ауызша сөйлемдер құрастырып, сәтті шыққан 1-2 сөйлемді тақтаға жаздырту)
V. Сабақты қорытын-дылау:	<p>Тірек-сызба арқылы мәтіннің мазмұнын айтқызу.</p> <p style="text-align: center;">ҚР астанасы</p> 
Бағалау:	
Үйге тапсырма:	Тірек-сызба бойынша мәтінді мазмұндау, жаңа сөздерді жаттау.

Гүлнұр ЖАНБАБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№117 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АСТАНА – ӘСЕМ ҚАЛА

(6-сынып)

Мақсаты: оқушыларға жаңа тақырыптың мазмұнын аша отырып, жаңа сөздерді меңгерту. **Міндеттері:** білімділік – еліміздің елордасы - Астана қаласы жайлы түсініктерін кеңейту; дамытушылық – ауызекі тілді дамыту, танымдық ой-өрісін кеңейту, сана-сезімін, ой, ми қабілетін жетілдіру, шығармашылық белсенділігін арттыру, қазақша жатық сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру, білімге құмарлығын дамыту, сөз қорын байыту; тәрбиелік – Отанын сүйуге, тарихын, салт-дәстүрін білуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Әдіс-тәсілдері:** ізденіс, ғылыми-зерттеу, ой қозғау, ой түйіндеу, пікірталас, сұрақ-жауап, пәнаралық байланыс, салыстырмалы. **Көрнекілігі, ОТҚ:** Қазақстан картасы, иллюстративтік, үлестірмелі қосымша материалдар, кима қағаздар, дидактикалық материалдар, кестелер, сызбалар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру.

Міндеттері: Сабақта жұмыс жүргізу үшін қалыпты сыртқы жағдайды қамтамасыз ету;

Оқушыларды қарым-қатынасқа психологиялық дайындау;

Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру;

Оқушылардың көңілін сабаққа аударуды ұйымдастыру.

2. Ұй тапсырмасын тексеру.

3. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі.

Міндеттері: грамматикалық форманы, жаңа сөздерді, жаңа материалды таныстыру, меңгерту.

Ой қозғау стратегиясы:

1. Қазақ елінің Отаны қалай аталады? 2. Қазақстан қандай мемлекет? 3. Қазақстанның елбасы кім? 4. Қазақстанның ірі қалаларын атаңдар. 5. Қазақстанның астанасы қай қала? 6. Астана қандай қала? 7. Қазақстан қандай өңірлерге бөлінеді? 8. Астана қай өңірге жатады?

Сызбамен жұмыс (тарихқа шолу)

Қазақстанның ескі, жаңа елордаларымен таныстыру (мұғалім таныстырады). Сызба, суреттер интерактивтік тақтада.

Астана болған қалалар: 1925 жылы Қызылорда (Ақмешіт). 1929 жылы Алматы (Верный). 1997 жылы Астана (Ақмола). 1998 жылы 6 мамырда Ақмола қаласының аты Астана болып өзгертілді.

Қала атауларының өзгеруі:

1961 жылы – Ақмола қаласы

↓

1961-92 жылы – Целиноград

↓

1993-98 жылдары – Ақмола

↓

1998 жылы 6-мамырда – Астана

Мәтінмен жұмыс істемес бұрын жаңа сөздермен танысайық. Жаңа сөздерді оқу, аудару, сөздік дәптерге жазып алу.

Сөздік: Сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыру. *Елорда – столица; жүрек – сердце; солтүстік – север; көркею – расцветать; ғимарат – здание; үкімет – правительство.*

Мәтінмен жұмыс.

Оқылым: 5-тапсырма, 74-бет. Мәтінді мәнерлеп оқу, түсіндіру. Мәтінді оқушылар тізбектеп, мәнерлеп оқиды.

Тіл білімі. Назар аудар, 75-бет. Дәптерге жазып алып, есте сақтау.

4. Жаңа материалды меңгеру дәрежесін тексеру кезеңі.
Міндеті: жаңа материалды оқушының қаншалықты меңгергенін тексеру.

6-тапсырма, 75- бет. Берілген етістіктерге көсемшенің жұрнағын жалғаңыз.

6. Жаңа материалды бекіту кезеңі. Міндеті: жаңа материалды ауызекі және жазба тілде қолдана алу біліктілін қалыптастыру.

Сөзжұмбақ шешу. Мына сөздерді қазақ тіліне аударыңдар.

– Сонымен, балалар, қандай сөз шықты?

– Астана.

8. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі.

Міндеттері: Оқушылардың материалды меңгеру сапасын анықтау;

Өзін-өзі және өзара бақылаушылық мүмкіндігін дамыту.

3-тапсырма, 74-бет. Сөздерді жұптастырыңыз.

9. Үй тапсырмасы.

Міндеттері: Оқушыларға үй тапсырмасының мақсатын, мазмұнын, орындау тәсілдерін түсіндіру.

а) Жаңа сөздерді жаттау;

ә) «Астана – әсем қала» мәтінін мазмұндау. 4-тапсырманы жазу. Мәтін бойынша бос орынды толтырыңыз. Үлгі: Мақсат Астанада туды.

10. Бағалау.

Міндеті: Өзара бақылау, жеке оқушының және сыныптың жұмысы мен қабілеттілігіне сапалы баға беру (ынталандыру, мадақтау, ескерту). _____

11. Рефлексия кезеңі:

Міндеттері: оқушының көңіл-күйін, іс-әрекетін, оқушылар мен мұғалімнің өзара қатынас рефлексиясына жағдай жасау; оқушылардың өзін-өзі ұстай білуі және ынтымақтастық қағидаларын түсінуін қамтамасыз ету.

Гүлжанат АБАКАШЕВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Өскемен қаласындағы
Дарынды балаларға арналған
«Восток» дамыта оқыту ғылыми-зерттеу
арнайы мектеп-кешен-орталығының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТӘН ДЫБЫСТАРДЫ ҚАЙТАЛАУ

(1-сынып)

«Еліміздің ең басты байлығы – сапалы білім».

Н.Ә.Назарбаев.

Білім көзі – бастауышта. Сондықтан бастауышта алған білім де, оқытқан мұғалім де адам есінде мәңгі сақталады. Мен сабақ орыс тілінде жүретін мектептің бастауыш сыныбында қазақ тілі пәнінен сабақ беремін. Бұл буында балаларға меңгертетін басты тақырып – қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрену. Бұл тақырып ең керекті және ең күрделі болып табылады. Сіздердің назарларыңызға өзімнің бір сабағымның жоспарын ұсынып отырмын. Мұндай жұмыстар өз тәжірибемде үлкен жетістік беріп отыр. Бұл менің өз еңбегім, өз нәтижем.

1-сыныпта қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталау.

Ұ-Ү дыбыстары.

Сабақтың мақсаты: алдыңғы сабақтарда алған білімдерін пысықтау. **Міндеттері:** а) меңгерген дыбыстарды дұрыс қолдана білуге үйрету; ә) оқушылардың сөздік қорын молайту; б) есте сақтау қабілетін жетілдіру; в) пәнге деген қызығушылығын арттыру. Түрі: қайталау сабағы. Әдіс-тәсілдері: суретпен

жұмыс, сұрақ-жауап, ойын ұйымдастыру. **Көрнекілігі:** электрондық оқулық, тақырыптық суреттер, интербелсенді такта, үлестірмелі материалдар.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- 1) Сәлемдесу.
- 2) Сыныпты түгелдеу.
- 3) Сабаққа назар аудару.

II. Тілдік ортаға ену.

- Қазір қай жыл мезгілі?
- Қай ай?
- Аптаның қай күні?
- Сыныпта кім жоқ?

III. Фонетикалық жаттығу. Жаңылтпаштар.

1. Түлкі – айлалы аң, айлалы аңға айла пайдалан.
2. Мұз-тұз, тұз-мұз, бәрі де тұз бен мұз.

IV. Сабақтың тақырыбын анықтау үшін бағдар беру.

Интербелсенді тактада үш сурет берілген. Осы үш суреттің атауында кездесетін қазақ тіліне тән дыбысты табу керек. Суреттерді балалар кезектесіп атап шыққан соң сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбысты айтады. Ол дыбысты әр бала жеке-жеке бір айтып шыққан соң, қатар болып қайталайды.

Балалар осы сөздерді атап, үшеуінде де кездесетін Ү дыбысын атайды.

Оқушылар бұл суреттер атауындағы ортақ Ү дыбысын атайды.

- Балалар, қалай ойлайсыңдар, сабағымыздың тақырыбы қандай?

Оқушылар сабақтың тақырыбын анықтап, мұғалімнің көмегімен мақсатын, міндеттерін айтады.

V. Сабақты жүргізу.


Дыбыстардың айтылуын қайталап, артикуляциясын пысықтаймыз.

Әр бала жеке-жеке атап, содан кейін қатар болып қайталайды. Екі бала біреуі ү дыбысын, екіншісі ұ дыбысын кезек атайды.

Екі дыбыстың айтылуын салыстырады. Жуан және жіңішкелігін ажыратамыз. Бұл дыбыстар кездесетін сөздерді еске түсіреміз.

Әріп таңбасын қайталап, жазылуын пысықтаймыз. Әріптердің жазылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылығын атаймыз. Бала көзімен қарағанда бұл әріптердің неге ұқсайтынын айтқызамыз. Берілген бірнеше әріптерден сөздер құрау.

Мысалы:



VI. Осы дыбыстар кездесетін сөздерді қайталау. «Кім жылдам?» ойыны.

Бұл ойынды доппен ұйымдастырамыз. Бір бала допты лақтырып, ү дыбысы бар сөзді айтады, екінші бала қағып алып, сол сөзбен сөз тіркесін немесе сөйлем құрайды.

Мысалы: Ү – Үшақ – Үлкен ұшақ.

Ү – Түлкі – Түлкі – жабайы аң.

VII. Ү-Ү әріптерінің жазылуын еске түсіру. Интербелсенді тактамен жұмыс.

Берілген сөздерден түсіп қалған әріптерді жазып шығу. Осы жұмыс арқылы әріптердің жазылуын қайталау.

Т...лкі, қ...с, к...н, ...лу, ж...мыртқа, қ...рал, қ...мыра, с...т, т...н, ...тік, б...зау.

VIII. «Ойлан, тап» ойыны. Жұмбақтарды шешу арқылы қазақ тіліне тән әріптердің жазылуын пысықтау. Мұндай жұмыс балалардың еске сақтау қабілетін дамытады. Ойын түрінде жасаған жұмыстан балалар шаршамайды.

Сүңгіп жүзіп үйретті,

Су жұқпайтын тонына

Кім білмейдіүйректі (Ү)

Басын бастап беремін,

Үя, ұлу, ұшақтың

Құс, жұмыртқа бұтақтың ортасында жүремін. (Ұ)

IX. «Кім тапқыр?» ойыны. Өткен тақырыптар бойынша осы дыбыстар кездесетін сөздерді топтастыру.

«Азық-түліктер»
тақырыбы




шұжық
жұмыртқа
балмұздақ
сүт
алмұрт
жүзім

«Жануарлар»
тақырыбы



түйе
түлкі
ұлу

«Құстар»
тақырыбы



үйрек
үкі
бұлбұл

Адам аттары
Гүлім
Ұлан
Үміт

X. Сергіту сәті. Түлкі, түлкі, қутыңдайсың,
Айналаңнан тың тыңдайсың.
Құлығыңды асырсаң да
Қасқырдан сен құтылмайсың.

XI. «Кім жылдам?» ойыны. Үлестірмелі қима қағаздар арқылы сөздер немесе суреттер таратылып беріледі.

Осы сөздерді түстері, көлемдері, пішіндері бойынша топтастыру.


Мысалы:
түсіне қарай



алмұрт

Сары
Қызыл
Жасыл

XII. «Кім қай үйде тұрады?». Бұл ойында қазақ тіліне тән әріптерді жуан немесе жіңішкелігіне, дауысты және дауыссыздығына байланысты үйлерге бөліп орналастырамыз.



XIII. Сабақты қорытындылау. Қорытынды рефлексия: Бүгін сабақта қандай жұмыс жасадық? Тапсырмаларды қандай деңгейде орындадық? Өздеріңе қандай баға бересіңдер?

XIV. Үй жұмысы: Ү-Ү дыбыстары кездесетін жаңылтпаштар жаттап келу.

XV. Оқушыларды бағалау.



Дария КӨПШІЛБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№ 90 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МЕН НЕ БІЛЕМІН?

Сабақтың мақсаты:

Білімділік – оқушылардың өткен модуль бойынша алған білімдерін бекіту, тақырыптарды қаншалықты меңгергендерін түрлі тапсырмалар арқылы анықтау, топпен жұмыс істей білу дағдысын қалыптастыру;
дамытушылық – ойлау қабілеттерін арттыру, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту;

	Тәрбиелік – сыныптастарымен достық қарым-қатынасты нығайтуға тәрбиелеу, сауаттылыққа баулу.
Түрі:	бақылау сабақ.
Әдіс-тәсілдері:	Сыни тұрғыдан ойлау, оқытудағы жаңа тәсілдер – диалогтік тәсіл, оқу үшін және оқыту үшін бағалау, жұптық жұмыс, жеке жұмыс, топтық жұмыс.
Пәнаралық байланыс:	орыс тілі, әдебиет, музыка.
Корнекіліктер:	суреттер, ұнтаспа, үлестірмелі кеспелер, сөзжұмбақ, бағалау фишкалары мен бағалау парағы.
Формативті бағалау түрі:	өте жақсы, жақсы, қанағаттандырарлық.

Мұғалім мен оқушының іс-әрекеттері

Уақыты	Жұмыс түрлері	Мұғалімнің ролі	Оқушының ролі
3 мин.	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық тренинг. «Менің көңіл-күйім» жаттығуы.	Мұғалім оқушылар арасында ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады. -Бүгін көңіл-күйлерің қалай?	Оқушылар өз көңіл-күйлерін айтады, үш топқа бөлінеді, тақпақ оқып, төл дыбыстарды қайталайды, дыбыстық талдау жасайды, жіктік жалғауында тұрған сөздерді тауып айтады.
	Фонетикалық жаттығу. Мен ақылды баламын, Оқимын да жазамын. Күлемін де ойнаймын. Бөлмеді де жинаймын.		
7 мин.	Үй тапсырмасын тексеру. Өткенді еске түсіру.	Оқушы жауаптарын тындайды, жазба жұмыстарын тексереді, тиісті бағалау фишкаларын береді.	Өлеңді жатқа айтады, өткенді еске түсіреді, кеспеде берілген сөзге тиісті жіктік жалғауын жалғап жазады.

5 мин.	Қызығушылықты ояту. «Миға шабуыл» стратегиясы.	<p>Сұрақтар қояды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сенің отбасыңда неше адам бар? - Сен нешедесің? - Сенің досың қандай? - Сенен үлкен қыз саған кім болады? - Сенің әкеңнің шешесі саған кім болады? - Сенен кіші ұл саған кім болады? - Сенің анаңның шешесі саған кім болады? - Сен кімге ұқсайсың? - «БІ» қандай дауысты дыбыс? - Сенің бөлмең қандай? - Бөлмеде не бар? - «Ә» қандай дыбыс? - Сен тісіңді неше рет тазалайсың? Қашан? - Сен ойыншықтарыңды қайда саласың? - Сен киімдеріңді қайда ілесің? 	Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жылдам жауап береді.
1 мин.	Сергіту сәтін жүргізу. «Қызыл өрік» әні.	Ұнтаспаны косады.	Сергітуді қимыл арқылы көрсетіп, билейді, сәл тынығады.
5 мин.	Диалог құрастыру. Сурет бойынша сөйлету.	Тақтаға суреттер іледі. «Отбасы, бөлме, дос» тақырыбына байланысты суреттер.	Тақтада берілген сурет бойынша сұхбат құрастырады.
3 мин.	Жұптық жұмыс. Сөзжұмбақ шешкізу.	Сөзжұмбақты таратады.	Әр жұп сөздердің аудармасын тауып, сөзжұмбақты шешеді, сөзжұмбақты ауыстырып, әр

			жұп бірін-бірі бағалайды.
7 мин.	Топтық жұмыс. Мәтінмен жұмыс.	Әр топқа мәтін таратады, тапсырманы түсіндіреді, барлық оқушының жұмыс істеуін қадағалайды, бағалау фишкаларын беріп отырады.	Мәтінді оқиды, аударады, мәтінге ат қояды, мәтін бойынша 4 сұрақ құрастырады.
5 мин.	Жаттығу жұмысы. «Дос, бөлме, отбасы» сөздерін тәуелдеу.	Тапсырманы түсіндіреді.	Мәтінде көрсетілген сөзді тәуелдеп жазады.
2 мин.	Аудирование. «Әже» туралы тақпақты тыңдату.	Үнтаспаны қосады.	Оқылған өлеңнің мазмұнын өз ойларымен жеткізеді.
2 мин.	«Кім жылдам?» ойыны.	Санамақтарды оқиды: Үстелдің үстінде екі алма, Үстелдің астында үш алма, Анардың қолында екі алма, Барлығы болады қанша алма? (7 алма)	Санамақты мұқият тыңдап, сандарды қосып, шешімін тауып айтады.
		Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық, екеуіміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен! (бесеуіміз)	
2 мин.	Сабакты қорыту. Топтық жұмыс.	Керекті құралдарды, флипчартты таратады, тапсырманың орындалуын түсіндіреді.	Берілген сөздер бойынша сөйлемді дұрыс құрастыра отырып сөздерді ретімен жазады, оны оқиды. 1. Менің бөлmem

			кең және жарық. 2. Менің отбасымда төрт адам бар. 3. Менің досым әдемі және көңілді.
1 мин.	Үй тапсырмасы: 1. Берілген мәтінді әңгімелеу. 2. №3 жұмыс дәптердің 8-12-беттерін жазу.	Тапсырманың орындалу жолын түсіндіреді.	Оқушылар күнделіктеріне жазады.
1 мин.	Бағалау.	Бағалау парағы бойынша қорытынды бағасын қояды.	Берілген фишкаларын санайды.
1 мин.	Рефлексия.	- Не білдік? - Не түсініксіз? - Не ұнады?	Сабактан алған әсерлерін жазып, тиісті смайликтерге жапсырады.



Лиза БЕКБАЕВА,
Үшқоңыр ауылындағы
орта мектептің мұғалімі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты: 1) көшеде жүрі тәртібі туралы білімдерін тиянақтау; 2) көше тәртібін әрдайым сақтауға, қиын жағдайларда дұрыс шешім таба білуге тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру; 3) оқушылардың ой-өрістерін, жан-жақты білімдерін дамыту.

Түрі: сайыс. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, топпен жұмыс, ойын. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, бағдаршам макеті.

I. Ұйымдастыру, оқушылармен амандасу.

II. Қызығушылығын ояту.

Сұрақ-жауап: - Балалар, көшеде жүру ережесі бізге не үшін қажет? Жиек жол деген не? Жаяуға қай жермен жүруге болмайды? Көшеде жүру тәртібін кім басқарды? Бағдаршам туралы не білесіңдер?

- Балалар, енді, ортамызға бағдаршамды шақырайық. *(Бәрі бірге бағдаршамды шақырады).*

Бағдаршам: - Амансыңдар ма, балалар, жол ережесі туралы не білесіңдер?

Мұғалім: - Отырыңыз, бағдаршам. Оқушылардың «Жол ережесі» туралы сайыстарын көріп, өз бағаңызды беріңіз.

III топқа бөлу. Оқушылар 3 топқа бөлінеді.

1-топ: «Қызылдар». Ұраны: Қызыл көзін ашқанда,
Ешқашанда баспа алға.

2-топ: «Сарылар». Ұраны: Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.

3-топ: «Жасылдар». Ұраны: Жасыл көзін ашқанда,
Жүре бергін жасқанба.

- Ал, енді, балалар, бағдаршам туралы қандай тақпақтар білесіңдер?

1-оқушы: - Қып-қызыл үшбұрыш
Ескерту белгісі мен боламын.
Қауіптен сақ бол деп,
Сәт-сапар жолдаған.

2-оқушы: - Сарымен боялған шеңберім аумақты
Тыйымшыл белгімін, қаталмын салмақты.
Мен тұратын жерлерде хақың жоқ жүруге
Қауіп бар, бағдарла, көз салып жан-жаққа.

3-оқушы: - Баратын жерінің бағыты тұрағым,
Үн-түнсіз жол сілтеп, жол нұсқап тұрамын.
Күндіз де, түнде де от болып жанады,
Көк түске боялған төртбұрыш шырағым.

1-сайыс. «Кім шапшаң?». Интерактивті тақтадан үш топқа тест сұрақтары қойылады. Топ оқушылары кезекпен жауап береді.

2-сайыс. Блиц-турнир сұрақтары. Әр топқа үш сұрақтан қойылады. Топ оқушылары сұрақтарға бірден жауап беруі керек.

Қызыл топ: 1. Жаяу жүргіншілер қандай жерлермен жүреді? 2. Жол бойында балалардың ойнауына қатаң тыйым салынған себебі неліктен? 3. Жолды неге тек жол өткелдерінен қиып өтуге тиіспіз?

Сары топ: 1. Жол өткелінен жүгіріп өтуге бола ма? 2. Жол жиегінде тұрған көліктердің қай жағынан өту керек? 3. Бағдаршам жарықтарының қызметі қандай?

Жасыл топ: 1. Велосипедпен неше жастан бастап жүруге болады? 2. Бағдаршам қойылған жол өткелі қауіпті ме, әлде бағдаршам қойылмаған жол өткелі қауіпті ме? 3. Жол бойындағы тоқтап тұрған көлік неліктен қауіпті?

3-сайыс. «Жол белгілерін еске түсірейік» суретті лото ойыны. Әр топқа суреттер таратылады. Жол белгілерін дұрыс тапса жол ережесіне байланысты әңгіме құрастырылады.

4-сайыс. «Кім тапқыр?». Сөзжұмбақ сайысы. Әр топқа сөзжұмбақ жазылған үлестірмелі материал таратылады. Сөзжұмбақты дұрыс шешкенде «Бағдаршамды сыйлаңдар» деген сөз шығады.

IV. Ой-толғаныс.

Қорытынды. 1. Балалар, бағдаршам деген не? 2. Үш қызметін атандар.

- Ал, енді, балалар, бағдаршамды шығарып салайық. Бағдаршам ортаға шығып: - Сендер мен туралы көп нәрсе біледі екенсіңдер. Рахмет сендерге, балалар,- деп қоштасып шығып кетеді.

- Ал, енді, балалар, үйге тапсырма: «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбына эссе жазып келу.

Орынша ИСКАКОВА,
Қаскелең қаласындағы
С.Керімбеков атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

КӘМЕН ОРАЗАЛИН. «АБАЙ ШАҢЫРАҒЫ»

Мақсаты: білімділік – оқушыларға Кәмен Оразалиннің «Абай шаңырағы» әңгімесін оқыту арқылы Абай өмірі жайында мәліметті толықтыра отырып, оқу дағдысын қалыптастыру, түсінгендерін қысқа әрі нақты әңгімелей білуге үйрету; **дамытушылық** – сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; **тәрбиелік** – үлкенді сыйлауға, ізетті болуға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу, дәлелдеу, зерттеу. **Көрнекілік:** оқулық, суреттер, стратегиялар, топтық тапсырмалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушы зейінін сабаққа аудару.

- Күнге қолдарыңды созыңдар. Күннің жомарт сәулелері ананың нәзік алақанындай аялайды, сипалайды, жылытады. Сиқырлы күн барлық өкпе мен мұңды ерітіп жібереді. Жүрегімізді жылу мен махаббатқа толтырады.

Барлығы:

- Күн жарығын алақанға саламын,

Жүрегіме басып ұстай қаламын.
Ізгі әрі нәзік, жарық, мейірімді,
Болып кетер сонда дереу жан-жағым.

- Міне, жүрегіміздегі осындай жылумен сабағымызды бастаймыз.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

Еңбекпен тапқан тиын (Грузин ертегісі)

Үй жұмысын топтық тапсырмалар арқылы білімдерін тексеру.

I топ. Ертегіні рөлге бөліп оқу.

II топ. Ертегіні әрі қарай жалғастыру.

III топ. Ертегіні сахналау.

III. Үй тапсырмасын пысықтау:

Еңбек туралы мақал-мәтелдер арқылы қорытындылау.

Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

Еңбек түбі – береке.

Кім еңбек етсе – сол тоқ.

IV. Мақсат қою кезеңі. Тақырыбы мен мақсатын хабарлау. «Үлкенді сыйлау» дегенді қалай түсінесің?

V. Жаңа сабақ: Кіріспе. Абай кім? Ол туралы не білеміз? (Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны. 1845 жылы Семей өңірінде туған) Қандай өлендерін білесің?

Оқулықпен жұмыс. Мәтінді түсініп оқу.

Сөздік жұмыс.

Шымши – өрнектеп тоқылған ши.

Ызу – тігістің түрі.

Алаша – қой жүнінен тоқылған төсеніш.

Сүйектөсек – сүйекпен өрнектеп жасаған төсек.

Әңгіменің мазмұнын «Топпен зерттеу стратегиясы» бойынша түсінеміз және зерттейміз, дәлелдейміз.

I топ. Бұл оқиға қай кезде болған деп ойлайсың? Абай қайтқаннан кейін оның орнын өзгертпей ұстауды кім міндетіне алды? (Күнжан) Ол қыс бойы қандай жұмыстар істеді?

II топ. Кімдер келді? Кәкітай не деді? Күнжанға олар не айтты?

III топ. Әуез қария кімді есіне алды? (Абайды) Неге Әуез қария толқып кетті?

VI. Жаңа сабақты пысықтау: Суретпен жұмыс.

I топ. Мәтіндегі қызыл түспен ерекшеленген сөздерді тауып оқы (уық, керегесінің; қызыл күрең сырмен; ақ жүннен киіз; алаша, сырмақ; сүйек төсек; кітап шкабы; үш ішекті домбыра; қызыл күрең кілемнің; қонақ көрпелер; дөңгелек үстел.)

II топ. Осы сөздерді пайдаланып, суреттегі Абай үйін сипаттап айт.

III топ. Абайдың үйін кім әдемі етіп ұстады? Киіз үйге Кәрім мен Кәкітай қандай баға берді? Күнжанның еңбегіне сен қандай баға берер едің?

VII. Сабақты қорыту:

Бүгінгі сабақтан не білдік? Мәтіндегі әр бөлікке ат қой.

I топ. Абайдың үйін Күнжанның жабдықтауы.

II топ. Қонақтардың бағасы.

III топ. Әуез қарияның толқуы, т.б. өз еркімен.

VIII. Үйге тапсырма: түсініп оқу, мазмұнын әңгімелеу.

Бағалау.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАЙ БІЛЕЙІК

(4-сынып)

Құндылығы: ішкі тыныштық. Қасиеттері: жақсы істер жасай білу.

<p>Сабақтың мақсаты: ішкі тыныштық арқылы баланың бойында «қайырымдылық», «қамқорлық», «жақсылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, адам бойындағы жақсы қасиеттерін тауып, оны құрметтеуге баулу. Сабақтың міндеттері: жақсылық жасаудың адами қарым-қатынастағы мәнділігін түсіндіру; жақсы істер жасай білу іскерліктерін дамыту; қайырымды, қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Ресурстар: оқулық, дәптер, ұнтаспа, DVD, музыка, түрлі-түсті геометриялық фигуралар, нақыл сөздер.</p>
<p>Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезені: Сабақтағы жағымды күйге келу. Тыныштық сәті Денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, көздеріңді жұмындар, ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар. Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын да таза әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек-қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты. Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі.</p>	<p>Оқушыларды түгелдеу. Сабаққа назарын аудару. 5 типті ескеру (тәртіп, талап, тазалық, тыныштық, татулық)</p>

<p>Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарды. Олар нұр мен махаббат құралына айналды.</p> <p>Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көздерімізге де жетті, көзіміз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді.</p> <p>Нұр бірте-бірте қарқындай бастайды, сіздің денеңізден шығып, жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз, олардың да жүрегі нұрға толсын.</p> <p>Ойша айтыңыз: «Мен нұрлымын... Нұр менің ішімде... Мен – Нұрмын». Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз...</p> <p>Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз.</p> <p>Енді жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет!</p>	
<p>Үй тапсырмасын тексеру: Оқушылармен үйде құрастырып келген сөзжұмбақты талдау. Жақсы бала болу үшін балада қандай қасиеттер болу керек?</p>	Сөзжұмбақ
<p>Дәйексөз. Жағымды ой пікір. <i>Біреуге жақсылық етсең, Өз жақсылығыңды міндет етпе.</i></p> <p>Ыбырай Алтынсарин. Дәйексөзді оқып талдау. Дәптерлеріне жазғызып, хормен оқыту. (Біреуге жақсылық жасап, жасаған жақсылығыңды пұлдап, міндет етпеу керектігін айтамын. Адамға жақсылық жасаған соң риясыз, шын көңілмен, жанашырлықпен, адал ниетпен жасау керек. Жасаған жақсылығыңды қайтар деудің қажеті жоқ. Істеген ісіне ақы сұрама деген.)</p>	Қазақ даласына алғаш білім жарығын алып келген адам - Ыбырай Алтынсарин. Қостанай облысында туған. «Қазақ хрестоматиясы» оқу құралын жазған. Қазақ балаларына арнап мектеп ашқан.

<p>Оқиға немесе әңгіме айту: “Адал дос” М.Төрежанов</p> <p>Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Аблан да, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын. Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді. Абыз: - Аблан, қаш, әне, ит келіп қалды – деп қатты қорқып, айқайлап жіберді.</p> <p>Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абланды құтқарып алды.</p>	Әңгімеге байланысты суреттер Мәдіхат Төрежанов (1921-1996) Ақмола обл. дүниеге келген. 1941 жылы педагогикалық инст. филология факультетін бітірген. Мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. «Шегіртке мен ара», «Бітпеген ойын», «Кім ақылды», т.б секілді прозалық шығармалар авторы.
<p>Абыз Абланның жанына келіп: - Мен қаш дегенде неге қашпадың? - Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені, сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп әдейі қалып қойдым,- деді Аблан. - Достар деген осындай болар,- деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп қарап.</p> <p>Әңгімелесу. 1) Аблан қандай жақсылық жасады? 2) Абыз неге қашып үлгермеді? 3) Үлкендер не үшін сүйсініп қарады? 4) Өздеріңде осындай жағдай кездескен кезі болды ма?</p>	
<p>• Балалар, жақсылық деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? Жақсылық жасау деген не? Жақсы адамның бойында қандай қасиеттер болады? Жақсылықты риясыз жасау дегенді қалай түсінесіңдер? Өздеріңнің жақсылық істерің туралы естеріңе түсіріп айтып беріңдер?</p>	
<p>Шығармашылық жұмыс. Топпен жұмыс. I топ “Жақсылық” үйін құрастыру. Тапсырма: “Жақсылық” үйінде қандай адамдар тұру керек. II топ “Бақыт” гүлінің суретін салу. Тапсырма: Сендер өздеріңді қандай оқушы деп санайсыңдар? Өздеріңнің бойларыңдағы жақсы қасиеттеріңді жазыңдар.</p>	

III топ «Жүрек» суретін сал. Тапсырма: Жүректерге жақсы тілектерін жазу.	
Топпен ән айту. «Достар» әні.	
Үй тапсырмасы: достық туралы шығарма жазу.	
Сабақтың қорытынды сәті. Бүгін сабақта не өтілді, соны есімізге түсіріп, бір минут тынышталып, ой елегімізден өткізейік.	



Мәншүк АХМЕТОВА,
№26 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 Шығыс Қазақстан облысы,
 Өскемен қаласы.

ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІНДЕ

(4-сынып)

Мақсаты: білімділік – ертегілер туралы түсініктерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту. Ертегілер туралы білімдерін жетілдіру; **дамытушылық** – оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, шығармашылық шеберліктерін арттыру. Ертегілер арқылы сөздік қорларын молайту, тіл байлығын, ойлау, есте сақтау қабілетін, қиялдау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың эстетикалық сезімдерін ояту. Ертегі арқылы оқушылардың өмірге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Ертегі мазмұны арқылы оқушыларды адамгершілікке, достыққа, жақсылыққа, жамандықтан алыс жүруге тәрбиелеу. **Типі:** дәстүрлі емес. **Түрі:** нәтиже сабақ. **Технологиялар:** ақпаратты-күзиреттілік, сын тұрғысынан ойлау, модульдік оқыту. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, көрнекілік, сахналық көрініс. **Көрнекілігі:**

интерактивті тақта, суреттер, компьютер, кәртiшкелер, ертегі кейiпкерлерiнiң бетперделерi, ертегiге қатысты заттар (сүт, жапырақ, мейiз...). **Пәнаралық байланыс:** орыс тiлi, қазақ әдебиетi, дүниетану, бейнелеу өнерi.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу.

Амансыз ба, алтын күн Амансыз ба, достарым,
 Амансыз ба, ұстаздар! Қош келдіңіздер!

2. Психологиялық сәт.

Арайлап таң атты,
 Арайлап күн шықты,
 - Қайырлы күн, балалар,
 Бүгінгі күндерің сәттілікке толсын,
 Бір-бірімізге жүрек жылуын сыйлайық.
 Алақандарын ашып бір-біріне «жүрек» сыйлайды.

3. Сөзжұмбақ шешу. Мына тақтадағы сөзжұмбақты шешсек, сабақтың тақырыбы шығады. Бүгінгі сабағымыздың қандай тақырыпта өтетінін сөзжұмбақты шешу арқылы табайық. Оны шешу үшін берілген сөздерді қазақшаға аударамыз.

- **Қандай сөз шықты?** «Ертегі» деген сөз шықты (труд, мечта, родина, страна, рассказ, младший брат сөздері).

- Олай болса, балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгін не туралы айтамыз?

- Дұрыс айтасыңдар, бүгін біз ертегілер туралы айтамыз.

4. Сабақтың тақырыбы: «Ертегілер әлемінде» деп аталады.

5. Сабақтың мақсаты:

Біздің бүгінгі сабақтағы мақсатымыз: - Балалар, біз бүгін ертегілер туралы білімізді толықтырамыз, пысықтаймыз, бекітеміз. Сабақтың мақсатына жету үшін әр түрлі тапсырмалар орындаймыз, ауызша сөйлесіп, тіл байлығымызды дамытамыз.

Сабағымыз 4 кезеңнен тұрады. Сабақ барысында тапқырлығымызды, білімімізді, алғырлығымызды көрсетеміз.

1-кезең. Еске түсіру кезеңі. А) Ассоциациялық сызба-«Ертегі». «Ертегі» дегенде қандай сөздер көз алдымызға келеді?

(көркем, халық ауыз әдебиеті, ауызша тараған, жануарлар, тұрмыс-салт, қиял-ғажайып, жақсы өмір, арман)

Б) Сызба бойынша сөз тіркесі, сөйлемдер құрау. Осы сызбаға қарап сөз тіркесі немесе сөйлем құрап жіберейік.

В) Ал енді біреуің шағын әңгіме құрап жіберіндерші.

2-кезең. Жұмбақ шешу. Менің қолымда ғажайып себет.

«Ғажайып себет» ойыны. Ойынның мақсаты: Мына ғажайып себетте алмалар, саңырауқұлақтар бар. Артында жұмбақ жасырылған. Ойынның шарты: Егер осы жұмбақты шешсеңдер жауабы мен суреті шығады. Оқушылар бір-бірден шығып себеттен қағазға жазылған жұмбақты алады. Оқиды, шешуін айтады.

1. Өзі жап-жас, мұрты бар,

Ет пен сүтке ұмтылар.

Тастамайды жылы үйді,

Түкті тонын шұп-шұбар. (Мысық)

2. Қиқу салып бақырып,

Айқайлауды тауыпты.

Қыт-қыт дейтін шақырып,

Кім біледі...? (Тауық)

3. Өзі қу, жүрген жері айқай-шу. (түлкі)

4. Далада жүр шапқылап, керемет тым саққұлақ,

Тек есектен басқа да, оған ұқсар жоқ құлақ. (қоян)

5. Қыс бойына жатады, тәтті ұйқыға батады. (аю)

6. Өзі қып-қызыл болып піседі

Күнге ұқсас келеді. (бауырсақ)

7. Итке өзі ұқсаған, Айтыңдаршы, ол қай аң? (қасқыр)

Тақтада жұмбақтар жазылып тұрады. Жауабы суретімен шығып тұрады. Мысық, тауық, түлкі, қоян, аю, бауырсақ, қасқыр суреттері.

6. «Кім жылдам?» ойыны. Мақсаты: Мұнда ертегіден үзінді ретінде сурет қойылады, ал сендер ол ертегінің атын, кейіпкерлерін табасыңдар.

7. **Бейнекөрініс.** «Мақта қыз бен мысық» ертегісі. Мақсаты: бейнекөріністі көру, ұнаған үзіндіден сурет салу және салған

суретті қорғау. Кім салған суретін қорғағысы келеді? Сен қандай сурет салдың?

- Маған бұл ертегіден сиыр ұнады. Мен сиырдың суретін салдым. Өйткені сиыр өте пайдалы жануар. Ол бізге сүт береді, май береді. Біз оның сүтін ішеміз.

- Ал маған ағаш ұнады. Мен ағаштың суретін салдым. Ағашсыз өмір жоқ. Ағаштан қағаз жасайды. Отын болады. Ағаш – өсімдік. Өсімдік оттегі бөледі. Ал біз оттегімен дем аламыз.

- Ал мен мысықтың суретін салдым. Мысық – өте сүйкімді жануар. Маған мысық өте ұнайды.

- Ал мен тауықтың суретін салдым. Маған тауық ұнайды. Тауық жұмыртқа береді.

8. Сергіту сәті. Қызыл өрік. Ал, балалар, енді, демалып алайық.

9. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінен сахналық көрініс.

10. **Тест.** Тест сұрақтарына жауап беру. Шешіп болған соң, жауап-кілт бойынша бір-бірінді тексересіңдер.

11. **Өзара тексеру.** Жұптық жұмыс.

12. **Сұрақтар.** Бекіту сұрақтары.

13. Сергіту ойыны. (Әрі оқу, әрі ойын...). Ойынның шарты: Мұғалім орыс тіліндегі сөздерді оқиды, оқушылар қазақ тіліндегі аудармасын тез табулары керек.

Ойынның мақсаты: Екі тілді қатар үйренейік. 1. Смех – күлкі. Лиса – 2. Орнамент – ою. Медведь – 3. Язык – тіл. Слон – 4. Старый – ескі. Коза – 5. Шустрый – пысық. Кошка – 6. Мечта – арман. Лес – 7. Проснись – оян. Заяц – 8. В этом году – биыл. Корова – 9. Находчивый – тапқыр. Волк – 10. Старый – ескі. Коза – 11. Копейка- тиын. Белка- 12. Жди - күт. Молоко- 14. Небо – аспан. Лев – 15. Баба-яга –мыстан. Мышка -

14. **Үй тапсырмасын беру.**

15. **Қорытындылау.**

16. **Бағалау.**

Рысты БАЙНАЗАРОВА,
Алматы қаласындағы
№5 мектеп-гимназияның
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС

Мақсаттары: білімділік – оқушының сөздік қорын молайтып, тақырып бойынша берілетін жаңа сөздерді тілдік қатынаста орынды қолдана білуге машықтандыру, олардың сауаттылығын арттырып, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, тыңдап, түсіну, сауатты жазу қабілеттерін дамытып, жаңа білім алуға қызығушылықтарын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды тәрбиелі, ақылды, әдепті болуға, бірлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа білім беру. **Көрнекіліктері:** суреттер, магнитофон, тірек сызбалар. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, топтық жұмыс, ойын, 5 жол, әңгімелеу.



Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу, кезекшімен сұхбаттасу, оқушыларды түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, оқушылардың көңілін сабаққа аудару.

1. Қайталау. Фонетика. Оқушыларды тірек сызбалар бойынша сөйлету.

а) буын

б) Дауыссыз дыбыстар



в) сөз құрамы

Құрамы мына тірек сызбаға сәйкес сөз құрастыру.
Мысалы: оқушылармен, жаңалықтарын.

II. Өткен сабақ пен жаңа сабақты сабақтастыру.

- Балалар, бүгінгі сабақта біз жыл мезгілі – қыс туралы, сендерді қысқы демалыстарың туралы әңгімелесеміз. Грамматикалық ережелерді еске түсіре отырып, қазақ тілінде дұрыс жазуға, бір-біріңмен еркін пікір алмасуға үйренеміз. Өйткені қазақ тілі қандай тіл?

– Мемлекеттік тіл. Олай болса, мемлекеттік тілді жақсы меңгеру үшін бәріміз сабаққа белсенді қатысайық.

1. Қазір жылдың қай мезгілі? Айларын да атаңдар.

2. Мына жұмбақтарды шешіп, олардың қай жыл мезгілімен байланысты екенін айтыңдар.

Қыста ғана болады,	Тісі жоқ, тістеп алады,
Ұстасаң, қолың тонады.	Қолы жоқ, сурет салады.
(Қар)	(Аяз)

Суға батпайды, отқа жанбайды. (Мұз)

3. Суретпен жұмыс. Тақтаға ілінген қыс туралы суреттермен екі-үш сөйлем құрау.

III. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі.

1. Жаңа сөздермен жұмыс.

Отшашу – фейерверк;

Таң қалу – удивляться;

Сезер емес – не чувствовать;

Ұла қар – пушистый снег.

2. Үнтаспадан мәтінді тыңдап, түсіну.

Мәтін. Кеше ғана Жаңа Жылды қарсы алдық. Мектептегі Жаңа Жыл кеші де көңілді өтті. Жасыл шыршаны айналып бәріміз ән салдық, би биледік, ойнадық. Түрлі-түсті от шашулар бәрімізді үлкен қуанышқа бөледі. Тура ертегіден келгендей болған Аяз Ата мен Ақшақар да бәрімізді таң қалдырды. Жаңа Жыл кеші өте көңілді болды.

Бүгін міне далада ойнап жүрміз. Түні бойы қар жауды. Бірақ бүгін күн жылы, айнала аппақ. Балалар қармен ойнап, шана теуіп, маз-мейрам. Қысқы демалыс ерекше көңілді.

IV. Жаңа материалды меңгеру дәрежесін тексеру кезеңі.

Мәтінмен жұмыс. «Дұрыс – бұрыс»

Жаңа Жыл кеші көңілсіз болды. – Жоқ,...

Аяз Ата мен Ақшақар келген жоқ. – (бұрыс)

Балалар қыста үйден шықпайды. – Жоқ,...

Қысқы демалыс ерекше көңілді! – Иә!...

Қалай ойлайсындар, бұл мәтінді қандай бөліктерге бөлуге болады?

- Бірінші бөлігін қалай атайсындар? (Жаңа жыл кеші)

- Екінші бөлігін қалай атауға болады? (Демалыс күні)

V. Жаңа материалды бекіту кезеңі.

Топтық жұмыс.

(Әр топқа жеке мәтін беріледі. Қарсы топ келесі топқа мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қояды).

I топ. Қысқы көрініс.

Қыс түсті. Демалыс күні орманға бардық. Биыл қар

қалың. Орман іші тып-тыныш. Қарағай мен қайың ақ киім киіп алғандай. Шырша да басына аппақ бөрік киіп алыпты. Байқамай ағашқа тиіп кетсең, басыңа ақ ұлпа қар төгіліп түседі. Мұндай ғажап көрініс қыста тек орманда ғана болады.

II топ. Демалыс күндері.

Біздің ауыл таудың етегінде. Демалыс күндері ауыл балалары аяғына шаңғы байлап, таудан сырғанақ тебуге барады. Кішкентайлар шаналарын сүйреп, дөңнен төмен қарай сырғанайды.

Бүгін күн аяз. Балалардың беті-қолдары қып-қызыл. Бірақ олар аязды сезер емес. Үйлеріне қайтуға асықпайды. Олардың әр демалыс күндері осылай өтеді.

1) Әр топтан бір оқушы мәтінді дауыстап оқып береді. Қарсы топ келесі топқа сұрақтар қояды.

- | | |
|---|--------------------------------------|
| 1. Демалыс күні ауыл балалары қайда барады? | 1. Демалыс күні олар қайда барды? |
| 2. Олардың беті-қолдары неге қып-қызыл? | 2. Орманда ағаштар қандай болып тұр? |
| 3. Балалар үйлеріне қайтуға неге асықпайды? | 3. Мұндай ғажап көрініс неліктен? |

2) Интеллектуалдық тапсырмалар.

(Топтағы оқушыларға жеке тапсырмалар беріледі. Әр топтан бір оқушы тапсырмасын тақтада орындайды.)

«Есіңе түсір»

1. Соңғы сөйлемдегі жуан, жіңішке сөздерді анықта.

«Ойлан, тап»

1. Мәтіннен көпше түрінде тұрған 5 зат есім жаз.

2. Синоним, антонимдер жаз. 2. Демалыс – буын түрлерін ажырат.
- Ғажап – (керемет, тамаша) 3. Шаналарын – сөз құрамына биыл – (былтыр) талда.
3. Орман – дыбыстық талдау.

Майра ЕЛКБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№118 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

VI. Жаңа сабақты қорытындылау кезеңі.

(Тапсырмалар А4 қағазбен беріледі. Әр топтан бір оқушы оны тақтаға іліп, мәтін құрап, әңгімелеп береді.)

I топ

«Алма жинау» ойыны.
(берілген сөздермен мәтін құрап, ат қою.)
демалады



II топ

- 5 жол.
1. Қыс
2. Суық, аязды, боранды
3. Суытады, ұзарады, қысқарады
4. Қаңтар айының бірінші күні - Жаңа Жыл мерекесі.
5. Жыл мезгілі.

VII. Үй тапсырмасы. - Балалар, қысқы демалыс күндерің туралы «Досыма хат» түрінде жазып келесіңдер. Мысалы: Сәлеметсің бе, досым Еркін! Мен саған қысқы демалыс күндерімнің қалай өткені туралы жазғым келеді...

VIII. Бағалау кезеңі. Оқушылардың берген жауаптарына қарай олардың жаңа сабақты меңгеру дәрежесін анықтап, тұжырымдау. Оқушылардың біліктілігін бағалап, ынталандыру.

IX. Рефлексия. Оқушылардың көңіл-күйінің, сабақтағы іс-әрекетінің, белсенділіктерінің нәтижесін бақылау.

МЕНИҢ ДОСЫМ

Мақсаты: оқушыларға дос туралы мағлұмат беру.
Міндеттері: білімділік – грамматика арқылы білімдерін кеңейту, ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде амандасу, танысу, қоштасу, санату, қабілеттерін сұрақ-жауап арқылы арттыру, берілген сұраққа дұрыс жауап беруді үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу тілдерін, сөздік қорларын байыту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сабаққа деген қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – досқа деген сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке, достыққа, адалдыққа, сауатты жазуға тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа-саяхат сабақ, топпен жұмыс. **Әдісі:** іздену, түсіндіру, фонетикалық ойын, ойландыру. **Пәнаралық байланыс:** ағылшын, орыс тілі. **Көрнекілігі:** сөзжұмбақ плакаты, суреттер, грамматика, таблицалар, зымырандар, эмблемалар, жұлдызшалар, фонетикаға байланысты әріптер, «Дос» туралы қанатты сөздер.


Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Мемлекеттік әнұран. Оқушылар назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру, бағалау. Сөздерді жатқа айту, төл дыбыстарды талдау.

III. Өткенді сұрақ-жауап арқылы қайталау.

- Сенің ағаң қандай? Менің ағам күшті.
- Сенің әжең қандай? Менің әжем әдемі.
- Сенің досың қандай? Менің досым ақылды.
- Дос дегеніміз кім? Дос дегеніміз ең жақын, жақсы адам.
- Досың бар ма? Әрине.
- Досыңның аты кім? Досымның аты – Асқар.

Енді, «Дос» туралы сөзжұмбақ шешейік.



1. честный; 2. друг; 3. хороший; 4. умный; 5. добрый.

IV. Дос туралы кім қандай мақал-мәтел біледі?

1. Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.
2. Досына балдай тәтті бол, Жауына тастай қатты бол.
3. Күлме досқа, келер басқа.
4. Жаман жолдастан мықты таяқ артық.
5. Жан ауыртқан дос емес. Дос жылатып айтар, Дұшпан күлдіріп айтар.

V. Жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру.

- Балалар, бүгінгі біздің тақырыбымыз «Менің досым» деп аталады. Достар, бүгін біз саяхатқа шығып, «Күннің» түрлі тапсырмаларын орындаймыз, топпен жұмыс жасаймыз, үш топқа бөлінеміз, «Марс», «Сатурн», «Юпитер» түстері – Қызыл зымыран – 1-топ, 2-топ – Жасыл зымыран, 3-топ – Көк зымыран. Қай топ фишкаларды көп жинаса, сол топ жеңімпаз атанады.

- Сергіту сәті; - Бір, екі, үш – ал, қанеки, үш.

Төрт, бес, алты, жеті – мынау – ауыл шеті.

Сегіз, тоғыз, он – ал, қанеки, қон.

VI. Жаңа сабақ.

1. Грамматиканы түсіндіру.

Мен футбол ойнаймын. Сен футбол ойнайсың.

Сіз футбол ойнайсыз. Ол футбол ойнайды.

- Ал, енді, суретке қарайық, суретте кімдерді көріп тұрмыз?

- Балалар ойнап жүр.

- Балалар асық, қуаласпақ, жасырынбақ, теннис ойнап жүр.

VII. Оқулықпен жұмыс. 16-б. 1-т.

- Бұл кім?

- Бұл – Әлібек.

- Әлібек не істеп отыр?

- Әлібек кітап оқып отыр.

- Қандай кітап оқып отыр?

- Ертегі.

VIII. – Ал, енді, балалар, «Күннің» тапсырмаларын орындайық.

Алдарыңда көргішкелер жатыр, сұрақтарды оқып, жауап беріңдер. Әр топ берілген тапсырмаларға жауап береді.

IX. Тақтамен жұмыс; Фонетикалық ойын.

Ұ Ү

Көргішкеге жазылған «ұ» «ү» әрпі бар сөздерді дұрыс орналастыру керек. Құс, ұя, ұлу, жұлдыз, үй, күн, үстел.

Мәтінмен жұмыс: 1-топ мәнерлеп оқып, аударды. 2-топ Мәтіндегі сөздерді ағылшын тіліне аудару. 3-топ. Мәтін арқылы сұрақтар құрастыру.

Дәптермен жұмыс; Каллиграфиямен жұмыс.

- Балалар, үш тілде сөйлесейік.

Енді үш топты үш тілде санату.

X. “Күннің» келесі тапсырмасы: «Дос» туралы қандай өлең білесіңдер?

Оқушылар дос туралы өлеңдер оқиды.

«Күннің» тапсырмасы. Ойын ойнату.

- Балалар, қандай ойындарды білесіңдер? Футбол, асық, жасырынбақ, қуаласпақ.

- Қане, қандай ойын көрсетесіңдер? Асық.

XI. Қорыту: - Жақсы дос қандай болады? Адал, еңбекқор, жанашыр болады.

- Жаман дос қандай болады? Еріншек, арам, мақтаншак.

XII. Үйге: 11-беттегі ережені жаттау, «Екі дос» туралы ертегі оқу.

XXI. Фишка арқылы бағалау. 1-топ жеңімпаз атанды. Сыйлыққа «Доп» берілді.

Айсұлу НАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысының
Орал қаласындағы
А.С.Макаренко атындағы
№6 жалпы орта білім
беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСТАНАЛАРЫ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты:	
Білімділік:	Оқушыларға ҚР астаналары туралы мағлұмат беру, грамматикалық тақырыпты қайталау.
Дамытушылық:	Жаңа сөздер арқылы оқушылардың сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін, ойлау қабілеттерін, сауатты жазу дағдыларын дамыту.
Тәрбиелік:	Оқушыларды туған жерінің тарихын білуге, өз Отанын сүйуге, халқын, елін құрметтеуге тәрбиелеу.
Түрі:	Аралас сабақ.
Әдісі:	Баяндау, ауызекі сөйлесу, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап...
Пәнаралық байланыс:	Тарих, орыс тілі.
Көрнекілігі:	Алматы, Қызылорда, Астана қалаларының суреттері, хронологиялық кесте, интерактивті такта.
Сабақтың барысы:	

I. Ұйымдастыру кезеңі:	1. Амандасу, түгелдеу, сабаққа дайындықтарын тексеру. 2. Сурет бойынша әңгімелеу. - Мына суреттерде қай қала бейнеленген? - Астана қай өзеннің жағасында орналасқан? - Осы суреттен тағы не көріп тұрсындар?
II. Үй тапсырмасын тексеру:	1. Жаңа сөздерді жатқа сұрау, қазақшасын тактаға жаздыру. 2. Өлеңді мәнерлеп оқу (бір шумақтан). 3. Өлеңді жатқа айту.
Үй тапсырмасын бекіту:	- Бұл өлеңнің авторы кім? - Тұманбай Молдағалиев кім - Өлеңде не туралы айтылған? - Астана қандай қала? - Ақын Астананы немен салыстырады? Астанадан басқа Қазақстанның қай қалаларын білесіндер?
II. Жаңа сабақ:	1. Мұғалімнің кіріспе сөзі (жаңа сабақтың мақсатын хабарлау, тақырыпқа байланысты сұрақ қою) 2. Алматы, Қызылорда қалалары туралы бейнеролик. <i>Тұңғыш – первый; құрамында – в составе; жарияланды – провозглашен, объявлен; көшті – переехал; жарлық – указ; қол қойды – подписал; сайланды – был избран; егемендік алды – получил суверенитет.</i>
Сөздік жұмысы:	- Жаңа сөздерді мұғалім оқиды, оқушылар хормен оқиды, кезектесіп оқиды, жуан, жіңішке сөздерді бөліп оқиды, синонимін табу (тұңғыш, егемендік, астана) - сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады.
	Қазақстанның астаналары. Қазақ елінің тарихында астана болған төрт қала бар. Орынбор қаласы – еліміздің тұңғыш астанасы. 1920 жылы Қазақстан Ресейдің құрамындағы автономиялы республика болып құрылды. Орынбор Қазақстанның бас қаласы болып жарияланды. 1925 жылы Қазақстанның астанасы Орынбордан Қызылордаға көшті.

III. Мәтінмен жұмыс:	1929 жылы Қазақстан астанасы Қызылордадан Алматыға көшіп келді. 1991 жылы 1 желтоқсанда Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып сайланды. Еліміз егемендік алды.																					
	1997 жылы 20 қазанда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды. 1998 жылы Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды. - Мәтінді мұғалімнің оқуы. - Мәтінді оқушылар дауыстап оқиды (1рет), тізбектеп оқиды.																					
Мәтін бойынша сұрақ-жауап:	- Қазақ елінің тарихында неше қала астана болды? - Қазақстанның тұңғыш астанасы қай қала? - Қазақстанның екінші астанасы? - Қазақстанның үшінші астанасы болған қала? - Еліміз қай жылы егемендік алды? - Қазақстанның қазіргі астанасы?																					
IV. Грамматикалық тапсырма:	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін анықтап, астын сызу. 1929 жылы Алматы Қазақстанның бас қаласы болып жарияланды. Еліміз 1991 жылы егемендік алды.																					
V. Сабақты қорытындылау:	1. Тапсырма арқылы сабақты қорытындылау. (Сандарды сөйлету)																					
	<table border="1"> <tr> <td colspan="3">Хронологиялық кестені толтыр</td> </tr> <tr> <td>А</td> <td>1920 ж.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>С</td> <td>1925 ж.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Т</td> <td>1929 ж.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>А</td> <td>1991 ж.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Н</td> <td>1997 ж.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>А</td> <td>1998 ж.</td> <td></td> </tr> </table>	Хронологиялық кестені толтыр			А	1920 ж.		С	1925 ж.		Т	1929 ж.		А	1991 ж.		Н	1997 ж.		А	1998 ж.	
Хронологиялық кестені толтыр																						
А	1920 ж.																					
С	1925 ж.																					
Т	1929 ж.																					
А	1991 ж.																					
Н	1997 ж.																					
А	1998 ж.																					

	<p>2. Тест жұмысы</p> <p style="text-align: center;">I нұсқа</p> <p>1. Қазақ елінің тарихында неше қала астана болды? а) 2; ә) 3; б) 4; в) 5; г) 1.</p> <p>2. Астана қай өзеннің бойында орналасқан? а) Есіл; ә) Жайық; б) Шаған; в) Сырдария; г) Еділ.</p> <p>3. Қазақстан қай жылы егемендік алды? а) 1998ж.; ә) 1997ж.; б) 1992ж.; в) 1990ж.; г) 1991ж.</p> <p>4. Бастауыш қандай сұрақтарға жауап береді? а) қандай? ә) кім?не? б) қайда? в) қашан? г) кімге?</p> <p>5. Тәуелдік жалғауы бар сөзді анықта: а) тарихы; ә) республика; б) қала; в) президент; г) елорда.</p>
	<p style="text-align: center;">II нұсқа</p> <p>1. Қазақ елінің тарихындағы екінші астана болған қала: а) Астана; ә) Ақтөбе; б) Алматы; в) Орынбор; г) Қызылорда.</p> <p>2. Қазақстан қай жылы тәуелсіздік алды? а) 1998ж.; ә) 1997ж.; б) 1992ж.; в) 1990ж.; г) 1991ж.</p> <p>3. Баяндауыш қандай сұраққа жауап береді? а) қандай? ә) кім?не? б) қайда? в) не істеді? г) кімге?</p> <p>4. Септік жалғауы бар сөзді анықта: а) Алматыға; ә) жарлық; б) елім; в) тарих; г) Астана.</p> <p>5. Астана қаласының символы: а) Парламент үйі; ә) Жастар сарайы; б) Бәйтерек; в) ғимарат; г) Елбасы резиденциясы.</p>
Бағалау:	
Үйге тапсырма:	Жаңа сөздер, хронологиялық кесте бойынша әңгімелеу.

Анар ШУМБАЛОВА,
Батыс Қазақстан облысының
Орал қаласындағы
№6 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«МЕҢІҢ ОТБАСЫМ» МОДУЛІ БОЙЫНША ОРТА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Тарау. Сабақ тақырыбы	Күтілетін нәтиже	Қолданылатын әдістер	Қосымша тапсырмалар	Үйрену барысын бағалау	Негізгі дерек көздері, құрал жабдықтар
Кіріспе. Меңің отбасым. Синтаксис. Сөйлем, оның түрлері. Мақсаты: модульдің құрылымы мен мақсатымен таныстыру. Сұраулы сөйлем туралы түсінік беру.	А.Ережелерді оқып, мысал келтіреді. Жұмбақтарды шешеді. В. Мәтінді оқып, сұрақтар құрастырады. Ережені жатқа айтып, мысал келтіреді. С.Мәтіннің мазмұнын айтады. Тапсырмаларды орындайды.	I. Қызығушылықты ояту. «Ассоциация». Сурет «Отбасы». Жуан-жіңішке сұрақтар. II. Мағынаны ашу сатысы. 1. Өлеңмен жұмыс. 2. Мәтінді рөлге бөліп оқу. 3. Ережені пайдаланып, тапсырмаларды орындау. III. Ой толғаныс сатысы. Синквейн. «Отбасы».	2-тап, 3-бет 5-тап, 6-бет.	Өлшемдер бойынша өзін-өзі бағалау.	Оқулық, сурет, дәптер, грамм. кесте.
Мінездің ұнамды белгілері.	А.Алынған ақпаратты қолданып,	I. Қызығушылықты ояту. 1.Жуан-жіңішке	Деңгейлік	Өзін өзі	Оқулық, грам.

Мақсаты: адамның жақсы қасиеттері туралы түсінік беру. Жақсы, әдепті болуына баулу.	жеткізе білуді талап етеді. В.Ақпаратты талдайды. С.Ақпаратты бағалап,ол туралы өз пікірін білдіріп, дәлелдей алады.	сұрақтар (диалогтік оқыту).2. «Меңің отбасым» үй тапсырмасын топта талқылап, әр топ ең үздік шығарманы таңдайды. II. Мағынаны ашу сатысы. 1. Мәтінмен жұмыс. (3 топ) 2. Дұрыс-бұрыстығын анықтау. 3. Мінездің ұнамды белгілеріне сипаттама беру. III. Ой толғаныс сатысы. Семантикалық карта.	тапсырма, 7-бет, 3-тап, 8-бет.	бағалау	сызба. Дәптер, суреттер интерак. такта
---	--	--	---	---------	--

Меңің отбасы мүшелерім қай тілде сөйлейді? Құрмалас сөйлем, түрлері. Мақсаты: отбасы мүшелері қай тілде сөйлейтіні туралы ауызша ойларын айтуға дағдыландыру. Құрмалас сөйлем туралы түсінік беру.	А. Диалогті оқиды, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қояды. В. Диалогті өз ойларынша жалғастырып, өзара сөйлеседі. С. Отбасы мүшелері сөйлейтін тілдері туралы 5-6 құрмалас сөйлем құрастырады.	I. Қызығушылықты ояту. 1. Жуан-жіңішке сұрақтар (диалогтік оқыту) 2. Аудиодиктант. II. Мағынаны ашу сатысы 1.Бейнефильм. (әр түрлі ұлтты отбасы) 2.1-тап. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңдар. 3.Диалогті жалғастырыңдар. III. Ой толғаныс сатысы. Бағалау парағын толтырады.	5-тап, 9-бет.	Өзін өзі бағалау.	Оқулық, грам. сызба, дәптер, суреттер, интерактивті такта.
Меңің туыстарым. Шылау түрлері Мақсаты: туыстық атаулары туралы	А. Туыстық атауларын біледі. Тапсырмаларды орындап, атауларды айтады. В. Туыстық атауларды	I. Қызығушылықты ояту. Отбасына қатысты жұмбақтар жасырудан бастаймыз. II. Мағынаны ашу сатысы. 1. Сөздікпен жұмыс.	Деңгейлік тапсырма, 10-бет.	Өзін өзі бағалау.	Оқулық, грам. сызба. дәптер.

әңгімелеп, қайсысы отбасында кездесетінін анықтау. Шылау туралы түсінік беру.	пайдаланып, сөйлем құрастырады. С. Суреттерді пайдаланып, атап өтеді, оларды салыстырады.	2. Мәтінмен жұмыс (авторлық үстел әдісі) 3. Деңгейлік тапсырма. III. Ой толғанис сатысы. «Аяқталмаған сөйлемдер» Бүгін мен...білдім. Мен енді ...білемін. Мен..... үйрендім.			суреттер, интерактивті такта.
Диктант: «Алтын сандық». Мақсаты: қазақ тілінде сауатты жазуға үйрету.	Мұқият тындап, қатесіз жазуға тырысады. Есте сақтау қабілеттерін артады. Сауатты жазуға дағдыланады.		Қайталау.		
Бауыр. Қатемен жұмыс. Шылау сөздер. Мақсаты: мәтінмен жұмыс жасап, түсініп, бауырлар арасында қандай қарым-қатынас болуы керектігін анықтау. Шылау сөздерді теріп жазу.	А. Мәтінді оқып, мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. В. Мәтінді оқып, сұрақтар құрастырады. Шылау сөздерді теріп жазады. С. Мәтінді түсініп оқып, берілген ойды өз бетінше жалғастырады. Құрмалас сөйлем құрайды.	I. Қызығушылықты ояту. Сөзжұмбақты шешу. Бауыр сөзінің мағынасы қандай? II. Мағынаны ашу сатысы 1. Сөздікпен жұмыс. 2. Мәтінмен жұмыс. 3. Ойды өз бетінше жалғастыру. III. Ой толғанис сатысы. «Бес саусақ» әдісі.	3-тап, 14-бет. Мақал-мәтелдерді жаттау.	Өзін өзі бағалау.	Оқулық, грамм. сызба, дәптер, суреттер, интерактивті такта.
Тілашар. Шылау сөздер. Мақсаты: қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ырымдарымен танысу.	А. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді, тапсырмалардан мысалдар табады. В. Мәтінде оқып, сұрақтар құрастырады. Шылауларды таба алады. С. Мәтінді оқып, мазмұнын айтады.	I. Қызығушылықты ояту. 1. Жуан-жіңішке сұрақтар. 2. Суретпен жұмыс. (қазақ халқының салт-дәстүрлері) II. Мағынаны ашу сатысы. 1. Сөздікпен жұмыс. 2. Мәтінмен жұмыс. 3. Тапсырмалармен жұмыс.	1-тап, 15-бет, диалог құру.	Өзін өзі бағалау.	Оқулық, грамм. сызба, дәптер, суреттер.

Шылау сөздер туралы түсінік беру.	Ережені пайдаланып, мәтіннен шылауларды табады, түрлерін ажыратады.	III. Ой толғанис сатысы. Синквейн жазу.			
Ана тілінде сөйлеу. Фонетиканы қайталау Мақсаты: ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Фонетикалық талдау жасау.	А. Сұрақтарға жауап береді. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды таба алады. В. Диалог құрастырады, өзара сөйлеседі, фонетикалық талдау жасайды. С. Диалогты жалғастырады, өзара сөйлеседі.	I. Қызығушылықты ояту. Жуан-жіңішке сұрақтар. II. Мағынаны ашу сатысы. 1. Аудирование (аудиотаспада жазылған мәтін) тиісті сөздерді қойындар. 2. Диалогті жалғастырындар. 3. Фонетикалық талдау жасандар. III. Ой толғанис сатысы. Бағалау парағын толтырындар.	2,3-тап, 17-бет.	Өзін өзі бағалау.	Оқулық, грамм. сызба, дәптер, суреттер, интерактивті такта.
Әдеп. Фонетиканы қайталау. Мақсаты: күнделікті тәрбиеде қолданатын ережелермен таныстырып, дағдыға айналдыруға тәрбиелеу.	А. Мәтінді оқып, сөз тіркестерін дұрыс құрастырады. В. Мәтін бойынша кластер құрастырады. Сөйлемдерді дұрыс аяқтайды. С. Мәтінді қазақ тіліне аударады.	I. Қызығушылықты ояту. 1. Жуан-жіңішке сұрақтар (диалогтік оқыту) 2. «Бір сөзбен» ойыны. II. Мағынаны ашу сатысы. 1. Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс. 2. «Зигзаг» әдісі. Мәтінмен жұмыс (3 топ) III. Ой толғанис сатысы.	4-тап, 18-бет.	Өзін өзі бағалау.	Оқулық, грамм. сызба, дәптер, суреттер, интерактивті такта.
Өз үйім – берік қамалым. Шылау, түрлері. Мақсаты: отбасындағы мінез-құлық туралы айтып, жауапкершілікке тәрбиелеу. Мәтінмен жұмыс жасап, деңгейлік тапсырмаларды орындау.	А. Мәтінді оқиды, сөйлемдерді сәйкестендіреді. В. Сөйлемдердің мазмұнын сақтап, сөйлем құрастырып, жазады. С. Мәтінді оқып, адам өміріндегі отбасының рөлі туралы айтады.	I. Қызығушылықты ояту. 1. Жуан-жіңішке сұрақтар (диалогтік оқыту). II. Мағынаны ашу сатысы. 1. Сөздікпен жұмыс. 2. Мәтінмен жұмыс. 3. Деңгейлік тапсырма. III Ой толғанис сатысы. Семантикалық карта.	Деңгейлік тапсырма, 21-бет.	Өзін өзі бағалау.	Оқулық, грамм. сызба, дәптер, суреттер, интерактивті такта.

Гүлжанар КАМЕШОВА,
№17 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы.

ҚАЗАҚ ОТБАСЫ

Оқыту мен тәрбиелеудің міндеттері: білімділік – қазақтың салт-дәстүрімен танысып, одан үлгі, өнеге алу; **дамытушылық** – сөздік қорын молайту, сөйлемдер құруға жаттықтыру, ауызекі сөйлеуге үйрету; **тәрбиелік** – қазақ халқының, өз ұлтының дәстүрін қадірлеуге тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа білім беру сабағы. **Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, жұптық жұмыс, топтық жұмыс, мәтінмен жұмыс. **Құрал-жабдықтар, көрнекіліктер:** компьютер, теледидар, магнитофон, қиықшалар, қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Сәлемдесу. 2. Сабақтың тақырыбы.

II. Өткен тақырыптарды қайталау, үй жұмысын тексеру:

1. Активті лексиканы тексеру. Сөздік диктант (47-беттегі 5-тапсырма бойынша).

2. 2 оқушы тақтада жұмыс істейді (47-беттегі 7-тапсырма. Төмендегі деректер бойынша өз өмірбаянын жазу.

- 1) Фамилияң, атың, әкеңнің аты.
- 2) Туған жылың, айың, күнің.
- 3) Туған жерің (қалаң, ауылың)
- 4) Отбасың.
- 4) Ата-анаңның аты-жөні, қызмет орны.
- 5) Мекен-жайың.
- 6) Үй телефоның.
- 7) Қолың.

3. Оқушылардың презентациялары.

«Отбасым – мақтанышым» (слайд-шоу). Үйге алдын ала берілген сұрақтардың үлгілері: Отбасыңыз қайда

<p>Тіл дамыту. Шылау, түрлері Максаты: «Отбасы» тақырыбы бойынша сызба құрып, әнгімелейді.</p>	<p>А. Мәтінді оқып, сөздерді дөптерлеріне жазды. В. Мәтінді оқып, сұрақтар құрастырады. Шылаулардың түрлерін ашыратады. С. Мәтін бойынша сызба құрастырып, өз ойын еркін жеткізеді.</p>	<p>I. Қызығушылықты ояту. «Крестик-нөлдік» ойыны. II. Мағынаны ашу сатысы. 1. Мәтінмен жұмыс (топтық жұмыс) 2. Мәтінге ат қойылады. 3. Диалог құрастырады. 4. Кластер құрастырады. (2жұлдыз, 1 ұсыныс.) III. Ой толғанис сатысы. Бағалау парағын толтыру.</p>	<p>Әдептілік туралы мақал-мәтелдер жаттау.</p>	<p>Өзін өзі бағалау.</p>	<p>Оқулық, грамм. сызба, дәптер, суреттер, интерактивті такта.</p>
<p>Тұрмыстағы мәдениет. Шылау, түрлері Максаты: тұрмыстағы мәдениет туралы әнгімелермен өз ойларын білдіру. Шылау түрлерін ажырату.</p>	<p>А. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді. В. Мәтінді оқып, сұрақтар құрастырады, сөйлем құрайды. С. Мәтінді оқып, санитарлық ереже құрастырады.</p>	<p>I. Қызығушылықты ояту. Мақал-мәтелдердің мағынасын ашу. II. Мағынаны ашу сатысы. Бейнефильм. «Тұрмыстағы мәдениет» 1. Тұрмыстағы мәдениет деген не? 2. Тұрмыстағы мәдениет негізгі шарттары қандай? 3. Санитарлық ережелерді сақтайсыңдар ма? Мәтінмен жұмыс. Флипчарт жасау. III. Ой толғанис сатысы. Бағалау парағын толтыру.</p>	<p>4-тапсырма, 25-бет.</p>	<p>Өзін өзі бағалау.</p>	<p>Оқулық, грамм. сызба, дәптер, суреттер, интерактивті такта.</p>
<p>Нәтиже сабақ. Шылау, түрлері. Максаты: Оқушылардың модуль бойынша алған лексикалық және грамматикалық білімдеріне қорытынды жасау.</p>	<p>А. Тапсырмаларды оқушылардың көмегімен орындайды. В. Тапсырмаларды орындайды. С. Тапсырмаларды орындап, топтық жұмыстарды бағалайды.</p>	<p>I. Қызығушылықты ояту. Жуан-жіңішке сұрақтар. II. Тапсырмаларды орындайды. III. Ой толғанис сатысы. Өлшемдер бойынша тексеру.</p>	<p>4-тап, 25-бет.</p>	<p>Бағалау.</p>	<p>Кеспе қағаздар, мәтіндер, сызба.</p>

тұрады? Отбасыңызда қанша адам бар? Олар туралы айтып беріңіз. Отбасы мүшелерінің мінездері қандай? Әкеңіздің (шешеніздің...) жақсы жақтары қандай? Отбасыңыз бос уақытта немен шұғылданады? Отбасында салт-дәстүрлерді қалай сақтауға тырысасыздар?

Тақтаға ұлты татар, неміс, орыс балаларды шақыруға тырысамын.

4. Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Презентацияны тыңдап, әр топ өз жұмысын атқарады: 1-топ сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне назар аударады. 2-топ көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларының дұрыс қолдануына назар аударады. 3-топ сөйлеу мәнеріне назар аударады (үндестік заңының ерекшеліктері).

5. 3 топ анализ жасайды да, тақтадағы оқушылардың жұмыстарын тексереді.

III Жаңа білімді меңгерту кезеңі.

- Әр халықтың отбасындағы өз салт-дәстүрлері бар екеніне көзіміз жетті. Бүгін сабақта біз қазақ отбасының рухани құндылығымен танысамыз.

1. Жаңа сөздермен жұмыс (46-бет). 2. «Қазақ отбасы» мәтінімен жұмыс (2-тапсырма, 46-бет). 3. «Анасын сүйгеннің баласын сүй», «қыз-қонақ», «атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер» деген мақал-мәтелдерді қалай түсінесіңдер? 4. Жаңа материал негізінде диалог құрастыру.

IV. Аудирование. Мәтінді тыңдап, мазмұнын айтып беріңіз.

Балалар аудиожазбаны тыңдайды (мүмкіндік болмаса, мәтінмен жұмыс істейді).

Отбасында ер адам – басты тұлға. Әйел – оның серігі, көмекшісі. Сондықтан да үйдегі бар істі ер адам басқарып отыруға тиіс. Әйел адамның жұмысы- бала тәрбиелеу, отбасын тамақтандыру, үйді таза ұстау. Балалар да жас кезінен отбасы жұмыстарына қатысу керек. Отбасын қаржымен қамтамасыз ету – ер адамның міндеті. Әйел адамның жұмыс істемегені дұрыс, себебі бала тәрбиесіне көп уақыт қажет болады. Отбасының бірлігі әйелге де, ер адамға да байланысты. Балалар

жас кезінен үлкендерді сыйлап, олардың айтқандарын есте сақтап, орындап отыруға тиіс.

V. Жаттақтыру жаттығулары. Жұптық жұмыс.

1-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

Сөйлеу үлгілері: Мәтінде... туралы айтылады. Үйде ер адам... Әйел адам Татулық ... байланысты дейді.

Проблемалық жағдаятты туғызу. Топтық жұмыс.

2-тапсырма. Қазіргі заманда, ХХІ ғасырда, осындай пікірмен келісесіңдер ме?

Үйде кім не жұмыспен айналысуға тиіс деп ойлайсыз?

Сөйлеу үлгілері: 1) Бұл негізінен дұрыс, себебі 2) Бұл дұрыс емес, себебі 3) ... деген пікірге қосыламын /қосылмаймын, өйткені 4) Меніңше, ... деп ойлаймын. 5) Ер адам ... керек. Әйел адам ... керек.

Топтық жұмыс. 3-тапсырма. Отбасы мүшелері үйде қандай міндеттер атқаруы тиіс екені туралы басқа топтың оқушыларының пікірін сұраңыз. Олармен пікірталас ұйымдастырыңыз.

Сөйлеу үлгілері: 1) ... білейін деп едім, ...? 2) ... сен қалай ойлайсың, ...? 3) Пікірің дұрыс, ... 4) Бұған қосылмаймын, 5) Бұған қосыламын,

Жұптық жұмыс. 4-тапсырма. Отбасында ер адам қандай болуы керек? Әйел адам туралы не айтар едіңіз? Өз ойыңызды айтыңыз.

Сөйлеу үлгілері: Ер адам – отбасында басты тұлға, сондықтан да ... Әйел адам ... болуы керек. Сіздікі дұрыс, себебі ... (Жоқ, олай емес, ... басты міндеті ...)

VI. Қорытынды. Нені білдік? Нені үйрендік?

Оқушыларды бағалау, жұмыстарына қысқаша анализ жасау.

VII. Үй тапсырмасы. Үйленетін досыңызға хат жазу. Досыңызға оның отбасы және оның әйелі қандай болу керек деген тұрғыда кеңес беріңіз.

Сөйлеу үлгілері: Саған айтарым Сен ер жігітсің, сондықтан Болашақ әйелің ... болғаны дұрыс. Тату-тәтті болу ... байланысты.

МЕНИҢ ОЙЫНШЫҚТАРЫМ

Сабақтың мақсаты: сабақты жоспарлай отырып, мұғалім мынандай мақсатты көздейді: **білімділік** – ойыншықтардың атын, түсін және қандай заттан жасалғанын, жекеше және көпше атауларын білу; **дамытушылық** – балаларды сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу, білімдерін тереңдету, сауатты жазуға, шапшаңдыққа, тез ойлауға машықтандыру. Өз ойын жинақтап, қорыта білуге, жаңа сөздермен сөйлем құрастыра білуге баулу, сөздік қорларын дамыту; **тәрбиелік** – ойыншықтармен қалай ойнау керектігін түсіндіріп, ұқыптылыққа, эстетикалық талғамдарын кеңейтуге, талдауға, әдемілікке тәрбиелеу. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдер:** интерактивті оқыту әдісі, мәтінмен жұмыс, аударма, сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, іздену, шығармашылық жұмыс. **Көрнекіліктер, техникалық құралдар:** интерактивтік тақта, ойыншықтар, суреттер, кеспелер. **Пәнаралық байланыс:** ана тілімен байланыс (өлең жаттау), бейнелеу (сурет салу, тірек), еңбек (еңбек тәрбиесі).

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Ұйымдастыру кезеңінің мақсаты: сұрақ-жауап, ойландыру әдістері арқылы балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту.

- Сабақты бастамас бұрын оқушылармен сәлемдесу;
 - Сыныптың, тақтаның тазалығына көңіл бөлу;
 - Жоқ оқушыларды белгілеу, анықтау;
 - Оқушылардың сабаққа қатынасын, оқу құралдарын тексеру, зейінін тиянақтап, назарларын сабаққа аудару.
 - Оқушыларға сұрақ қою арқылы дұрыс жауап алу.
 - Сұхбат жүргізу:
- Мысалы:

Қазір қандай жыл мезгілі? / Күз/. Күз айлары қандай? /Қыркүйек, қазан, қараша/. Қазір қай ай? /Қараша/. Бүгін қарашаның нешесі? /Қарашаның 14/. Аптаның қай күні? /Бейсенбі/. Қазір қандай сабақ? /Қазақ тілі/. Қазақ тілі сабағында не істейміз? /Қазақша сөйлейміз, жазамыз, оқимыз, аударамыз/. Көңіл – күйлерің қандай? / Жақсы/.

I. Фонетикалық жаттығу жүргізу.

- Енді, балалар, қазақ тіліне тән дыбыстарды еске түсірейік. Оқушылар қазақ әліпбиінде неше дыбыстар бар екенін және олардың айтылуы мен жазылуына сипаттама береді. Мысалы «Кітап» сөзін алып, онда қандай тән дыбыстар бар екенін, сөзде неше және қандай дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қолмен шапалақтау арқылы неше буын бар екенін айтып, ауызша дыбыстық талдау жасайды.

II. Үй жұмысын тексеру бөлімі. Үй жұмысын тексеру кезеңінің мақсаты: оқушылардың өткен сабақтан алған білімдерін тексеру, бір-бірімен пікір таластырып, өз ойларын нақты жеткізе білуге дағдыландыру.

Сабақта оқушылардың жоғары белсенділігін дамыту әдісін пайдалануда төмендегідей шарттар орындалды:

- Ең алдымен сабақтың мақсатын айқындау.
- Мұғалім оқушыларға орындалатын жұмыстардың мақсатын, ережесін түсіндіреді.

III. Жаңа тақырыпты меңгеру. Кезеңнің мақсаты: оқушылардың білімін кеңейту, өз ойын жеткізу қасиеттерін дамыту. Оқушыға жақсы көңіл-күй тудыру үшін сабақты музыка тыңдаудан бастаған абзал.

«Ойыншықтар»

Біздерде бар қуыршақ,

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар «тыңдайды»,

Ақыл айтсақ, бұйырсақ.

Н.Әлімқұлов.

- Бүгін, балалар, біз сендермен сүйікті ойыншықтарың туралы айтамыз, жаңа сөздерді меңгереміз, мәтінмен жұмыс жасаймыз.

IV. Сөздік жұмысы. Кезеңнің мақсаты: жаңа сөздермен танысып, дұрыс айтылуы мен жазылуын қадағалау және оқушылардың сөздік қорын байыту. Жаңа сөздерді тексеруде аудару, сұрақ-жауап әдісі қолданылды. Жаңа сөздерді тексере отырып, қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс аудармасын таба білу.

Ойыншық – игрушка;

Текше – кубик;

Секіртпе – скакалка.

1. Жаңа сөздермен таныстыру. Сөздерді мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды.

2. Оқушылар жаңа сөздерді тізбектеп айтып шығады.

3. Әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жаңа сөздерді пысықтау.

Сонымен қатар төменгі сынып оқушыларының сөздік қорын жетілдіру мақсатында сөздік ойындарын жүргізген абзал.

V. Тапсырмалармен жұмыс. Тапсырмалардың мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, білімдерін тереңдету.

1-тапсырма. Оленді тыңдау. Мұғалім бір рет оқып шығады, содан соң оқушылар хормен қайталайды. Кейін жеке-жеке оқушылар оқып шығады. Сөздердің дұрыс айтылуын қадағалау.

Доп.

Добым менің домалақ,

Тоқтамайсың домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тәрелкені сындырдың.

Тентек болып кеттің деп,

Тұрмыз сені тепкілеп.

Мәтінмен жұмыс жасау. Мәтінмен жұмыс жасау мақсаты: жаңа тақырып бойынша білімдерін кеңейту, іздену жұмысын ұйымдастыру.

2-тапсырма. Мәтін бойынша жұмыс жүргізу. Мұғалім оқиды, оқушылар әр сөйлемді оқып шығып, аударды. Мұғалім сұрақ қояды, оқушылар оған жауап қайтару керек. Тақырып бойынша берілген мәтіндегі сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қолданып жүргізу.

3-тапсырма. Оқып, есте сақтап қалу. Ойыншықтардың түрлерін атап, олардың қандай заттан жасалғаны жөнінде әңгімелеу.

- Балалар, қарандаршы біздің тобымызда ойыншықтар өте көп, олар қандай әсем, әдемі ойыншықтар.

- Балалар, мынау қандай ойыншық? Доп

- Доптың пішіні қандай?

- Түсі қандай?

- Доптың қимылы қандай?

- Қане, бәріміз допша секірейікші?

- Кім доп туралы тақпақ біледі?

Доп.

Доп, доп, Топ, топ,

Теуіп қалдым допты,

Доп жоғалды, доп жоқ,

Қап, қап, тап, тап.

- Қыз балалар көбіне қандай ойыншықпен ойнайды?

- Дұрыс айтасындар. Қуыршақпен

- Ал, мынау қуыршақ бізбен амандасқысы келіп тұр.

- Балалар, қуыршақтың әдемі шашы, әдемі көйлегі бар екен.

- Қуыршақтың көйлегінің түсі қандай? Қуыршақ қалай жүреді? Кім қуыршақты қалай ұйықтататынын көрсетеді?

Ай, ай, бөпем

Ай бөпем.

- Ал, ұлдар көбінесе қандай ойыншықпен ойнайды?

Машинамен ойнайды.

- Ал машинаның түсі қандай? Кім машина туралы тақпақ біледі?

Машина.

Үлкенмін ғой міне мен,

Ойыншықтарды жинаймын.

Машинаға мінер ем,

Кабинаға сыймаймын.

- Жарайсындар, балалар!

Ауызша ойналатын ойындардың түрлері өте көп. Бұл ойындар оқушылардың білім деңгейін тексеру мақсатында, ой-өрісін дамыту мақсатында көбірек пайдаланылады. Оқушылардың білімі шындалып, пәнге деген қызығушылығы арта түседі. Мысалы: мына ойын түрін ойнату.

Көрмеге темірден, ағаштан, пластмассадан және матадан жасалған ойыншықтар қойылады. Бір ойыншықты біз ойыншық дейміз. Ал, көп ойыншықты қалай атаймыз? (Балалардың жауабы Ойыншықтар).

- Балалар, біз бұл ойыншықтарды қолымызбен ұстап, сипау арқылы олардың қандай екенін білеміз. Балалар, қане есімізге түсірейікші, ойыншықтар қандай заттардан жасалады. Ойыншықтар жасалуына байланысты бірнеше түрге бөлінеді.

Жұмсақ, қатты, резенке.

Әр бала үйлерінен әкелінген ойыншықтарының қай қатарға жататынын білу мақсатында оларды мына үш түрлі жәшікке салулары керек.

- Балалар, сендер тапқыр, білімді екенсіңдер, мен сендерге ойын алып келдім. Қазір біз сендермен «Ғажайып қоржын» атты ойын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша көздеріңді жұмып, қоржыннан кез келген ойыншықты аласыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, неден жасалғанын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы тілек білдіресіңдер. Мысалы, мен ойыншықты сындырмай таза ұстаймын. Ол менің сүйікті ойыншығым болады.

- Балалар, «ойыншық» деген сөз қандай әріптен басталады.

- «О» әрпінен басталады.

- Дұрыс айтасыңдар.

- Ал қуыршақ ше?- «Қ» әрпінен басталады.

- Доп деген сөз «Д» әрпінен басталады.

- Өте жақсы, балалар, жарайсыңдар, енді сергіту жаттығуларын жасаймыз. Сергіту сәтіне берілген өлеңмен жұмыс ұйымдастыру.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрамыз,

Басты оңға бұрамыз,

Басты солға бұрамыз.

Бір отырып, бір тұрып,

Бір отырып, бір тұрып,

Біз демалып аламыз.

4-тапсырма. Тақырып бойынша берілген диалог бойынша жұмыс жасау. Әр оқушыға көмек беру. Жаңа сөздермен жұмыс ұйымдастыру.

5-тапсырма. Өткен тақырып бойынша берілген сөзжұмбақ шешу сұрағына қисынды ойлау қабілетін жандандыра отырып жеке жұмыс жасату. Бұл ойынды барлық сыныптарда ойнатуға болады. Тақтаға үлкен қағазға кесте ілінеді. Қағаздағы нысандарды дұрыс жауабымен сәйкестендіру керек.

VI. Сабақты бекіту.

VII. Сабақты қорытындылау. Кезеңнің мақсаты: оқушылардың жаңа тақырып бойынша алған білімдерін қорытындылау.

- Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? Қандай әсер алдыңдар? Сонымен, бүгін сабақта не жөнінде айттық, не білдік, не үйрендік?

VIII. Үй тапсырмасын беру. Кезеңнің мақсаты: жаңа тақырып бойынша білімдерін тереңдету, толықтыру. Ойыншық атауларын біліп келу.

IX. Оқушылардың білімін бағалау. Сабақ соңында мұғалім бүгінгі сабақта жақсы көрінген оқушылардың әрқайсысының қалай жұмыс істегендері туралы айтып, жеке-жеке мадақтап, оқушылардың дұрыс жауаптарына алған жұлдызшаларына байланысты білімдерін бағалайды.

X. Қоштасу. Мұғалім балаларға өз алғысын айтып, қоштасады.

КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

(II-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға Орхон-Енисей жазба ескерткіштері жөнінде мәлімет беру. **Міндеттері: білімділік** – құрмалас сөйлемдерді талдауды меңгерту; **дамытушылық** – өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту, тақырып бойынша тіл дамыту; **тәрбиелік** – елжандылыққа, отаншылдық, адамгершілікке, тілімізді құрмет-теуге, әдебиетті сүюге тәрбиелеу. Көрнекілігі: суреттер, сөзтізбек, буклеттер, оқушылардың жазған рефераттары.

Сабақтың барысы.

Үй тапсырмасын сұрау: 1. Көне ескерткіштер жайлы мәліметтер жинау және сабақта әңгімелеп айтып беру. 2. Салалас сабақтас құрмалас сөйлемдердің қай түріне жататынын анықтау: 1. Бүгін демалыс күні болғандықтан, біз Медеу мұз айдынына барамыз. 2. Сапалы білім алу үшін, сабақтан себепсіз қалуға болмайды. 3. Күзде біресе жаңбыр жауады, біресе қар жауады. 4. Егер Бурабайға келсең, ғажайып табиғатты тамашалайсың. 5. Оқушылар Республика алаңына барып, Тәуелсіздік монументіне гүл шоқтарын қойды. 6. Қонақтар жазда Алматыда болғанмен, Медеу мұз айдынын көре алмады. 7. Мұғалімнің сұрағына жауап бергім келіп, қолымды көтердім. 8. Қонақтарды шығарып салуға не мен барайын, немесе сен бар. 9. Жазда Бурабайда демалғанда, достарыммен Оқжетпес тауына шықтым. 10. Мен Ұлттық бірыңғай тестілеуді жақсы тапсыру үшін, күнде дайындық сабақтарына барып жүрмін. 11. Биыл жазда жайлауда болдым және ауылдағы ағаларымның үйіне бардым. 12. Аспанда бұлт

сиреп, жұлдыздар көріне бастады. 13. Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр көп жауды. 14. Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі – жақсы мінез, екіншісі – жақсы сөз.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Қазір Күлтегін жазба ескерткіштерінің макеті Астанамыздағы Еуразия университетінде тұр. Елбасымыздың басшылығымен 2006-2007 жылдар «Мәдени мұра» жылы болып, оның бағдарламасы жасалды. Онда тарихи ескерткіштерді қорғау және т.б. мәселелер қаралған. Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк ескерткіштері – ежелгі түркі халықтарына ортақ көркем шығармалардың үлгісі болуымен бірге, ол қазақ әдебиетіміздің де асыл қазынасына енетін асыл мұра.

Мәтінмен жұмыс:

КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІ – ТҮРКІ ТЕКТЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫ

Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдени мұраларының бірі – Күлтегін ескерткіші. Ескерткіш бір заманда түркілер мекендеген Енисей өзенінің бойы мен қазіргі Моңғол Халық Республикасының астанасы Улан-Батордың батысындағы 400 километр жердегі Орхон өзені бойындағы Кошо-Цайдам ойпатында орналасқан. Оны алғаш тауып, ғылым әлеміне мәлімдеуші-орыс ғалымы Н.М.Ядринцев. 1958 жылы монгол-чехославак біріккен ғылыми экспедициясы Күлтегін ескерткішінің орнына қазба жұмыстарын жүргізді. Бұған басшылық еткен чех археологы Л.Иисль. Қазба жұмыстары үстінде қорған астынан екі кісінің тасқа әдемі ойылып жасалған бас мүсінін кездестірді. Оның бірі – Күлтегіннің, екінші – әйелінің мүсіні екені анықталды.

Күлтегінге арналған ескерткіш пирамида тәрізді. Биіктігі – 3,15 метр, ені – 1,24 метр, қалыңдығы – 0,41 метр. Ескерткіштің жоғарғы жағы бес бұрышты, қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген. Екінші жағында ескерткіштің орнатылған күні – бірінші тамыз, 732 жыл деп жазылған. Ескерткіштің негізгі бетінде 40 жол жазу бар. Көне түркі әліпбиінің құрамында 35 әріп бар.

Оның бағыты оңнан солға қарай оқылады. Күлтегін жыры – патриоттық рух беретін батырлық жыры. Мәтінінің негізі Түркі ұлтының тек тарихы ғана емес, Күлтегіннің батырлығы мен ерлігін бейнелейді.


Бұл құнды дүниеге әлем ғалымдары да назарын аударуда. Қазіргі уақытта тарих және тіл білімі саласынан зерттелуде, әлі талай ғылыми жаңалықтар туары даусыз.

Мәтіннің мазмұны бойынша оқушылар бір-біріне сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдайды.

1. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің табылған жерлері. 2. Ежелгі дәуір әдебиетіне жататын ескерткіштер, шығармаларды ата. 3. Көне түркі әдебиеті неше әріптен тұрады? 4. Оларды ашқан кісілер кімдер? 5. Орхон жырларының негізгі ойы. 7. Күлтегін жырының батырлар жырына ұқсастығы. 8. Ескерткіштерде суреттелетін, баяндалатын оқиғалар не туралы? а) Бұл ескерткіштер Орхон – Енисей өздерінің (қазіргі Моңғол жері) бойынан табылған. Қазақстан жерінен табылған ескерткіштердің ең көлемдісі – Талас ескерткіштері. б) Оларды алғаш тапқандар: швед офицері Иоганн және орыс ғалымы Н.М.Ядринцев. (XVIII-XIXғ.ғ.). в) Ежелгі дәуір әдебиетіне жататын ескерткіштер, шығармалар аз емес. Олардың алғашқыларының негізгілері деп түркі ру-тайпаларына ортақ Орхон ескерткіштерін (VII ғ.), «Қорқыт ата кітабынан» (VIII ғ.) және Оғыз-наманы (IX ғ.) атаймыз. г) Көне түркі әліпбиі 35 әріптен тұрады, ол оңнан солға қарай оқылады. д) Орхон жырларының негізгі ойы-елдің тәуелсіздігін, береке-бірлігін сақтау.

Сөзтізбек

«Қазақстан»



1. Көне заманнан келе жатқан музыкалық аспап. 2. Отырар қаласының ежелгі аты. 3. Ұлы билердің бірі. 4. Қазақ халқының салт-дәстүрі. 5. Ұлттық сусын. 6. Қазақстандағы қала. 7. Ұлттық тағам. 8. Қазақстандағы көл. 9. Қазақтың Батыр қызы.

Күлтегін – түркі халықтарының ерлік туралы ұғымының жиынтық бейнесі. Оның тұлғасында түркілерге тән ержүрек, өршіл, қайсар, қайтпас мінез бар. Үйге тапсырма:

«Ер есімі – ел есінде» тақырыбына әңгіме жазу.



Гүлзағира ДҮЙСЕНОВА,

Алматы қаласындағы

Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы

№75 жалпы білім беретін мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕАРНАЛАРЫ

(9-сынып)

Жалпы мақсаты:	Білімділік: оқушыларды осы тақырып туралы білуге, сөйлеуге жетелеу, өз ойларын айта отырып пікір таластыру, жұптық қатынасқа түсу. Дамытушылық: сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылардың қисынды ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту; сыни тұрғыдан ойлай білуге жетелеу. Топта жұмыс істей білу қабілеттерін дамыту. Тәрбиелік: Оқушылардың танымдық көзқарасын дамыту.
Түрі:	қорытынды сабақ.
Көрнекі құралдар:	Компьютер, үлестірмелі қағаздар, стикер, слайд, фломастер, флипчарт.
Мұғалімдер үшін оқу нәтижелері:	Оқушылардың сөйлеуі, өздерінің ой-пікірлерін айтуы, өздерінің бойындағы өнерге деген құмарлықты ояту.

Сабақта туындаған негізгі идеялар:	Оқушылардың өз ойларын ортаға салып айта білуі, сөйлей білуі.
Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі: - Сәлеметсіңдер ме, балалар? (3 мин).- Бүгінгі көңіл күйлерің қандай? Телеарналардың аттары бойынша құрылған 4 топ бойынша жұмыс істейміз. Олар: 1-топ – «Қазақстан» телеарнасы. 2-топ – «31 арна». 3-топ – «НТК». 4-топ – «КТК».	
Сыныптың жағымды ахуалын қалыптастыру мақсатында, әр топ келесі топқа тілектерін білдіреді. II. Үй тапсырмасын сұрау: 1-әрекет (10 мин) (1, 2, 3, 4, 6, 7-модульдер). 1. Әр топ өздерінің телеарналары туралы мәлімет жинап, айтады. 2. 167-беттегі 4-тапсырманы жазады.	
III. Өткен сабақ пен жаңа сабақты сабақтастыру. 1. Сен телевизор көруді ұнатасың ба? 2. Қандай телебағдарламаны көресің? 3. Қандай бағдарламаларды көруді ұнатасың?	
IV. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі: 10 мин. 2-әрекет. Ой толғаныс. 10 мин (1, 2, 3, 4, 5, 6, 7-модульдер). 1-топқа: 162-беттегі 1-тапсырма. Ласкер Сейітовтың диктор мен комментаторлар қандай болу керектігі туралы айтқан сөзін оқыңдар, 1 оқушы оны айтады, 1 оқушы соңғы сөйлемді сөз құрамына ауызша талдайды. 2-топқа: 163-беттегі 2-тапсырма. Зейнолла Қабдоловтың сөзін оқып, не туралы екенін 1 оқушы айтады, 1 оқушы бірінші сөйлемді сөз құрамына ауызша талдайды, 1 оқушы тәуелдік жалғауы бар сөздерді айтып шығады. 3-топқа: 163-беттегі 3-тапсырма. В.Сухомлинскийдің сөзін оқып, 1 оқушы оны айтады, 1 оқушы қарамен жазылған сөздерге морфологиялық талдау жасайды, 1 оқушы өздік етісті табады. 4-топқа: 165-беттегі 3-тапсырма. Дулат Исабековтың сөзін оқып, 1 оқушы оны айтады, 1 оқушы бірінші сөйлемді сөз құрамына ауызша талдайды, ал бір оқушы мәтін кімге арналып айтылғанын айтады.	
3-әрекет. Ой толғаныс. 7мин (1, 2, 3, 4, 5, 6, 7-модульдер). Әр топ алдындағы қағазға теледидарды көруге байланысты ережелер құрады, оны 1 оқушы қорғайды.	
V. Жаңа сабақты қорытындылау. 4-әрекет. Миға шабуыл. 7мин (1, 2, 3, 4, 6, 7-модульдер). Блиц-турнир: 1.«Қазақстан» телеарнасы эфирге қай жылы шықты? (1958 жылы 8 наурыз). 2. Бүкіл дүниежүзілік теледидар күні қай күн? (21 қараша). 3. 1967 жылы Алматыда қандай станса іске қосылды? (Орбита). 4. Алматыдағы телевизия мұнарасы қайда орналасқан? (Көктөбеде). 5. «КТК» телеарнасы қай жылдан бастап жұмыс істейді? (1991 ж.) 6. «31 арна» қай жылы қосылды? (1998 ж. 12 сәуір). 7. «Хабар» арнасы қай жылдан бастап жұмыс істейді? (1995 ж.). 8. 1946 жылы қай елде теледидар хабарларын тарату басталды? (Англия). 9. «Бетпе-бет» бағдарламасы қай арнада көрсетіледі? («Хабар» арнасы)	
VI. Үй тапсырмасы: 1) 4 топ өздерінің алған мәтіндерін көшіріп жазып, оларға синтаксистік талдау жасайды; 2) 164-беттегі 1-тапсырма бойынша таблицаны толтырып келеді.	

VII. Сабақтың бағалау кезеңі: (Өзін-өзі бағалау, 3,7-модуль). Бағалау компьютер бойынша жүргізіледі. (2 мин)

Оқушының аты-жөні	1-әрекет (үй жұмысы) 5 ұпай	2-әрекет 5 ұпай	3-әрекет 5 ұпай	4-әрекет 5 ұпай	Қорытынды

«5» - 18-20, «4» - 15-17, «3» - 11-14, «2» - 1-10.

VIII. Рефлексия кезеңі: (1, 2, 6-модульдер) Компьютерде толтырылады. (2 мин). 1. Сабақ не туралы болды? 2. Бүгінгі сабақ саған ұнады ма? 3. Бұл сабақ қаншалықты қиын болды? 4. Бүгінгі сабақтан не үйрендің?



Гүлмира ГАБДУЛЛИНА,
Қостанай облысының
Қостанай қаласындағы
№19 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.


СӨЗЖАСАМ

Сабақтың мақсаты: сөзжасам туралы мағлұмат беру.
Міндеттері: білімділік – сөзжасамның жасалу жолдарынан алған білімдерін пысықтау, мысалдар арқылы дәлелдей білуге үйрету; **дамытушылық** – алған білімдерін кеңейтіп, жаңа дағдысын қалыптастыру, өз бетінше сөзжасамның жасалу жолдарын ажырата білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – оқушыларды тілдік-эстетикалық сезімге тәрбиелеу. **Типі:** жаңа білімді меңгеру, игерілген білімді пысықтау. **Түрі:** түрлендірілген аралас сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, сын-тұрғысынан ойлау технологиясының элементтері (семантикалық карта, Инсерт кестесі). **Пәнаралық байланыс:** информатика. **Көрнекіліктер:** слайд, сызбалар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: сынып кезекшісімен жұмыс, өтілетін сабақ тақырыбы, мақсат-міндеттерімен таныстыру.

2. Үй тапсырмасын нысықтау. 1-слайд. «Ой шақыру стратегиясына» ілінген шеңбер



Қималар бойынша сұрақтарға жауап береді. Шеңбердегі сұрақтар: 1. Екпін дегеніміз не? 2. Екпін нешеге бөлінеді? 3. Сөз екпіні дегеніміз не? 4. Ой екпіні дегеніміз не? 5. Тіркек екпіні дегеніміз не? 6. Тіл туралы үш мақал.

III. Жаңа сабақ: Бүгін сабақта біз сөзжасам және оның жасалу жолдарымен танысамыз.



IV. Оқулықпен жұмыс: 355-жаттығу. Мына сөздердің қайсысы түбір, қайсысы жаңа мағынаға ие болған туынды сөз

екенін айтындар. Жер, жер серігі, бұлт, кемпірқосақ, күн, күн сәулесі, аспан, көкжиек, жұмыс, жұмысшы, жұрт, ағайын-жұрт, жер-көк, тау-тас.

V. Жаңа сабақты меңгеру. 3-слайд.

1-семантикалық карта.

Мысалдар	Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөз	Екі сөзді біріктіру арқылы жасалған туынды сөз	Екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған туынды сөз	Екі сөзді тіркестіру арқылы жасалған туынды сөз	Лексикалық жолмен жасалған туынды сөз
Бүркітші Бүгін Арам шөп, арам тамақ Үлкен үй Білім Баспасөз Жүзбе-жүз Жер серігі	+	+	+	+	+

2-семантикалық карта.

Мысалдар	Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөз	Екі сөзді біріктіру арқылы жасалған туынды сөз	Екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған туынды сөз	Екі сөзді тіркестіру арқылы жасалған туынды сөз	Лексикалық жолмен жасалған туынды сөз
Түсім Еңбеккүн Қарама-қарсы Суық су, суық хабар Ұшқыш Күн сәулесі Қолбасшы Көзбе-көз	+	+	+	+	+

VI. Бекіту: Суретпен жұмыс (4-слайд). 1. Суретші, биші, күйші (жұрнақ арқылы). 2. Атжарыс (екі сөзді біріктіру арқылы). 3. Ыдыс-аяқ (Қосарлану арқылы). 4. Күн сәулесі

(тіркесу арқылы). 5. 1) Жаз мезгілінің суреті; 2) Жазу жазып отырған баланың суреті (лексикалық жолмен жасалған).

VII. Бекіту: Қорытынды: 5-слайд. Сабағымызда қолданатын келесі әдіс – ИНСЕРТ, яғни, түртіп алу стратегиясы арқылы бүгінгі сабақта не білдік және бұл сабаққа дейін не білгенмін деген сұрақтарға жауап бере отырып сабағымызды қорытындылаймыз.

Инсерт кестесі		
Білетінім	Мен үшін жаңалық	Мені таң қалдырады «?»

VIII. Үй тапсырмасы: 6-слайд.

1. Өткен тақырып бойынша сөзжұмбақ құрастырып келу.
2. 359-жаттығу.



Айгүл СУРАҒАНҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Петропавл қаласындағы
Бірінші қалалық жалпы
білім беретін лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылар Қазақстан қалалары туралы білім алады, сыни тұрғыдан ойлау арқылы логикалық ойлаулары дамиды; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісі, сөздік қорлары, ауызекі сөйлеу дағдылары дамиды; **тәрбиелік** – туған жерге, елге деген сүйіспеншіліктері артады. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдер:** СТО, сұрақ-жауап, тыңдалым, айтылым, жазылым, сұхбат, «Инсерт» стратегиясы. **Көрнекілігі:** теледидар, слайдтар, бағалау парақшасы, оқулық, рефлексия, кәртішке.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Сабақтың психологиялық ахуалын қалыптастыру.

- Сәлеметсіздер ме, бүгінгі сабағымызға қонақтар келді.

- Бүгінгі сабағымызды тренингтен бастайық. Бір-біріне қарап, күлкі сыйлап, жылы, әдемі сөздер айтыңыздаршы.

- Міне, бір-бірлеріңе жақсы, жағымды сөздер тіледіңдер, ал мен сендерге бүгінгі сабақта сәттілік және сабақтың әр кезеңінде жұмыс істеу арқылы көбірек баға алуларыңа тілектеспін! Сендердің формативтік бағаларың мына кестеде белгіленеді.

№	Оқушының аты-жөні	Конверт сұрақ	Тест	Мәтінмен жұмыс	1-тап.	2-тап.	Жалпы баға
1	Галкина Ю.						
2	Гарматюк К.						
3	Ерохина М.						

II. «Миға шабуыл» әдісі.

-Үйге қандай тапсырма берілді?

«Конверт сұрақ» әдісі арқылы үй жұмысын тексеру.

Оқушыларға конверттер таратылады, ішіндегі сұрақтарды оқып, жауап береді. Дұрыс жауапқа бір ұпайдан алады. Жай сөйлемді бекіту мақсатында мына тест сұрақтарына жауап берейік (оқушылар жауап береді, бір-бірін тексеріп бағалайды).

III. Жаңа сабақ. Ой қозғау. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын білу үшін мына диалогке назар аударыңдар.

Слайд (екі оқушының диалогі тыңдалады)

- Диалогтен не түсіндіңдер? (оқушылар диалогтен не түсінгендері туралы айтады)

- Жақсы, ал осы Богдан мен Владты қалай бағалайсыңдар? (Богдан мен Владқа формативтік баға береді)

- Жақсы, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай?

Сабағымыздың мақсатын сабақтың соңында өздерің алып шығасыңдар. Дәптерімізді ашамыз, бүгінгі күнді, сабақтың тақырыбын жазамыз. А) Оқулықта берілген жаңа сөздермен танысамыз, оқимыз,сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырамыз. Ә) Мәтінмен жұмыс. 110-беттегі «Қазақстан

қалалары» мәтінін алма-кезек әдісі бойынша оқимыз. «Инсерт» стратегиясы бойынша талдаймыз. 1. «V» білемін. 2. «-» - басқаша ойлағанмын. 3.«+» - мен үшін жаңа білім. 4. «?» - мені таңқалдырды.

Б) Топпен жұмыс. 1-қатар мәтіннің мазмұнын әңгімелейді. 2-қатар мәтін бойынша диалог құрастырады. 3-қатар мәтінге жоспар құрастырады. Оқушыларға уақыт беріледі, уақыт аяқталғаннан кейін әр қатардың жауаптары тыңдалып, оқушылар бір-біріне формативтік баға береді.

В) Картамен жұмыс. Бір оқушы тақтаға шығып, Қазақстанның қалаларын картадан көрсетіп әңгімелейді.

Сергіту сәті. (Менің қолымда үш сурет бар, бір оқушы шығып сурет таңдайды және таңдаған суреті бойынша 7 сұрақ қояды, қалған оқушылар жауап береді).

IV. Тапсырмалар орындау. 1-тапсырма (мәтіннен әр қатар бір жай сөйлем таңдап алып синтаксистік талдау жасайды, бір оқушы тақтада орындайды). **2-тапсырма** (әр оқушыға көршіше беріледі, көршішедегі сөздерді құрамына қарай талдайды)

Сабақтың мақсатын шығару. - Бүгінгі сабақта біз не істедік? Бір-бірлеріне сұрақтар қою арқылы жауап береді.

V. Сабақты бекіту. Кесте толтырады, бір-екі оқушының жауаптары тыңдалады:

Білемін	Білім	Білім келеді

VI. Үйге тапсырма: Сабақта құрастырылған жоспарды пайдаланып, мәтінді мазмұндайсындар.

VII. Бағалау. Кестеге назар аударамыз, сабақтың кезеңдерінде алған формативтік бағаларыңды мен суммативтік бағаға айналдырамын.

VIII. Рефлексия. Оқушыларға стикерлер беріледі, сабақтың соңындағы әсерлерін стикерге жазып плакатқа жабыстырады. Және қонақтарға да стикерлер беріледі, сабақ туралы ойлары мен тілектерін стикерге жазып, есіктегі алма ағашына жабыстырады.

Нұрғұл ҚАЙДАРОВА,
№1 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Риддер қаласы.

АСХАНА

(5-сынып)

Жұмыс құралдары:	Түрлі-түсті шарлар, бауырсақ, түрлі суреттер, презентация, әуендер, плакаттар, маркерлер, қайшы, желім.
Сабақ барысы:	

	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Түрткі тапсырма	Талаптары	Ұ. формасы	Күтілетін нәтиже	Бағалау
Ұйымдастыру кезеңі	А) Жайлы психологиялық орта қалыптастырады (оқушыларға сары, қызыл, жасыл шарлар таратады) - Балалар, Сіздерді келе жатқан Наурыз мейрамымен құттықтай отырып, сіздерге шарлар сыйлағым келеді. Мына шарларды алып, түсіне қарай үстелдерге орналасыңыздар. Ә) Оқушыларға өзара рөлдерді бөліп алуды ұсынады.	Қалаған шарын алады. Шар түсіне қарай топ-топқа бөлініп отырады. Оқушылар өзара көшбасшыны, таймерді, суретшіні, спикерді белгілейді.					
Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	А) Мұғалім оқушылардың назарына бауырсақты ұсынады. -Балалар, мына табақтарға назар аударыңыздар! Нені көріп отырсыздар? - Сіздер тамақтардан нені жақсы көресіздер? - Тамақты қайда дайындайды? - Сонымен бүгінгі сабағымыздың тақырыбы ... Б) Иә, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Мектеп асханасы», біз бұл тақырып бойынша нені білеміз, нені білуіміз	Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. «Мектеп асханасы». Оқушылар сабақтың мақсат-міндеттерін анықтайды.	Бауырсақ, жетелеу сұрақтары.	Сұрақтарға жауап беру арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын анықтау.	Жеке	Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтайды.	Өзін-өзі бағалау.

	керек соны анықтап алайық. Мұғалім сабақтың мақсат-міндеттерін анықтайды.							
<u>Білу</u> Суреттерді топтастыру арқылы сөздердің қазакша баламасын естеріне түсіру. Бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.	Мұғалім түрткі тапсырма береді - Мен әр топқа суреттер тарағамын, сіздер бұл суреттерді топтастырыңыздар, бірінші топ орыс тағамдарын топтастырады, екінші топ казак тағамдарын топтастырады, үшінші топ өзбек халқының тағамдарын топтастырады. Мерекелік тағамдарды да атап кету қажет. Мұғалім бақылайды, түрткі береді, оқушылардың жауаптарын тыңдайды. - Таға қандай ұлттық тағамдарды атай аласыздар?	Суреттерді қалыптастырады. Ортаға шығып өз пікірлерін дәлелдейді.	Қазак, орыс, өзбек халықтары тағамдарының суреттерін топтастыру, дәлелдеу.	5 минут ішінде суреттерді топтастыру, өз ойларын ортаға салу.	топтық	Оқушылар ұлттық тағамдар тақырыбы төңірегінде ойланп, өз ойларын білдіреді, сөздердің казакша баламасын еске түсіреді.	Өзін-өзі бағалау	
<u>Түсіну</u> Ұлттық тағамдар жайлы білімдерін толықтыру арқылы аударып, түсіну дағдыларын қалыптастыру.	Мұғалім алдын ала тапсырма берген оқушыны ортаға шақырады. -Ал Ярославна казак халқының тарихынан біраз ақпарат дайындап келді, мұқият тыңдап алайық. -Такой большой материал Ярославна попробовала перевести в нескольких предложениях. -Мәтінде білмейтін сөздер бар ма? Сөздікпен жұмыс жасату. -Ярославна дайындаған материал пайдалы болды ма?	Ярославна ортаға шығып «Қазак халқының ұлттық тағамдары тарихынан» орысша мәлімет береді. Аударған 5 -6 сөйлемін оқиды. Білмейтін сөздерін аударып, сөздікке жазады.	Үздік оқитына алдын ала берілген тапсырма.	Орысша казак халқының ұлттық тағамдары тарихынан мәлімет беру. 5-6 сөйлем казакша аударып, жаңа сөздермен таныстыру.	жеке	Оқушылар казак халқының тағамдарының тарихымен танысады, сөздік қоры молая түседі.	Бірін-бірі бағалау	
<u>Сергіту сәті</u>	- Балалар, шаршаған боларсыздар. Олай болса, барлығымыз орнымыздан тұрып, сергіту сәтін жасайық.	Теледидарға қарап, балалардың қимылдарын қайталайды.	«Қызыл өрік»					
<u>Қолдану</u> Зерттеушілік	- Балалар, енді асханада не жайлы сөйлесетінімізді есімізге түсіріп, сұхбат	Оқушылар шағын топтарда	«Асханада» тақы-	7-8 сөйлем-	жүппен	Өз беттерінше	Бірін-бірі баға-	

әңгіме арқылы ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту.	құрып жіберейік. Қазір жұппен жұмыс жасайтын боламыз, осы тірек сөздерді пайдаланып диалог құрып жіберіңіздер. - Асханада диалог кімдер арасында болуы мүмкін? - Иә, дұрыс, аспаз бен оқушы арасында, оқушы мен оқушы арасындағы әңгімені сахналандырыңыздар. 10 минут уақыт беремін.	жұмыс жасайды. «Асханада» құрып, сахналандырады.	рыбына диалог құру.	нен тұратын сұхбат құру, сахналандыру.		ізденеді, сөздікпен пайдаланады, ортаға шығып аударды.	лайды.
Талдау. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, білімдерін толықтыру, зерделеу және талқылау мақсатында басқа оқушылардың жұмыстарын бағалау.	- Қазір бір-біріміздің жұмыстарымызды бағалаймыз. Сіздерге сыныптастарыңыздың сахналық көріністері ұнаған болса, қызыл жұлдызша, ұсыныстарыңыз бен тілектеріңіз беру арқылы бағаланыңыздар.	Сыныптастарының диалогтарын талдайды, пікір білдіреді	Сахналық көріністі талдау арқылы бірін-бірі бағалау.	Сыныптасының жұмысы бойынша ой-пікірлерін білдіру.	топтық	Сыныптарына талап қою арқылы өздігінен ізденуді, қалай оқуды үйренеді.	Түзетулерді орындау.
Жинақтау. Түрткі тапсырма арқылы ойларын жинақтату, ауызекі сөйлеу тілін дамыту.	Түрткі тапсырма береді. Балалар, енді «Мектеп асханасы» тақырыбына топпен кластер жасап жіберіңіздер. 10 минут уақыт беремін. Оқушыларды , топтарды бақылайды, жетелеу сұрақтарын қояды.	Бөлінген рөлдері бойынша топпен бірлесіп, кластер жасайды, оны тақтаға шығып қорғайды.	«Мектеп асханасы» кластер жасау.	10 минут ішінде «Асхана» тақырыбына кластер жасау, қорғау.	топтық	Өз беттерінше ізденеді, сөздікті пайдаланып, сөйлемдер құрайды, кластер жасайды, өз ойларын ортаға салады.	Бірін-бірі бағалау.
Бағалау. Өзін-өзі және әріптесін бағалай білуге баулу.	Мұғалім өзін-өзі бағалау парағын тарағайды: -Мен сіздерге өзін-өзі бағалау парағын беремін, соны толтырып жіберіңіздер.	Өзін-өзі бағалау парағын толтырады.	Өзін-өзі бағалау парағы.	Түсінгендерін, ұқпандарын, ұсынстарын жазды, сабаққа қатысты өз ойларын білдіреді.	жеке	Кері байланыс жасалады.	Өзін-өзі бағалау.
	- Көктем белгісі не? - Мына далада көктем болу үшін не жетпейді? - Иә, қызғалдақтар жетпейді. - Еңдеше, балалар, әдемі гүл гана емес, әдемі тілектерімізді айтып, әдемі дала жасайық! - Алдарыңызда жатқан қызғалдақтарға не ұнады, нені білгендеріңіз жөнінде жазып, Көктемді гүлге толтырайық.	Оқушылар сабаққа қатысты өздерінің ой-пікірлерін жазды, оқиды. Көктем пейзажын гүлге толтырады.	«Екі жұлдыз, бір тілек»				

Жарқынай ЕРМАХАНОВА,
Алматы сервистік қызмет
көрсету колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы.

МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШ

(Мұқағали Мақатаевқа арналған әдеби-лирикалық кеш)

Мақсаты: Мұқағали жырларын оқырман қауымға кеңінен насихаттау. **Міндеттері:** **білімділік** – студенттерді ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың бай шығармашылық дүниесімен таныстыра отырып, поэзия нәрімен сусындату; **дамытушылық** – өлең-жырларды нақышына келтіріп жатқа оқу, өлеңді өміріне серік еткен ақынға еліктеп ақынжанды болып өсуіне кең жол ашу, рухани танымын кеңейту; **тәрбиелік** – Отанды, туған жерді сүйуге, поэзияны сүйе отырып, сұлулық пен махаббатты тануға, адамгершілік пен мейірімділік қасиеттерін өз бойларына сіңіре білуге тәрбиелеу.

Оқытушы: - Құрметті кеш қонақтары! Бүгінгі кешімізді поэзияның жарық жұлдыздарының бірі – Мұқағали Мақатаевқа арнаймыз. Оның өлеңдері оқырманның жүрегіне жол салып, жанды баурап әкететін нәзіктігімен құнды. Әрбір жүректің лүпілін, әрбір жүректің дүрсілін жырға қосқан Мұқағали поэзиясына мәңгі ғашықпыз. Оның жырларына кәрі мен жас та, мұғалім мен оқушы да ынтық. Барша қазақ Мұқағалиын аңсайды, Мұқағалиын сағынады. Олай болса, сағынған жүректер ақын жырларын тыңдап, бір серпіліп қалсын.

(Мұқағалидың өлеңі оқылады. Сахнаға Мұқағали жырларына ғашық ару жүгіріп шығып, Мұқағалиды іздейді де сахнадан шығып кетеді.)

1-жүргізуші: - Армысыздар, ағайын! Құрметті қонақтар мен жыр сүйер қауым! «Мәңгілік сағыныш» атты әдеби-лирикалық кешімізге қош келдіңіздер!

Мұқағали өр ақын, қыран ақын,
Артында қалдырған көп ұлағатын.
Хан тәңірдің ерке өскен мұзбалағы,
Өшпек емес өмірден бірақ атың.

Бүгінгі кешіміз қазақтың қара өлеңін кие тұтып, жауһар жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген М.Мақатаевқа арналады.

2-жүгізуші: - Жүрек лүпілі мен сезім құдіретінен нәр алған өлеңдеріне барша қазақ ғашық. Олай болса, сөзді ақынның сан қырлы поэзиясына ғашық студенттерге берейік.

«Арыз жазып кетейін». Асанбаев Мұңалбек.

«Автограф». Кабибала Мәди.

«Саржайлау» әні. Мұрат ағай.

2-жүргізуші: - Ақын түс көрді. Түсінде «Шешем басында ақ жаулығы бар, Абай ағамыздың қасынан қуана басып, маған күліп келе жатыр. Ояна келсем түсім екен. Анам бақытты болады екен деп, ұзақ толғаныстан соң «Шеше, сен бақыттысың» деген өлең жолдары дүниеге келеді.

«Шеше, сен бақыттысың». Майлыбаева Жанар.

«Ұлыма». Ділдагүл Манаповна.

1-жүргізуші: - Мұқағали өлеңдерін сөзбен емес, жүреппен жазған. Ең бастысы оның шығармаларын оқып отырып армандайсың, ақын сөзі өз сөзің, өз сезімің сияқты болады.

«Моцарт. Жан азасы». Ермаханова Жарқынай.

«Ей, өмір». Ануарбек Дәурен.

2-жүргізуші: - Қара саздың қыран ұлы, жыр дүлділі Мұқағали ақынның өлеңдері ән әлемінде қалықтағалы қашан. Ендігі кезекті сол әсем әндерге берсек. Дәурен мен Бексұлтанның орындауында «Сенің көзің» әнін қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: - Мұқағали – махаббат жыршысы. Мұқағалидың махаббат тақырыбына молынан қалам тартқаны белгілі. Ол ғашықтықты асқақтата, қиялдата жырлайды.

2- жүргізуші: - Махаббат демекші, Диас, сен ғашық болып көргенсің бе?

1-жүргізуші: - Иә, ол сезім менің де басымнан өткен. Әттең, бірақ, жауапсыз махаббат...

«Шәмілге жазған хаттардан». Бұрханов Мадияр.

«Махаббат диалогы». Диас, Гауһар.

1-жүргізуші: - «Ақын болу-міндет емес, азамат болу парызың» - деген ғой ұлылар. Мұқағали ақын болумен қатар азамат бола білді. Туған елге, туған жерге, халқына, Отанына деген махаббат сезімі ақын ретінде оның басты тақырыбы болды.

«Қазақстан». Айдана. «Түнгі Алматы». Сыдықова Майгүл.

1-жүргізуші:

- Өлең деген тумайды жайшылықта,

Өлең деген тулайды қайшылықта.

Ақын болсаң, жарқыным, алысқа аттан,

Күнделікті тірлікке бой суытпа,- деп дарынды ақынымыз жырлағандай өлеңдері көркем қуатымен, еркелігімен халқының жүрегіне жол тауып жатты.

«Соқ, жүрек». Ұзақбаева Ақжарқын. «Арулар». Фазиз Аңсар.
«Шыда, шыда». Қабылқанова Гүлім. «Есіңе мені алғайсың» әні.
Шамсурина Р.А.

(Сахнаға Мұқағалиды іздеген ару шығады).

Ару: - Білем саған жете алман, ғарыштасың,

Белгілі мәңгілікке табыспасым.

Дерт те емес, күйік те емес, жар да емессің,

Сен маған сағыныш боп жабысқансың.

«Күрең күз» әні. Еркебұлан.

Оқытушы: - Жылдар өтер... Әлі небір ақындар дүниеге келер. «Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев, Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім» деп өзі айтып кеткендей Мұқағали поэзиясы мәңгілік жасай бермек. Жүрегі бар адамның сезімін селт еткізетін жырлары болашақ ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Осымен ақын рухына арналған шығармашылық кешіміз аяқталды.

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,
№1 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Бурабай ауданы,
Щучинск қаласы.

ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР

(8-сынып)

Түсінік хат

Қазіргі таңда оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сыныптағы дарынды және талантты оқушыларға білім беруде деңгейлік тапсырмаларды сабаққа пайдалануға болады. Орыс тілді сыныптарда қазақ тілінен білім берудің негізгі мақсаты – қазақ тілін түсініп, оқып және өз ойын жеткізе білу, сондықтан оқушыларға жас ерекшеліктеріне байланысты, қабілетіне байланысты деңгейлік тапсырмалар құрастырдым.

Жеке тұлғаның өздігінен жетілуі, оқушылардың білім стандартын меңгеруі, есте сақтау дағдыларын қалыптастыруы, сөйтіп жеке іскерлігін дамыту үшін, профессор Ж.А.Қараевтың «Педагогикалық оқыту технологиясы» еңбегін пайдаланып, 8-сынып оқушыларына әр деңгейдегі модульдік тапсырмаларды ұсынып отырмын.

Әр деңгейдегі модульдік тапсырмалар оқушылардың өткен тақырыптарды қаншалықты меңгергенін тексеру мақсатында пайдаланылады. Бұл оқушылардың сапалы білім алып, меңгерген білімін, дағдыларын іс жүзінде пайдалана білуге, жүктемені өздігінен орындап, қорытынды жасауға дағдыландырады.

Әр деңгейлі тапсырмаларды іріктеу кезінде оқушылардың білім деңгейі ескеріледі. Оқушыларды сабаққа қызықтыру үшін, тапсырмаларды мүмкіндігінше түрлендіріп, «Төменнен жоғары қарай» қағидасы бойынша 4 деңгейге бөліп беріп отырмын. Тапсырмалар 15-20 минут аралығында орындалуы тиіс.

I. Отбасы сыйластығы

1-деңгей. «Ата-әке-бала» мәтінін мәнерлеп оқу, аудару, сұхбат құрастыру.

2-деңгей. 1. Мәтіннен тірек сөздерді табу.

2. Мына сөздерді сөз құрамына талда: ұрпақтан, отбасының, немерелеріне, мүшелерінің, әкеге, балаларын.

2. Тест сынақ.

1. Қазақ отбасы неден тұрады?

а) құрметті адамдардан; ә) ата, әже, әке, ана, бала;

б) туыстардан;

2. Отбасының ең құрметті адамдары:

а) ана, әке; ә) ата, әже; б) аға, тәте;

3. Отбасының басшысы, асыраушысы, қамқоршысы кім?

а) ана; ә) әже, ата; б) әке;

4. Отбасының беріктігін сақтаушы кім?

а) аға, тәте; ә) ата; б) ана;

5. Отбасының ең үлкен байлығы не?

а) алтын; ә) бала; б) ата-ана;

3-деңгей:

1. Берілген мәтіннің мазмұнын айт.

2. Мына сөздермен құрмалас сөйлем құрастыр: ұрпақ, мәртебе, ақылшысы, ағайын;

4-деңгей:

1. Отбасы – сыйластық ортасы. Шығарма жазу.

II. Отан туралы

I деңгей. 1. «Отан – сенің ата-анаң» атты өлеңді мәнерлеп оқу, төл дыбыстарды орфоэпияға сай айту. 2. Мына сөздерді сөз құрамына талда: досың, бауырың, халқың, елің;

II деңгей. 1. «Отан – сенің ата-анаң» өлеңі бойынша сұхбат құрастыру. 2. Төмендегі фразеологизмдерді қолданып, сөйлем құрап жазыңдар.

Қас-қаққанша –

Қоян жүрек –

Жүрек жұтқан –

Бетінен оты шығу –

III деңгей. Тест тапсырмасы.

1. Құрмалас сөйлем.

1. Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемнен қандай ерекшеліктері бар? Атап беріңдер.

а); ә) ...; б);

2. Құрмалас сөйлемнің қандай түрлері бар?

а) ...; ә) ...; б);

3. Берілген сөйлемнен құрмалас сөйлемді белгілеңдер.

А) Күн шықты, мал өріске кетті.

Ә) Күн шыққан соң, мал өріске кетті.

Б) Үскірік. Аяз, айнала тып-тыныш.

4. Берілген құрмалас сөйлемдерден тыныс белгісі дұрыс қойылғанын көрсетіңдер.

а) Жаңбыр да, жауды, жер де көгерді.

ә) Қайсар, қалаға барып, көп өзгеріп келді.

б) Бізге дұрыс бағыт беріп, жол көрсетіп отырса болды.

5. Себеп-салдар салаласты белгілеңдер.

а) Жел дауылды шақырады, бұлт жауынды шақырады.

ә) Мен оны қарсы алып, айтқан жеріне шығарып салдым.

б) Мен білгенім жоқ, сондықтан қателескен екенмін.

2. Берілген сөздердің мағынасын басқа сөздермен түсіндіріңдер.

Жоғарғы қасиет, өскен жерін, туған ұлтын, отанышыл.

IV деңгей.

1. «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбына шығарма жазу.

(Жалғасы бар).

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 06.03.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 905. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№3, 2015 ж., 144 бет, Алматы.